

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті

ӘОЖ-378.016:811.111.42

Қолжазба құқығында

ХАЛЕЛ АГНУР

**БОЛАШАҚ ДИПЛОМАТТАРДЫҢ ШЕТТІЛДІК МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ
КОММУНИКАТИВТІК ДИСКУРСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
п. ғ.д., профессор
Жайтапова А.А

п. ғ.д., профессор
Ышыл Алтун.
(Қожаелі, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ.....	6
1 БОЛАШАҚ ДИПЛОМАТТАРДЫҢ ШЕТТІЛДІК МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ДИСКУРСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	13
1.1 Дипломат мамандардың қызметіндегі шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсына қойылатын кәсіби талаптары.....	13
1.2 Дипломаттардың «мәдениетаралық коммуникативтік дискурс» ұғымының мәні және оның мағынасы.....	22
1.3 Шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың лингводидактикалық ерекшеліктері	30
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	40
2 БОЛАШАҚ ДИПЛОМАТТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ДИСКУРСЫН ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	42
2.1 Болашақ дипломат мамандарының мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың моделі.....	42
2.2 Болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру технологиясы	56
2.3 Шетел тілін оқытуда мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың оқу-әдістемелік тапсырмалар жиынтығы.....	65
Екінші бөлім бойынша тұжырым	81
3 БОЛАШАҚ ДИПЛОМАТТАРДЫҢ ШЕТТІЛДІК МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ДИСКУРСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС.....	87
3.1 Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру.....	85
3.2 Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізу	94
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесін талдау	105
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	112
ҚОРЫТЫНДЫ.....	115
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	119
ҚОСЫМШАЛАР.....	128

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылған:

Білім - жүйелендірілген білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру, дүниетанымы мен танымдық үдерістерді тұлғаның іс-әрекет тәсілдерін игеруі арқылы қалыптастырудың нәтижесі.

Білім беру – тұлғаның физикалық және рухани тұрғыда қалыптасуының бірегей үдерісі, қоғамдық санада әлеуметтік тарихи бекіп қалған эталондарға бағдарланған әлеуметтену үдерісі.

Интеграция (лат. *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру, *integer* – тұтас, бүтін) – тұлғалардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-әрекеттерін тереңдету.

Құзыреттілік - тұлғаның бойындағы құзыреттерге сүйене отырып, іс-әрекет етуге, білім берушілік, кәсіби мәселелерді шешудегі күрделі интегративтік қабілет.

Қарым-қатынас – тұлғалар арасында бірлескен іс- әрекетті орнататын күрделі процесс.

Дискурс – коммуниканттардың сөз жағдаятын ескере отырып шынайы өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік, аялық білімін, прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы коммуникативтік мақсатқа орай өз тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйелер арқылы тілге көшіруі, диалогқа түсу әрекеті.

Саяси дискурс – саяси іс-әрекеттің вербалданған жиынтығы.

Саяси коммуникация – өзара келісімге келу мақсатындағы ақпарат алмасу.

Саяси тілдік тұлға – бұқара жұртты өзінің сөзі арқылы басқара алатын, үгіт-насихат жүргізетін, ақпаратты өз арнасына қолайлы етіп қалың бұқара алдында ойын және сөзін жеткізе алатын маман.

Иерархия – әрбір деңгей жоғары және төменгі деңгейге қатаң сәйкес келетін реттілік.

Дипломатия – түкімет органдары, оның шет елдердегі өкілдері мен сенімді тұлғалары арқылы жүзеге асыратын мемлекеттің есіртқы ітсаяси міндеттерін орындау туралы әрекет.

Дипломатиялық тіл - ресми дипломатиялық қатынастар орнататын тіл. **Дипломатиялық қатынастар** – халықаралық құқық нормалары мен халықаралық қарым-қатынастар тәжірибесіне сәйкес мемлекеттер арасындағы ресми қатынастарды қамтамасыз етудің негізгі формасы.

Мәдениет – тұлғаның қоғамдық тіршілік иесі ретінде дамуына тікелей қатысты материалды және рухани өндіріс процестерінде жасаған құндылықтарының жүйесі.

Мәдениеттер диалогы – әр түрлі мәдениет өкілдерінің бір-бірінің мәдениетін зерттеу арқылы қарым-қатынасы.

Мәдениетаралық қарым-қатынас — әр түрлі мәдениеттерге жататын жеке адамдар мен топтардың арасындағы қарым-қатынастардың түрлі формаларының жиынтығы.

Мәдениетаралық құзыреттілік — мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісінде жеке тұлғаларға қарым-қатынастық жағдайдың әсерін бағалауға, вербальді және вербальді емес құралдарды тиімді пайдалануға, коммуникативтік ниеттерді іс жүзінде жүзеге асыруға және кері байланыс арқылы байланыс нәтижелерін тексеруге мүмкіндік беретін білім мен дағдылар жиынтығы.

Толеранттық - сан түрлі мәдениеттің барлығын, өз ойын білдіру мен адами даралықты көрсету түрлерін дұрыс түсіну.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЕҚЫҰ	Еуропаның Қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымы
ЮНЕСКО	білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЖОО	жоғарғы оқу орны
ҚР	Қазақстан Республикасы
Лат	латын сөзі
Ж.	жыл
ғ.ғ	ғасырлар
Т.б	тағы басқалары
ОӘК	оқу-әдістемелік кешен
ОКТ	оқытудың компьютерлік технологиялары
ЭТ	эксперимент тобы
СӨЖ	студенттердің өзіндік жұмысы
СҒЗЖ	студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы
МОӘК	мамандықтың оқу-әдістемелік кешені
ПОӘК	пәннің оқу-әдістемелік кешені
МҚ	мәдениетаралық құзыреттілік
МКҚ	мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік
ҚР СІМ	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
АҚШ	Америка Құрама Штаттары

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті дамыған отыз мемлекеттердің қатарына қосылудағы болашақ мамандардың экономикалық, құқықтық, рухани, мәдени жағынан, оның ішінде құзыретті тұлға ретінде қалыптасуы маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Жаңа әлеуметтік мәдени кеңістіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени-кәсіби қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын, яғни мәдениетаралық құзыретті мамандар даярлауды мақсат етіп қояда.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде: еліміздегі білім және ғылым саласының әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқытуға қол жеткізу мәселесі атап көрсетілген [1].

Бұл жағдай жоғары оқу орындарында оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді.

Еліміздегі білім беру саласын дамытуға арналған мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттар болып саналатын: Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында [2], Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [3], Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында [4] болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін және кәсіби даярлығын дамыту, білім мазмұнын жетілдіру мәселелері басты міндеттер қатарына қойылған.

Кәсіби кадрларды даярлау мәселелері ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басым міндеттерінің бірі болды, бұл келесі нормативті құжаттарда «Қазақстан 2050» Қазақстан 2050 стратегиясы[5] және «Ұлт жоспары-100 нақты қадам» көрініс тапты [6]. Бұл мәселе сондай-ақ Президент Қ. Тоқаевтың күн тәртібінде тұр, ол 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына соңғы Жолдауында «Біз жаңа көзқарастары мен бастамалары бар кәсіби кадрларға аса мұқтажбыз» деп атап өтті [7].

Ел басшылығы мемлекеттік қызметшілерді іріктеудің конкурстық рәсімдерін қолдану, олардың дағдылары мен құзыреттерін дамыту арқылы мемлекеттік қызметті жетілдіру жөнінде нақты міндеттер қойды.

ҚР-ның 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында мемлекеттік жоспарлаудың тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтің кадр құрамының сапасын арттыру туралы басымдық көрсетілген [8].

Яғни, біз қадам басқан ХХІ ғасыр бәсекеге қабілетті маманды талап етуі заңды құбылыс. Осыған орай, қазіргі таңда құзыреттіліктің жаңа компоненттері анықталып, кәсіби бағыттағы негізгі құзыреттіліктер жүйесі толықтырылуда. Болашақ дипломаттарды кәсіби дайындауда оқытудың басты мақсаты – дипломатиялық білім беру ғана емес, қарым-қатынасқа қол жеткізе білуі. Сондықтан оқытушылар болашақ дипломаттарды халықаралық деңгейдегі

түрлі ақпаратпен қаруландырып қана қоймай, сол ақпараттарды логикалық ой елегінен өткізе білу құзыреттіліктерін дамытуға баулуы керек.

2021 жылғы наурызда «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу дипломатиялық қызметті одан әрі дамыту және нығайту қажеттілігін түсінудің, қойылған міндеттерді іске асырудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін заңнамалық нормаларды жетілдірудің көрсеткіші болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың өзектілігіне арқау болып отырған дипломатиялық қатынастардың құрылымы халықаралық сарапшылардың кәсіби дискурсының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Қазақстан мен шет елдердің ортақ ғылыми және білім беру кеңістігін құрайтын интеграциялық процестер әлемнің басқа елдеріндегі әріптестерімен іскерлік, мәдениетаралық және қарым-қатынасқа қатысуға қабілетті әртараптандырылған мамандарға қажеттілікті тудырады.

Әдістемеде болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың түрлі аспектілерін теориялық тұрғыдан қарастыруға ғалымдар да үлкен үлес қосқан.

Зерттеу барысында тіл білімі мен мәдениетаралық құзыреттіліктің когнитивтік лингвистикадағы қазіргі теориялық және әдіснамалық принциптерін В.И.Карасик [9], Е.С.Кубрякова [10], Е.И.Попов [11], В.Е.Чернявская [12] қарастырған; лингводидактикалық және әдістемелік зерттеулер В.П.Фурманова [13], С.Г.Тер-Минасова [14] еңбектерінде зерделенеді; мәдениетаралық құзыреттіліктің қалыптасу мәселелерін әр қырынан қарастырған Г.Хунфельд [15], Н.Смағұловтың [16] еңбектерін айтуға болады.

Шеттілдік білім беруде мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісін қалыптастыру С.С. Құнанбаева [17], А.Т Чакликова [18] еңбектерінде қарастырылса, студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру Т.А. Кульгильдинова [19], О.А. Толпыгинаның [20] еңбектерінде де зерттелген.

Белгілі ғалым Құнанбаева С.С. шеттілдік білім беруде құзыреттілікті қалыптастыруға байланысты үш аспектіні ұсынады: «диалог жаттығулары», «коммуникативтік» және «тілдік құзыреттілік» [17, бб.135-162].

Ондағы «Диалог жаттығулары» қарым-қатынас орнату үшін, қажеттіліктерді түсіну және жеткізу үшін байланыс орната алу қабілеттілігімен анықталады. Дискуссияны ұйымдастыру немесе оған қатысу, диалог құру және көпшілік алдында сөз сөйлеу, тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасқанын көрсетеді. Сонымен қатар, диалог дипломатиялық дискурс қарым-қатынас жағдайын құруға ықпал етеді, мұнда болашақ дипломат дипломатиялық мәтіндерде бекітілген тұрақты сөз тіркестері көмегімен кәсіби қарым-қатынас дағдыларын игереді. Біз зерттеуімізде коммуникативтік құзыреттілікке дипломатия тілі (дипломатиялық дискурс) мен мәдениетаралық қарым-қатынасты біріктіретін интегративті технологияның көмегімен шетел тілі сабақтарында қол жеткізілетін кәсіби қарым-қатынастың тиімділігін көрсетеміз.

Коммуникативтік құзыреттілік тұжырымдамасы көп қырлы және бірнеше ішкі құзыреттіліктерді қамтиды. Біздің зерттеу жұмысымыздың міндеттерінің бірі– дискурстық құзыреттілікті анықтау. Дискурс– күрделі коммуникативті құбылыс, ауызша және жазбаша мәтіндердің жасалуына негізделген (себебі ауызша сөйлеуі құрастырылатын мәтіндердің түрі), сонымен қатар экстралингвистикалық негіздер-оқиға орын алған жерден (яғни коммуникативті аспекті) коммуникацияның этноәлеуметтік негіздерін, мәдениетті қамтиды. «Кәсіби дискурс» – кәсіби ережелерді, лингвистикалық және әлеуметтік салада өзінің кәсіби іс-әрекетін атқарады. Кәсіби дискурс – бұл кәсіби, заңды, лингвистикалық және әлеуметтік салада, маман өзінің кәсіби іс-әрекетін іске асырады, сонымен қатар коммуниканттармен ақпарат алмасады деп Р. Гибсон өз тұжырымдамасын айтады. Жоғарыдағы тұжырымдарды зерттей келе, мәдениетаралық коммуникативтік дискурс саласы бойынша нақты зерттеу жұмыстары өзекті тақырып екендігі анықталды [21].

Кәсіби және шеттілдік дискурстың объектісі, объективті, іс-әрекеттің ішкі және сыртқы құрылымын қосқанда интегративті объектінің болуын анықтайды. Осы тұрғыдан алғанда, дискурс көптеген зерттеулерде интегративті объект ретінде орын алады. Дискурс арқылы кәсіби лингвистикалық тұлға қалыптасады, өйткені, тұлға іс-әрекет субъектісі ретінде әрекет етеді.

Дегенмен, зерделенген ғылыми еңбектерде болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру лингводидактикалық аспекті тұрғысынан арнайы қарастырылмайды. Бұл біз зерттеп отырған мәселенің ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда әлі де болса жеткілікті дәрежеде шешімін таппай отырғандығын дәлелдейді.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда ең алдымен дипломаттардың осы сапаны жетілдіруге дайын болуына тікелей байланысты десек, екіншіден, осы мәселенің арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру бітіруші дипломаттардың аталмыш сапасын дамытуға қажетті теориялық білімдері мен құзыреттіліктерінің жеткіліксіз екендігін көрсетті.

Сонымен, қазіргі қоғамның талаптарына сай болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру теориялық тұрғыда негіздеуімен, оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмауы арасындағы **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетеді:

- жоғары деңгейлі мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты меңгерген кәсіби дипломат мамандарға деген қоғамдық қажеттіліктің артуы және шеттілдік мәдениетаралық дискурсты қалыптастыру ғылымда лингвистикалық бағытында қарастырылғанымен, лингводидактикалық аспекті тұрғысынан толық зерттелмегені;

- дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда арнайы шеттілдік білім беру мақсатымен қамтамасыз ету қажеттілігі және даярлау үдерісінде құрылымдық-мазмұндық моделінің болмауы;

- дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда жоғары оқу орындарының шеттілдік білім беру процесінде жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асырудың әдістемелік негіздерінің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасында.

Мұндай қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру арнайы теориялық-әдістемелік даярлау мәселесін айқындап, зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің нысаны - жоғарғы оқу орындағы шеттілдік білім беру үдерісі.

Зерттеудің пәні - болашақ дипломаттардың кәсіби дайындық жүйесіндегі шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты-болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық-коммуникативті дискурсын қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу, құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау және ғылымға негізделген эксперимент жүзінде тексеріп тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеу гипотезасы: болашақ дипломат мамандардың мәдениетаралық коммуникативті дискурсы тиімді қалыптасады, **егер:** болашақ дипломаттарды кәсіби іс-әрекетін шеттілдік білім беруде қойылатын талаптар және дипломаттардың «мәдениетаралық-коммуникативті дискурс» ұғымының мәні айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылса, **онда** дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативті дискурсын қалыптастырудың лингводидактикалық шарттарына негізделген тапсырмалар мен жаттығулардың тиімділігі артады, **өйткені** оқыту процесі әлеуметтік-мәдени, тұлғалық-іс-әрекеттік, кәсіби дипломатиялық және құзыреттілік (компетентілік) тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

Зерттеудің жетекші идеясы: ЖОО оқыту үдерісінде шеттілдік білім беруде болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру білімі мен біліктері, дағдылары қалыптасқан маман даярлауға септігін тигізіп қана қоймай, халықаралық өзара қарым-қатынасты іске асыра алатын құзыретті маман даярлауға негіз болады.

Зерттеу міндеттері:

- шеттілдік білім беруде болашақ дипломаттарды даярлауда кәсіби іс-әрекетіне қойылатын талаптарды *сипаттау*;

- болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативті дискурс ұғымының мәні мен мағынасын *айқындау*;

-шеттілдік білім беруде болашақ дипломаттардың дипломатиялық дискурсының қалыптасуын лингводидактикалық шарттарын *анықтау*;

- шеттілдік білім беруде болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативті дискурсын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін *дайындау*;

- құрылымдық-мазмұндық модельді тәжірибелік-эксперимент арқылы сынақтан өткізіп, тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін шеттілдік білім беру әдістемесі саласындағы ғалымдардың зерттеулері, болашақ дипломаттарды оқытудағы ғылыми еңбектер, кәсіби іскерлік саласындағы зерттеулер, болашақ дипломат мамандарын даярлаудағы мақсаттары мен күтілетін нәтижесін анықтауға мүмкіндік беретін тұжырымдамалар, интегративті технология теориясы, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалар, оқытудың лингводидактикалық заңдары мен принциптері құрайды.

Ғылыми зерттеу әдістері:

теориялық: зерттеу мәселелері бойынша әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық сонымен қатар әдістемелік еңбектерге талдау жасау, жоғары оқу орнындарында оқу әдістемелік тұжырымдарды саралау (полемика әдісі, тәжірибелік талдау);

эмпирикалық: диагностикалық тестілеу, сауалнама, тренингтер жүргізу, тәжірибе нәтижелерін шығару және мақсат негізінде тәжірибелік экспериментті жасау;

статистикалық: зерттеу нәтижелерін математикалық статистика арқылы нәтижесін шығару;

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

- зерттеуде болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың мәні мен мағынасы ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалды;

- шеттілдік білім беруде болашақ дипломаттарды дайындаудағы кәсіби іс-әрекетінің талаптары айқындалды;

- болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың критерийлері, көрсеткіштері, тәсілдері, принциптері анықталды;

- кәсіби білім беруді жүзеге асыру үшін дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар дайындалады;

- болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда оқу-әдістемелік бағдарламасы құрастырылады;

- зерттеу нәтижелерін болашақ дипломат мамандарды университеттік курстары аясында, дипломатиялық дискурсты қалыптастыруға арналған арнайы курстарда пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Дипломатиялық дискурс - бұл саяси және іскерлік дискурстың интеграциясына негізделген шеттілдік білім берудегі мәдениетаралық қарым-

катынастың бөлігі. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативті дискурсын қалыптастыруда келесі субкомпетенциялар жүзеге асырылады: кәсіби дискурсивті -дипломатиялық, коммуникативтік - аналитикалық және болжамдық-кәсіби.

2. Дипломатиялық дискурсты қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі интегративті принциптер мен технологиялар жүйесінде мақсаттар, міндеттер, мазмұн, компоненттер, кезеңдер, оқыту құралдары, бағалау критерийлері мен көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері мен шарттары жиынтығын көрсететін әлеуметтік-мәдени, тұлғалық-іс-әрекеттік, кәсіби дипломатиялық және құзыреттілік (компетентілік) тәсілдерінен тұрады.

3. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру әдістемесі коммуникативті, танымдық, проблемалық және модульдік оқыту әдістерін қолдана отырып жүзеге асырылатын танымдық, эмоционалды, белсенділік критерийлерін қамтитын дипломатиялық дискурстың қалыптасуының құрылымдық-мазмұндық моделіне негізделген.

4. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативті дискурсын қалыптастыру әдістемесі «Шеттілдік дискурс коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курс» пәнінің оқу бағдарламасында жүзеге асырылатын әлеуметтік-мәдени, тұлғалық-іс-әрекеттік, кәсіби дипломатиялық және құзыреттілік (компетентілік) тәсілдерді басшылыққа ала отырып жасалды, оқыту әдістерінің тиімді формалары ретінде саяси сұхбаттар, полемика, диалог, проблемалық жағдайлар, рөлдік ойындар, эмпатикалық тапсырмалар, т.б. таңдалды.

Зерттеу тақырыбының қарастырылу дәрежесі:

Жеке тұлғаның іс-әрекеті, ойлау қабілеті, кәсіби құзыреттілігі, кәсіби дискурсы, құндылық туралы педагогикалық, психологиялық, философиялық, теориялар мен тұжырымдамалары, білім сапасын арттыру туралы қағидалар болып табылады.

«Дискурс» ұғымы және саяси және іскерлік мәтінді дискурсивті талдау ,дискурстың жанрлары және оның сипаттамалары Ю. Хабермас [22], С.К. Гураль [23], Ю.С. Степанов [24], Г. Нойнер [25], А.А. Жайтапова [26], Б.А.Ахатова [27], Г.Г. Бүркітбаева [28], М. Каплан [29]) зерттеулерінің нысаны болды; шеттілдік білім беру үрдісін жетілдіру мәселесі және оқыту әдістеме бойынша М. Чошанов [30], А.М. Матюшкин [31], К. Вазина [32] еңбектері негіз болды; мәтіннің лингвистикалық сараптамасы: теория және практика бағыты бойынша Т.К. Николаева [33], Е.С. Кубрякова [34], Н.Д. Арутюнованың [35] еңбектерінде қарастырылды; интерактивті технологиялық аспектісін зерттегендер И.А. Зимняя [36], Е.В.Земцова [37], Е.П. Козлова [38], М.Н. Берулава [39], М.М. Жанпейсова [40], К.Ж. Бұзаубақова [41]; мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері А. Вежбицкая [42], Б. Макович [43], Н. Уәли [44], К .Е. Молдабаева [45], З.О. Жанұзақова [46] қомақты үлес қосады; дипломатиялық әрекеттің өзіндік ерекше қасиеттері В.Л. Исраэлян [47], Г. Никольсон [48], Т.А. Кульгилдинованың [19] еңбектері құндылыққа ие.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік базасы:

Тәжірибелік-эксперимент жұмыстар Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ), Шығыстану факультеті, Түріксой кафедрасы «6B0301-Халықаралық қатынастар» мамандығының «Оқитын шығыс елінің дипломатия және этикет тілі (түрік тілі)» пәні бойынша, 4 курс студенттерімен жүргізілді.

Докторанттың жеке үлесі диссертацияда баяндалған және баспа жұмыстарында жарияланған ғылыми нәтижелерден тұрады.

Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелерін апробациялау:

Диссертация нәтижелері автордың 14 ғылыми мақалалары мен баяндамаларында жарияланған: Scopus базасындағы журналдарда 4 мақала, БҒМ БҒСБК тізбесіне кіретін журналдарда 7 ғылыми мақала, халықаралық конференциялар жинақтарында 2 мақала, республикалық конференциялар жинақтарында 1 мақала жарияланған.

1. Түрік және қазақ тілдерінде қолданылатын дипломатиялық терминология мәселелері. Международная научная конференция КазУМОиМЯ им. Абылай хана №4 (24) 2017 г. Дата: 29.10.2017 года. ISBN 978-601-270-269-9, 5 стр. (247-252)
<https://www.google.com/search?q=%D0%9C%D0%B5%D0%B6%D0%B4%D1%83%D0%BD%D0%B0%D1%80%D0%BC.+%>

2. Мәдениетаралық қарым қатынасындағы дискурстық модель және коммуникацияның (МК)теориялық негіздері. Журнал «Актуальные научные исследования в современном мире» 9(41)3.ISSN 2524-0986 26-27.09.2018, 6 стр. (76-82) Переяслав-Хмельницкий. Украина
http://elibrary.ru/title_about.asp?id=58411

3. Дипломаттың кәсіби мәдениетаралық дискурсын қалыптастыру Халықаралық ғылыми журнал, Халықаралық ғылыми журнал, Қазақстанның ғылымы мен өмірі 2019 №9/1 2019, 278-284бб.

4. Мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілік моделі және компоненттері. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің, Хабаршысы, Шығыстану сериясы № 1(88), наурыз, 2019, (231-239бб.)
https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2021/06/vestnik-kaznu.-seriya-vostokovedeniya_2019-88-1.pdf

5. Дискурстың оқу түріндегі субъектінің номинацияларын талдау Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдарының» сериясы, No2(68), 2019ж., 164-168 бб.

6. Digital educational content in foreign language education Баспа Opción, Año 36, Especial No.27(2020) ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. 17 p. (PP.524-541) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205321080>

7. Kültürlerarası Karşılıklı İletişim Modeli ve Bileşenlerin Yararlı İspatlaması Баспа Международная научная конференция Volume 6 - Number. 3 - 2019 ISSN: 2303-5528, 6стр. 79-82) <http://uzbekcorpus.uz/enNashrlar>

8. Diplomatic discourse in cross-cultural dimension Opción, Año 36, Especial No.26 (2020) SSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385, 15 p. (PP. 407-422) <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2>

9. Translation strategies of menacing speech act in political discourse from english into russian Баспа Opción, Año 34, No. 86 (2018) 2477-9385, PP. 336-342 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85059524955&origin=resultslist&sort=plf->

10. Effectiveness of Communicative Learning Technologies in the Formation of Intercultural Communication Discourse of Future Diplomat Specialists Қарағанды университетінің хабаршысы Серия Педагогика № 2(106)/2022.100-107 https://pedagogy.vestnik.ksu.kz/apart/srch/2022_pedagogics_2_106_2022.pdf

11. The effectiveness of a professionally-oriented language course in the formation of a foreign -language intercultural communicative discourse of future diplomats «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). «ҚР ҰҒА хабаршысы» ғылыми журналы Volume 3, Number 397 (2022), 179-191 https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.310_3_397_MAY_JUNE_2022 <https://journals.nauka-nanrk.kz/>

12. Linguodidactic features of formation intercultural communicative discourse in foreign diplomatic Баспа КазУМОиМЯ им. Том 65 № 2 (2022), С.182-195 УДК 378.14:811.512.161.1. МРНТИ 01.68.11 DOI 10.48371/PEDS.2022.65.2.013 <http://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/38>

13. Development of foreign language professionally discursive competence of future diplomats Баспа International Journal of Society, Culture and Language, 2021, 9(2), ISSN 23292210, 10p. PP. 74–84 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0->

14. Формирование структурных компонентов межкультурной-коммуникативной компетенции на основе аналитико –ситуативных технологий Баспа Халықаралық ғылыми журнал, Қазақстанның ғылымы мен өмірі №12/3 (149)2020, 5 358-363бб. <http://is.nkzu.kz/publishings/%7B189D6182-522B-4204->

Зерттеудің негізгі кезеңдері: зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2017-2018жж) зерттеу тақырыбы бойынша материалдар ғылыми тұрғыдан жинақталып, сұрыпталды. Философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерге талдау жасалды. Болашақ дипломаттарға шеттілдік білім беру барысында мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруда нормативтік құжаттар, интерактивті әдістердің тиімділігін анықтайтын мәселенің зерттелу жайы, зерттеудің ғылыми аппараты құрылып, теориялық негіздері анықталды. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында саяси және іскерлік дисткурстарының өзара әрекеттесуі мәдениетаралық дискурстың мәні мен жиынтығы ретінде анықталды. Шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда интегративтік технологияларды қолданудың ерекшеліктері талданып, ғылыми тұрғыда көрсетілді.

Екінші кезеңде (2018-2019 жж). Болашақ дипломаттарды кәсіби оқытудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, критерийлері, көрсеткіштері, деңгейлері «Типовая программа по курсу профессионально-иноязычной подготовки специалистов (Модификационная

разработка ОП 6B03101 – Международные отношения)» арнайы бағдарлама негізінде оқу -әдістемелік бағдарлама дайындалды. Қалыптастыру эксперименті жүзеге асты. Осы бағытта, болашақ дипломаттарға шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруда интегративтік технологияларға негізделген әдістемелік тапсырмалар жиынтығы дайындалды.

Үшінші кезеңде (2019-2020 жж). Болашақ дипломаттарды шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруын даярлау үдерісінде оқу-әдістемелік бағдарлама сараланып, ұсынылып отырған бағдарлама шеттілдік білім беру үдерісінде іске асырылды. Зерттеу мәселелсі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен олардың қортындылары келтірілді. Қорытындыда зерттеу нәтижелері бойынша алынған тұжырымдамалар сипатталды. Қосымшада диссертацияға енбеген, зерттеу барысында пайдаланылған материалдар берілді.

Диссертацияның құрылымы: диссертация кіріспеден, үш тараудан (әрқайсысы үш тараушадан), әр тараудың соңында берілген қортындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 158 бетті құрайды. Әдебиеттер тізімі 147 аталымнан тұрады.

I БОЛАШАҚ ДИПЛОМАТТАРДЫҢ ШЕТТІЛДІК МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ДИСКУРСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Дипломат мамандардың қызметіндегі шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсына қойылатын кәсіби талаптары

Қазақстан Республикасының стратегиялық, экономикалық және саяси дамуы шеттілдік білім беру технологияларына жаңа серпін беруге қабілетті, инновациялық-кәсіби әлеуеті қалыптасқан маманды даярлау болып отыр.

Болашақ маманды даярлауда шеттілдік білім беруге қойылатын негізгі талаптардың бірі, маманның қоғам дамуының қазіргі деңгейіне сәйкестігі болып табылады. Болашақ маманды қалыптастырудың сапалы жаңа тәсілі маман даярлау сипатындағы өзгерістермен анықталады. Бұл дегеніміз әр тұлғаның жеке қасиеттерін анықтай отырып «шеттілдік білім беруге» түбегейлі бағыттау.

Шеттілдік білім беруде болашақ дипломаттарды ақпараттың ғылыми және пәндік білімін қалыптастыруға бағытталғандығы. Яғни, мамандарды даярлауда кәсіби іс-әрекеттің мазмұны мен болашақ маманның іс-әрекет субъектілерінің нақты практикалық дайындығына көп көңіл бөлу. Осыған орай, болашақ дипломаттардың бойындағы құзыреттіліктерді қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. Соның ішінде, біз қарастыратын негізгісі мәдениетаралық құзыреттілік болып табылады.

Болашақ дипломаттардың рөлі мен мәртебесін дамыту оларға жаңа талаптар қояды. Бұл талаптар келесіні қамтиды: дипломатияның негізгі ұғымдары мен терминдеріне хабардар болу, оның даму тарихын білуге, мемлекеттік дипломатиялық құрылымдардағы жұмысына сүйене отырып, қазіргі дипломатияның өзгешеліктеріне талдау жасау және дипломатиялық, сыртқы саясат тақырыптары бойынша пікірталас жүргізу, халықаралық профильдегі ұжымда жұмыс жасау, дипломатиялық салада өз елін таныстыра білу қабілеті. Әрине, бұл талаптар шеттілдік білім беруде оқу нәтижелері мен практикалық тәжірибе негізінде алынады.

Болашақ дипломаттардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру ұғымының мәнін анықтау және құрылымын ашу мәселелерін ғылыми зерделеу үшін, ең алдымен біздің зерттеу нысанымыздың ұғымын ашу қажет болады.

Осы тұрғыда, болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсының қалыптасу мәселесін тарихи аспектіде қарастыру қажет. Өз тұрғысынан болашақ дипломаттардың жинақталған тәжірибесімен танысуға, қазіргі уақытта қалыптасқан әлеуметтік– тарихи алғышарттарды анықтауға, сондай– ақ диссертациялық зерттеудің өзектілігін негіздеуге мүмкіндік берді. Бұл дегеніміз, мәдениетаралық коммуникативтік дискурс тұжырымдамасының ғылыми аппаратын жүйелеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысында «дискурс», «дипломат» ұғымдарын ашып көрсетеміз.

Бірінші біздің қарастырғалы отырған ұғым «дипломатия». «Дипломатия» ұғымы халықаралық деңгейдегі дау-жанжалдардың алдын алуы, екі ел арасындағы достық қарым-қатынас пен бір мәмілеге келу, халықаралық

бейбітшілікті дамыту, сонымен қатар саяси серіктестікті нығайту мақсатында келісім шарт жасаумен сипатталады [49]. Яғни, дипломатия ұғымына мемлекет басшыларының, мемлекеттік биліктің, сонымен қатар сыртқы саяси іс-әрекеттің барлығы кіреді. Дипломаттарға әзірленетін дипломатиялық құжаттарды талқылау үдерісінде әлемдік дипломатиялық құжаттардың орны мен маңызын жақсы білу қажет. Осы мақсатта әртүрлі дипломатиялық құқықтың негізінде, ғалымдардың еңбектерін талдау өте маңызды.

Қазақстанның қазіргі заманғы дипломатиялық іс-әрекеті қазақ хандары дәуірі мен кеңестік кезеңнің дипломатиялық тәжірибесінен бастау алады. Қазіргі кездегі дипломатиялық іс өзгерістерге негізделген жаңа тәжірибелердің тоғысуы болып табылады. Ежелгі кезеңді алсақ, Мысырда, Месопотамияда, Үнді-Иран аймағында және Қытайда; Орта ғасырларда Византияда, Ресейде, Халифатта, мемлекеттерде, Мамелук, Египетте және Италия қалаларында; Еуропа мемлекеттерінде, Ресейде, Қазақ хандықтарында бастамасы басталған болатын [50, 42 б.].

Сыртқы дипломатия саясаттың негізгі мақсатына қарай дипломатиялық қарым-қатынас бір ғана келіссөздермен тоқталып қоймайды. Яғни, мемлекеттің сыртқы саясатын іске асыратын құрал ретінде де қарастырылады. Дипломатия – бейбіт шаралардың топтамасын, нақтылы бір тақырыптарды шешуге арналған әдістерді сипаттайды, ендеше шет елдегі мемлекет пен мемлекет басшыларының, сыртқы істер министрлігінің, сыртқы істер мекемелерінің, дипломатиялық өкілдіктердің ресми іс-әрекеті; мемлекеттің сыртқы саяси мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырушы өкілдерінің шетелдегі мекемелері мен мүдделерін қорғауға арналған әрекет болып табылады.

Осы орайда дипломатиялық тәжірибеде субъектілердің өзара іс-әрекеттері мен қатынас жасау қажеттіліктерінің ауқымы кеңейе бастады, әртүрлі қарқында, әр алуан жағдайда, түрлі формаларда ашық та жасырын да өзара келісім жасау, айырбас жасау, алмасу әрекеттері жаппай жүзеге асырылды [51].

Дипломатиялық ықпал жасаудың, әсер етудің құралы ретінде дін саласында да кеңінен қолданыла бастады. Бұл дипломаттарға толерантты көзқарастың этикалық нормаларын реттеуді және кейінірек шағатай және орыс тілдерінде кездесетін халықаралық дипломатиялық тілдердің дамуына алғышарт болды.

Бүгінгі таңдағы тәуелсіз еліміздегі жүргізілген дербес сыртқы саясат болашақты айқындау үшін, маңызды бір белес екені анық. Тарихта таңбасын қалдырған ежелдегі жүргізілген кемелді сыртқы саясат болмаса, әлем бойынша көлемі жағынан Қазақстан тоғызыншы болып орын алмас та ма еді. Даламыздың тарихымен, ұланғайыр үндесіп жатқан біздің мемлекет ретіндегі елімізбен тікелей байланысып, тәуелсіздігімізді ту еткен асқақ рухты бабаларымыздың ерлігі мен парасаты үндесіп жатқаны баршаға аян. Бүгінгі Қазақтың дала дипломатиясының негізін қалаған, алғашқы Қазақ хандығын құрып, Керей хандығынан бастап, Абылай хандарға дейін жалғасатын, одан беріде КСРО-ның Арабиядағы елшісі болған Нәзір Төрекұлов сынды

азаматтарымыздың есімімен қатар өріліп, бүгінгі Қазақстанның жаңа тарихымен сабақтасатыны да тарихи таңба, сара саясат.

С. Батырашұлы өз еңбегінде Қазақстандағы дипломатияның даму тарихында өз бастауын ерте замандағы тайпа, рулар арасындағы сауда-саттық, мәдени, т.б. келісімдер орнату, бір-бірімен келіссөз жүргізу негіздерінен алғандығы туралы баяндайды [52].

Ж. К. Тілешов болашақ дипломаттардың бойында келесідей құзыреттіліктердің қалыптасуы туралы айтады. Яғни, дипломат ол кәсіби тілдік бірегейлігі қалыптасқан, еркін және сенімді сөйлеу дағдылары айқындалған, диалогтың мәдени айырмашылығын ескере білетін маман дайындау туралы айтады [53].

М. К. Сыдықназаров дипломатия ол қоғамның мәдени және рухани салаларын дамытуға және ілгерілетуге баса назар аударуы қажет етеді. Шет елдердің тәжірибесін ескере отырып, автор Егеменді Қазақстан, оның өткені, бүгіні мен болашағы, мәдениеті, саяси-экономикалық және ғылыми-мәдени даму туралы білімді ілгерілетуге бағытталған арнайы мәдени-білім беру орталықтарын құруды және дамытуды ұсынады [54].

Д. С. Қазбекова дипломатия жөніндегі диссертациясында Қазақстанда жария дипломатияны тиімді іске асыру үшін шет елдердің тәжірибесін мұқият зерделеу қажет екенін, Германияның тәжірибесін қарастыру ұсынылатынын атап өтті. Себебі бұл тәсіл елдің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін Қазақстанның дипломатиясының тиімді стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік береді дейді [55].

Басқаша айтқанда, Қазақстан Республикасында дипломатияны іске асыру үшін қажетті оң имиджін қалыптастыруға және қолдауға мүмкіндік береді деген тұжырымдама айтқымыз келеді.

Еліміздің дүниежүзілік қауымдастық мемлекеттерімен қарым-қатынас жасау және еліміздің елшіліктерін, мемлекетіміздің консулдықтарын ашу сияқты дипломатиялық жолдарын дамыту қатар жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда мемлекетімізде 71-ге тарта дипломатиялық консулдық өкілдері қызмет жасайды. 49-ы дипломатиялық, (8-і дипломатиялық, 41-і елшілік) мекемелердің 19-ы консулдық оның 7-еуі бас консулдық [56].

Қазақстанның сыртқа саясатына тоқтала кетсек, сыртқы дипломатиялық қызмет толық жүйеге түсті деп сеніммен айтуға болады.

Еліміздің дипломатиялық тәжірибесі бірнеше кезеңдерден өтті, оның аясында келесі келелі міндеттер шешілді. Еліміздің территориясындағы өз ұлтымыздың биліктегі заңдылығын қамтамасыз ету, олар құрған мемлекеттің жерлерін реттеу, территорияны сыртқы жаудың қол сұғуынан заңды қорғау. Сонымен қатар, түрлі жағдаяттарға және шешілетін сыртқы саясаттың міндеттеріне негізделген әр түрлі формалар мен әдістер қолданылды.

Қазіргі уақытта мемлекетаралық қатынастарды реттеу жүйесінде сапалы өзгерістер орын алып жатыр. Еуропаның ірі мемлекеттерінде сыртқы саяси қызмет ететін дипломатиялық институттар құрыла бастады. Сонымен бірге, дипломатиялық іс-әрекеттің тарихи дамуы көпжақты шарттарға қол қою рәсімдеріне қатысты саяси қайшылықтарға сәйкес келіп те жатады.

Ғалым Н.А. Комина өз зерттеуінде ұзақ мерзімді тарихи тәжірибе мемлекеттің экономикалық күшімен, ғылыми-техникалық және әскери әлеуетімен ғана емес, сонымен бірге дипломатиясымен, шебер және икемді дипломатиялық іс-әрекетімен, кәсіби және моральдық әлеуетімен де мықты екенін көрсетті. Дипломатиялық іс-әрекет мемлекеттің алдында тұрған сыртқы саяси міндеттерді шешудің алғы шарттарын анықтайды [57].

Дипломатиялық қызмет - бұл мемлекеттік қызметтің басқа түрлерінен ерекшеленетін белгілі бір түрі болып табылады. Яғни, дипломаттың негізгі міндеттерінің бірі қандайда бір жағдайда өз пайдасына келіссіз жүргізу болып табылады. Дипломатиялық келіссөз жүргізудің кезеңдерінен тұрады. Аталған кезеңдер келесі төрт бөліктен тұрады:

1-кезең: Келіссөздің бастамасы басқа мемлекетпен коммуникация орнату, келіссөз жүргізу, қызығушылықтарын ояту, келісім жүргізуде өз мақсатын жүзеге асыру болып табылады. Ол үшін нақты және қысқа мазмұнды дискурс жасау, тыңдаушының жеке басына, мәдениетіне жеке құрметпен қарау т.б. тікелей қажетті талаптарды орындай алу керек.

2-кезең: Ақпаратты жеткізу, қатынасқа түскен дипломаттың талаптарын, ұсыныстарын және кампаниясына байланысты ақпараттарды толық жинау, серіктестің мақсатын нақты білу және позициясын зерттеп, тексеру.

3-кезең: Нақты, түсінікті қарапайым ұғымдармен дискурсты дұрыс жасау; қарсы шықпау, күмән тудырмау, ескерту мен ұсыныстар айтудың тиімді жолын таңдау, дәйектеуде серіктестің мінез-құлқын ескеру, іскерлік қатынаста қажетсіз сөздерді қолданбау, бір сөзбен айтқанда айтылатын сөздерді дәйектеу керек.

4-кезең: Шешім қабылдау, мақсатқа қол жеткізу, келіссөз соңында жағымды сөздермен аяқтау, келіссөздің қорытындысын ұғынықты тілде түйіндеу, келісімшарттың нәтижесі бойынша келісімге қол қою.

Егер, келісім позитивті жағдайда өтіп, нәтижесі ойлағандай болса, оның қорытындылау сатысында келісім барысында қарастырылған негізгі тұстарға тоқталып, оған сипаттама беру шарт. Бұл қатысушылардың болашақ келісім шартын нақтылауға және оның дұрыстығына, келіссөздің сәтті өткендігіне сендіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңа кездесудің перспективасын да талқылап алу орынды болады.

Егер де келіссөз нәтижесіз болған жағдайда, серіктеспен субъективті қатынасты үзбей сақтап қалу қажет болады. Бұл жағдайда назарды келісім нысанына емес, серіктестің жеке тұлғасына көбірек аудару керек. Мұндай іс-әрекет болашақта іскерлік қатынастарды сақтап қалу мақсатында назарды серіктестің жеке тұлғасына көбірек аудару керектігін нақтылайды, ал бұл өз кезегінде іскерлік қатынасты орнатуға ықпалын тигізетіні анық.

Ресми реттеу келіссөздің ең маңызды кезеңі болып табылады. Дипломатиялық кездесуде алдымен мынандай талаптар ресми реттелуге тиіс. Ең бірінші, кездесуді жоспарлау қажет, содан кейін барып іскерлік қызмет көрсету, қарым-қатынасты қағаз бетіне түсіру, мәдени бағдарламаларды ұйымдастыру т.б. орындалу қажет.

Келіссөз қорытындысын талдау барысында нәтижесі толық талқыланған соң, оны жүзеге асыру қажет.

Осыдан барып, қай ел болса да дипломатиялық кәсіби тілі мен дипломатиялық тілдік коммуникативтік этикет нормалары тұрақты қалыптасып отырады дегенді дәйекті айтуға болады. Дипломаттарды даярлауда, олардың дипломатиялық коммуникативтік сөйлеу нормаларын дұрыс сақтау тәжірибесінде, әлемдік дипломатиялық дискурс қалыптастыру шеберлігі де қатар игеріледі. Дипломатиялық кәсіби сөздерді пайдалану сипатына қарай былайша топтастырылады:

-біріншіден, шеттілдік дипломатиялық кәсіби тіл – эгоцентристік сөз болып табылады. Себебі қарым-қатынас жағдайында дипломат өз сөзін үнемі тыңдаушысының білім қорын, қабілетін ескере отырып құрады.

-екіншіден, шеттілдік дипломатиялық дискурстың әлеуметтік мәнділігі мен маңыздылығы ескеріледі.

-үшіншіден, шеттілдік дипломатиялық кәсіби дискурс – алдын-ала дайындалмаған диалогтық сөйлесім болып саналады.

Шеттілдік дипломатиялық дискурс міндетті түрде ситуацияға, бізді қоршаған әлеммен қалай байланысатындығына сүйену арқылы жүзеге асады.

Сонымен дипломатиялық дискурсты коммуникативтік мақсаттың түріне қарай, коммуникацияға қатысушылардың өзара пікір алмасуының жанрларына қарай мынадай түрге бөліп көрсетуге болады:

- сөйлесу-әңгімелесу (монологтық сипаттағы сөз) (ақыл-кеңес береді, иландырады)
- пікірталас (ақиқатты айқындау мақсатындағы пікір алмасу);
- тілдесу (екі адам арасындағы ұрыс-керіс, дау-жанжал, қақтығыс, кінәлау).

Коммуникацияның тиімді процесін қамтамасыз ету үшін қажетті коммуникативтік тетіктерді, тәсілдер мен стратегияларды меңгеру, білімнің, біліктің, қабілеттің және жеке қасиеттердің болуы [58, 127-130 бб.].

Кез келген мемлекеттің сыртқы саясаты оның ішкі саясатының жалғасы болып табылады және басқарушы топтың мүдделерімен анықталады. Дипломатия - мемлекеттік қызмет. Сыртқы саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін ол осы саясаттың жалғыз құралы емес, алайда осы құралдардың ішінде маңызды орынға ие. Дипломатия сыртқы саясатты жүзеге асырудың бейбіт құралы болып табылады және оның негізгі әдісі - келіссөздер.

Дипломатияның қызметі тиісті ережелермен реттеледі, оларға сәйкес келесі жұмыс түрлері негізгі болып табылады:

- бөлімнің құзырына кіретін елдермен қатынастардың барлық саласы бойынша ресми құжаттар мен ақпараттық материалдарды жинау, талдау және синтездеу. Осы мәселелер бойынша материалдар тақырыптық құжаттарға және компьютердің жадына таратылады, осылайша бөлімнің жедел жұмысында пайдаланылатын үнемі толықтырылып отыратын мәліметтер қорын құрайды;
- сыртқы істер министрлігі басшылығының белгілі бір тапсырмаларын орындау. Мысал ретінде алдағы халықаралық келіссөздер мен кездесулерге

материалдар дайындау, күн тәртібіндегі кейбір мәселелер бойынша қазақстандық делегацияның ұстанымын әзірлеу, мәлімдемелер мен коммюникелер мәтіндерін құрастыру және т.б.

- департаменттің құзыретіне кіретін елдердің аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерімен дипломатиялық хат алмасуды жүргізу, тиісті деңгейде осы өкілдіктердің қызметкерлерімен қажетті жеке байланыстар орнату

- Қазақстан елшіліктерінен алынған құжаттар бойынша қорытындылар дайындау, дипломатиялық почта арқылы жіберілген сұрауларға жауаптар жазу. Бұл әрекеттерді орындау үшін, әрине, жоғары кәсіби дайындық қажет етіледі.

Сондықтан да, біздің елімізде халықаралық дипломаттарды дайындау арнайы жоғарғы оқу орындарында, соның ішінде аталған мамандарды даярлайтын кафедралар жұмыс жасайды. Сондай-ақ, болашақ дипломаттарды даярлау үдерісінде қойылатын талаптары да бар. Осы мәселе бойынша С. Бөрібаева өз еңбегінде болашақ дипломаттарға қойылатын сөйлеу этикетін меңгеруі, сенім мен сыйлау құрметін тудыруға ықпал ететіндігі туралы айтады. Сонымен қатар, болашақ дипломаттардың мемлекеттік тілде сауатты жаза алуы, іскери қарым-қатынастар орната алуы және халықаралық деңгейде келіссөздер жүргізе білуі, дипломатиялық құжаттармен жұмыс істей алуы, ғылыми мақалалар мен мәтіндерді кәсіби деңгейде аудару қажеттілігін де атап өткен [59].

Дипломаттарға қойылатын талаптарға келсек, арнайы білімі:

- *өз мемлекетінің және екінші мемлекеттің географиясын, тарихын, мәдениетін, тілін, саясатын, әлеуметтік жағдайын, экономикалық, демографиялық құрылымдарын, халықаралық сауда және қаржы салаларын т.б. білуі қажет;*

- *жігерлік, топбасшылық, атқарушылық, жауаптылық, дербестік.*

- *батылдық, еңбекқорлық, қуаттылық, төзімділік, ғұламалық, жан-тәнімен берілушілік, алғыр ақылдылық, әдептілік сезімі, адал парыз, ирониялық сезімі болу, мұқияттылық, сараптай білу, сауаттылық, ауызша және жазбаша тіл байлықтары, серіктесіне және қоршаған ортасына ықпал ете білу қабілеттері.*

Халықаралық қатынастардың механизімі мен өткізу тәртібі: БҰҰ және басқада әлемдік, аймақтық, халықаралық саяси, әлеуметтік және ынтымақтастық, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты бекітетін халықаралық жария құқығын, халықаралық институттар іс-әрекетін реттейтін заңдылықтарды білуге және меңгеруге міндетті. Кәсіби дағдылары:

- *күнделікті дипломатиялық іс-әрекет пен келісімсөз жүргізу дағдысы;*

- *баяндама дайындау және сараптама жасау, бақылау дағдысы;*

- *миссияны басқару дағдысы;*

- *жария дипломатиялық дағдысы мен коммуникативті дағдысы;*

- *әртүрлі мәдениетті салыстырумен байланысты дағдылар.*

Жеке қасиеттері:

- *саяси білімі, тіл білімі;*

- *интеллектуалды әуесқойлық және оқып үйренуге деген ұмтылыс;*

- интеллектуалды көпжақтылық, топбасшылық; тәжірибелік ой-парасаты.

Қазіргі таңда кәсіби дипломаттарға әртүрлі талаптардың қойылғанына қарамастан, олардың ең озық әрі жақсы қасиеттері әрқашан өз мәртебесінде бағаланып келді. Дипломаттарға, соның ішінде жас мамандарға қойылатын біліктілік талаптар:

- шетел тілдерін жоғарғы деңгейде меңгеру және мемлекетіміздің Конституциясы мен «Дипломатиялық қызмет» туралы заңын білу, халықаралық келісімдерді өз деңгейінде жүзеге асыра білу;

- өз ұлтының мүддесі мен қауіпсіздігін сақтау жолдарын білу;

- ақпараттық технологияларды жақсы игеріп, ағымдағы мәліметтерді кәсіби деңгейде талдай алу;

- кәсіби білікті маман этикалық жағына өзін дамыта отырып, дискурс дамыту барысында, ұжыммен коммуникативтік дискурсқа түскен кезде сыйластық қатынасты және қарапайымдылықты қатаң сақтау;

- қарсы тараптағы елшілікке немесе өзге дипломатиялық мекемелерге қызметке барған кезде, сол елдің заңдарын мен тәртібін жоғары және қатаң сақтау.

Шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстық қарым-қатынасты терең талдауды қажеттілік етеді. Себебі дискурстың не жайында болатынынан бейхабар болғандықтан, екі елдің де ойынан шығатындай жауап беруге әрдайым дайын болу қажет болады. Мәдениетаралық коммуникация теориясының «серпінді» мысалдарына адам жағдайларының әмбебаптылығы мен жекелеген мәдениет формаларын нақты атап көрсеткен, мәдениеттер арасындағы билік қарым-қатынастарды зерттейтін М. Сингер мен П. Адлер еңбектерін жатқызуға болады [60, 30-32 бб.].

Ресми келіссөз жүргізу (сіздің өтінішіңіз бойынша немесе қарсы жақтың шақыруымен болады) кездесудің тақырыбы туралы алдымен хабарлау туралы қажеттігі айтылмаған. Ондай келіссөздер дипломаттар үшін үлкен сын болып саналады. Ресей дипломаты В.И.Попов дискурстың жемісті, әрі пайдалы өтуі үшін тақырыбын алдын-ала қабылдаушы елдің өкілдерімен телефонмен тілдесіп, анықтап алғанды дұрыс деп есептейді. Бірақ, соған қарамастан, «екі мемлекеттің қатысымы жайлы» деген жалпылама жауап алады, бірақ кейде нақты жауап та болып жатады [61].

Қатынас жасап отырған мемлекеттің өкілетті органның уәкілдері дипломаттың сұрақтарына қарастырылған мазмұн мен тәртіпке сай жауап беруге міндетті. Бірақ, уәкіл сұрақ бойынша көтерілген тақырыптың мазмұнын толық қамтып жауап беруге де формальді түрде жауап қайтаруына болады.

Шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстық кәсіби сөйлесімнің әдіс-тәсіліне, әрине, келіссөз жүргізу жатады, бұл - екі елдің өзара ақпарат алмасуы болып табылады. Әріптесіңіздің сізден ақпарат алғысы келгені сияқты, сіз де ақпарат алсам, аз болсада білім қоссам деген ниет болатындығы анық. Маңыздысы сұхбат барысында қалыптасқан пікір шешімдермен, ойтұжырыммен шектемеу керек. Кәсіби мамандар жарасымды келіссөз құру үшін,

араны алшақтататын тақырыпта емес, керісінше, біріктіретін, ортақ тіл табыстыратын тақырыпта дискурс құруға кеңес береді.

Сұхбаттағы екінші кезеңіне сұрақтар мен жауаптарды жатқызамыз. Көптеген тұлғалар тікелей сұрақтар қойғанды, әрине, ұнатпайды. Сондықтан тікелей сұрақ қоймастан бұрын, оның себептеріне тоқталып кетуді дұрыс санадық.

Сұрақты кәсіби мамандар «иә» немесе «жоқ» деп жауап қайтаратындай қоюдан қашқан дұрыс. Оның орнына - «сіздің ойыңызша», «шындығымен солай ма?» секілді сұрақтар әріптесіңізді ашылып сөйлеуіне мүмкіншілікті ашады. Сондай-ақ, кәсіби қызметкерлердің намысына тиетін - «сіз мұны естімеген сияқтысыз», «мұны сіз білмей қалған шығарсыз» деген сұрақтарды қолданбаған дұрыс. Оның орнына - «өзіңізге белгілі болғандай», «өзіңіз де білетіндей» деген сұрақтарды қолдану арқылы сұхбаттың сәтті өтуін қамтамасыз ете аласыз.

Дискурс барысында сіз тек шындықты айтуыңыз қажет. Бірақ, барлық шындықты айтып шығуға міндетті емессіз (әсіресе мемлекеттің маңызы бар ерекше мәселерге байланысты). Сіз жалған айтпауыңыз керек, бірақ бұл «жалған айтпаймын» деп барлығын жайып салу деген сөз емес. Өзіңіз қаламаған нәрсені әріптесіңізден талап етуге болмайды (яғни айтқысы келмеген мәліметті).

Ресей дипломаты В. И. Поповтың шетелдік әріптесінің өзіне деген «сенім отын» ояту әдісіне назар салайық [61].

«Сіз, әрине, менен бар білетінімді жайып салуды күтпейтініңіз секілді менде сіз секілді сізден барлық нәрсені жайып салады деп күтпеймін. Екеуіміз де мемлекеттік қызметте болғандықтан, еліміз үшін маңызды ақпараттарды айтуда шектеуліміз. Өйткені, еліміз бұл ақпараттарды жариялауға жатпайды деп қабылдағандықтан, оны айтуға құқықымыз жоқ. Алайда, менің сізге ешқашан жалған айтпайтыныма күмән келтірмесеңіз болады. Адам ретінде ақпараттарды жеткізу барысында қателесуіміз де мүмкін. Бірақ мен қателігімді білген күнде өзімнің салғырттығымды түзейтініме күмәніңіз болмасын».

Дипломатиялық ведомства мен өкілдіктердің ішкі құжаттамалық кәсіби қызметтеріне келіссөз жүргізу нәтижесі бойынша құжат дайындау, әңгімелесу және оны рәсімдеп жазу секілді әрекеттер тізімі жатады. Тұлғалардың қарым-қатынасы бірге өмір сүру, жұмыс істеу барысында қалыптасады. Яғни, өзге тұлғалардың іс-әрекетінде айтарлықтай өзгерістерді байқау қиын емес. Әрбір тұлға қоғамда белгілі бір міндетті атқарады. Кейбір жағдайларда көптеген құндылықтарды, міндеттерді білдіретін позициялардың қайшылықтары да туындап жатады. Ол өз уақытында жеке тұлғалардың арасындағы қайшылыққа да әкеледі. Нарықтық-кәсіптік келіспеушілік (айтыс-тартыс), жеке мүлделердің тобындағы алшақтық іс-әрекеттегі қайшылықтардың себептері болып табылады. Дискурстағы әрбір сөз - ишараны, әрбір сөйлем - қарсыластың ниетін айқындайтын пікір алмасуды білдіреді. Сұхбат барысында сырларды шашпайтындай тілдесушіге темірдей мінез-құлық керек болады. С.А. Стивенсон былай деген екен: «әрбір дискурстың (әңгіменің) тек үш тақырыбы болады. Мен - мен, сіз - сізсіз, ал қалғандары бәрі бөтен». Әрбір адам сырлы

тұманмен қымталған. Дискурстар қандай да бір мәселенің анық-қанығын анықтау үшін көбіне дипломатты жіберуші мемлекеттің министрлігі тарапынан болған тапсырма негізінде жүзеге асады.

Зерттеуші ғалым Г.Никольсон: «Дипломатия - жазу өнері» деген екен. Реті келгенде талап еткен тарапқа қажетті түрде есеп ретінде ұсына білу керек. Бір айдағы өткізілген сұхбат жайлы күнделік толтырсак, әрине, күнделікке бүкіл сұхбаттың қысқаша түрдегі мазмұны тіркелетін еді. Дипломатиялық күнделікті елші не болмаса елшілікте жұмыс істейтін кәсіби қызметкер тұрақты толтырып жазып отыруға міндетті. Ол күнделік жүргізу дипломаттарға өзінің жіберген қателіктері мен кемшіліктері бойынша жұмыс істеуге мүмкіншілік береді. Күнделіке қарап, дипломат өзіндегі кемелділікті немесе кемшіліктерді байқай алады. Ол үшін күнделікті жасырып, құпия жүргізілгені әлдеқайда тиімді. Себебі, дипломаттар емін-еркін түрде өзінің кемшіліктерін жазу мүмкіншілігіне ие болады. Ал баршаға ашық жүргізілген күнделік ресми болады, әрі қажетті деректер де сирек кездеседі. Күнделікте жазылған сұхбат барысы қол қойылып, талқыланған тақырыптарға қатысты ресми жазбаға қарағанда қызығушылық туғызған тиісті мәселе турасында ашық айтылып, жазылады. Керекті мәліметтер жасырын жүргізілген осындай күнделіктің негізінде дәйектеледі [62, 123 б.].

Уақыт келгенде, құнды материалдар, тарихи кітаптар жазылады. Кеңес өкіметінің елшісі қызметін атқарған Г.В.Чичерин дискурс туралы өзінің шәкіртіне былай деп жазған екен: «Басты тәжірбиедегі шетелдік дипломат, өкіл, әңгімелесушімен болған әрбір әңгімені өз уақытында толық күйінде жазып алыңдар (дискурс айтушы әріптесіңіздің жалған сөйлеу мүмкіндігін ескеріп) және тез арада (жалған әлі жайылмай тұрғанда) ұжымның мүшелеріне таратып жіберіңдер. Егер маңызды тақырып болса, ол жедел түрде өкілетті елшіге шифрмен хабарланады». Дипломат өтетін дискурс үшін алдымен тезис әзірлейді. Әрбір дискурсқа алдымен әзірленіп, арнайы жоспар құрып барған дұрыс. Бұл үшін қажет болса тәжірбиелі дипломаттардың кеңесін алып, маңызды мәселе бойынша ақпарат, дерек қажет болған жағдайда орасан зор құжаттарды ақтарып, мұрағаттардағы қолжазбалар мен деректерге шолу жасау керек. Дискурс барысында қандай сұрақтар қойылатыны және оған қарсыластың қалай жауап беру мүмкіншіліктері бәрі алдын-ала дайындалады. Яғни, тезис пен антитезис қатар дайындалады. Бірақ, бұл дискурсты кіммен өткізгелі жатырсыз соған байланысты болады. Мысалға, ресми өкілдер, саяси қайраткерлер, парламент, мәдениет, дін басылары, БАҚ өкілдері, қоғамдық ұйымдар өкілдерімен өткізілетін дискурс үлкен дайындықты талап етеді. Дипломат өткізген дискурсын күнделікке жазып отырады. Есте сақтау қабілеті қаншалықты мықты болғанмен, ұзаққа созылған дискурста не айтылғанына, арнайы стенограф жазып отырмаса, кепілдік беру қиын. Дискурсты дипломатиялық қызметкерлердің барлығы дерлігі жазады (елшілер үшін бұны оның қасында жүретін қызметкерлер жазады). Елшілер, өкілетті уәкілдер жүзбе-жүз, жеке дара сұхбат өткізген кезде дискурсты өздері жазып жіберетін телеграмманы өздері толтырады [63].

Тәжірбиелі дипломат әрі қытайтанушы О.Б.Рахманин дискурсты жазу туралы мынадай пікір айтады «елшінің қабылдаушы ел өкілімен болған дискурсты жазуы бұл әңгімелесуші екі жақтың диалогын стенографиялық жазу емес, керісінше шетелдік өкілдің айтқандарының негізгі мазмұнын жеткізу болып табылады. Жалпы мұнда ескерілетін жағдай орталыққа жіберілетін ақпараттың басты қорытындысы. Ал түсініктемелер, сараптамалар, т.б. өз алдына бөлек хабарланады». Қандай да болмасын дискурс телефон арқылы немесе басқадай түрде өтсін, барлығы арнайы құралдар арқылы тіркеліп жазылып отырады [64].

Дипломат А.А Ранних әрбір жазылған дискурстың маңызды болғанын және осының негізінде қандай да бір шұғыл шешім алынатынын білдіреді. Ресми келіссөздерде арнайы хаттама түзілетіні баршаға мәлім. Ал бейресми жағдайда өткен дискурстар ұзаққа созылғанмен ешқандай хаттама (сырт көзге қарағанда) жазылмайды. Бірақ, дискурсқа қатысқан тараптардың әрқайсысы кейін дискурсқа қатысқан тарапты не қызықтырды, қандай маңызды мәселелер көтерілді осыны қысқаша өз күнделіктерінде түртіп қояды.

Кейінгі дипломаттар дискурстың нәтижесі болуы үшін әріптесімен жүзбе-жүз кездесіп, әңгімелесуді артық көреді. Өйткені, барлық қағидалар қатаң сақталған ресми, протоколды сипатты өтетін дискурстан гөрі мұндай кездесу екі жаққа сенімділікті оятып, ашық жарқын әңгімелесуге мүмкіншілік береді.

Осындай сұхбат барысында қозғалған тақырыптар маңыздылығына қарай, баршаға ашық не құпия күнделіктерге жазылып отырады. Уақыт өте келе мұндай дипломатиялық күнделіктер оқиғалардың өрбуін, жекелеген мәселелер мен қандай да бір шешімнің алу барысы қалай шешілгенін анықтауда зерттеушілер үшін таптырмас дереккөзіне айналады.

Мәдениетаралық коммуникативтік дискурстық әңгімелерді жазбаша түрде дайындауда қойылатын талаптарға айтылған қандай сөз болмасын сол күйінде жазылу реті жатады. Жалпы, дипломат дискурсты жазған кезде оған басты екі - шынайылық пен нақтылық талаптары қойылады. Ғалым Г.Никольсон «кейінгі дипломат қызметіне кіріскен маман әу бастан-ақ нақтылыққа үйренеді» деген болатын. Ендеше, дискурсты жазудың өмірдің барлық жағдайында қолдануға міндетті бір тәртібі жоқ. Дипломатиялық тәжірбиеде шеттілдік мәдениетаралық-коммуникативтік дискурстық дебатты дамудың белгілі бір түрі уақыт өте келе қалыптасқан. Қалыпты жағдайдағы дискурсқа қатысушының аты-жөні, қызметі, лауазымы, дипломатиялық атақ-дәрежесі, дискурс өткен уақыт пен күн, оның ұзақтығы, жері, мекені, дискурстың кімнің ұсынысы бойынша өту және т. б. осының бәрі жазылады. Сұхбат «бетпе бет» пе, әлде аудармашының қатысуымен өтті ме, жоқ дипломат маман шетел тілінде өзі жүргізеді ме, осының бәрін нақты жазып көрсету керек [62, 5-8 бб.].

Дискурсты жазу барысында оның мазмұнын дәл көрсете білу керек. Егер жазу барысында статистикалық мәліметтер, сандар айтылар болса, онда оларды сол уақытында жазып қойған жөн. Аудио, видео таспалар, камералар секілді соңғы технологиялық жетістіктерге қол жеткізгенге дейін дискурстардың өзіндік талабы мен ерекжесі болған. Ол бәрінен бұрын есте сақтау қабілетіне

тікелей қатысты болады. Француз жазушы А.Жид өзінің дәрісінде: «10-минуттық ақпаратты тыңдаған адам, айтылғанның жартысын түсініп, есінде сақтай алады. Есте сақтау қабілеті бірнеше күн бұрын айтылғанның төрттен бірін ғана сақтай алады», - деген екен. Кейбір зерттеушілер соңғы екі күннің (кеше, бүгін) ішінде айтылғанның жартысы сол күйінде, нақты жеткізілмейді дейді [65]. Нәтижесінде, дискурс туралы нақты мағлұмат 15-20%-ке азайады. Осы туралы кеңестік дипломат Ф.Т.Гусевтің айтқандары ақылға қонымды [66].

Дискурс неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым оны есте сақтау қиындау болады. Ол дискурсты жылдамырақ жазып алудың маңыздылығын көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе шетел тілін толық меңгеру, шетел тілінде қарам-қатынасқа түсе білуі, жазбаша және ауызша алға қойылған мақсаттарын болашақ дипломаттар жүзеге асыра білуі керек. Сонымен қатар дереккөзден алынған ақпараттармен жұмыс істей алу, және алған субъективтік көзқарасын дәлелдеу мақсатында кездескен көптеген проблемаларды шешуде қолдана алуы, көпшілік ортада дискурс дағдысын дамыта алу, дәлелдерді нақты көрсете отырып диалог жүргізе білуі тиіс. Сонымен, дипломат мамандардың кәсіби қызметінің шеттілдік білім берудегі даярлау талаптары кәсіби іс-әрекетінің талаптарына сәйкестендіріледі, ол талаптары оқыту бағдарламаларында анықталып жүзеге асырылады.

1.2 Дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсы ұғымының мәні мен мағынасы

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі байланыстардың кеңеюі жас мамандардың осы салада кәсіби жұмыс істеу қабілеттілігін дамыту қажеттілігін тудырады. Елімізде қазіргі уақытта дипломаттар, журналисттер, заңгерлер ғана емес, шетелдік сапарлармен және шетелдік серіктестерді қабылдаумен жұмыстары тікелей байланысты қызметкерлер де аталған салаға кіреді. Сөз боп отырған жайттар болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық қатысымдық дискурсына ықпал жасай отырып, дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық қатысымдық дискурсы мәселесін өзекті етіп отыр. Яғни, мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындық кезінде ең алдымен шетел тілдерін үйрену қажеттігі туындайтыны айқындалады.

Зерттеушілердің дискурстық белсенді сөйлесімдерін зерттеуге деген қызығушылығы жеке тұлғаның «табиғи» дискурсивті мінез-құлқының негізін, коммуникацияның басқа қатысушыларымен үйлесімді әлеуметтік және ақпараттық өзара әрекеттесулерінің тиімді алғышарттарын қамтамасыз етеді. Мұндай позициялардан дискурсивті әрекетті қарастыру кезінде оны сипаттау үшін «табиғилық» сияқты тұжырымдаманы енгізу орынды болып табылады, ол қарым-қатынас эпизодтарын жүзеге асыру шарттары тұрғысынан сипаттауға ғана емес, сонымен қатар дискурсивті адамның мінез-құлқының өзектілігі мен сәттілігі тұрғысынан анықтауға мүмкіндік береді. Жалпы дискурстың табиғи болмысы тұжырымдамасы тұрғысынан оның танымдық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени және тілдік қасиеттері ерекше айқын болады, бұл болашақта дискурстың аталған қасиеттерін жан-жақты зерттеу мәселесін сәйкесінше

талдау процесінде қарастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі дипломатиялық дискурс пәнаралық сипатқа ие болғаны белгілі. Бұған шетел тілін жетік білу, оның сөздік, грамматикалық және стилистикалық ережелерін біліп қана қою, нәтижелі қарым-қатынас жасау үшін (ауызша немесе жазбаша), мысалы халықаралық келіссөздерді сәтті өткізіп, қажетті нәтижеге жету үшін жеткіліксіз.

Дискурсты коммуникативтік-танымдық тұрғыдан зерттеуде, дискурсивті іс-әрекет ұғымын әлемнің ұлттық бейнесінің коммуникативті мінез-құлық формаларында көрініс екендігі айқындалды. Бұл өз тарабынан қарым-қатынас кезінде тілдік құралдар ретіндегі сөйлеушілердің тыңдаушылармен бөлісетін білім, білік, бағалау және құндылық бағдарларын көрсетеді.

«Дискурс» терминіне дәлме-дәл анықтама берілген жоқ. Сондықтан да, дискурс бірнеше ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылады. «Дискурс» терминіне қатысты ережелердің көп болуы, оның зерттеу бағыттарының көптігімен байланысты болып табылады.

Мәселен, Д. Әлкебаева дискурсты нақты айтылған сөз деген мағанасымен сәйкес келтіріп, өзінің мағыналық жағынан жүйеленген сөйлесімді айтады [67]. Ж. Кеншінбаева дискурстың сөйлеу тілінің нақты коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметін көрсетеді [68,36.]. Ш.А. Нұрмышева дискурсты коммуниканттардың сөз жағдайын ескере отырып шынай өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік, аялық білімін, прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы коммуникативтік мақсатқа орай өз тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйелер арқылы тілге көшіруі, диалогқа түсу әрекеті деген тұжырым жасайды [69].

Қ.Ө. Есенова дискурстың прагматикалық түрде талдағанда, коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторларға және коммуниканттардың мақсат ниеттері басшылыққа алынуы тиіс. Яғни, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниеесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады дейді [70, 235-236бб.].

Ал, зерттеуші ғалымдар П.Карт пен К.Фокс дискурсты меңгеруді тілдік лексикамен қатар мәдениетті әртүрлі ерекшеліктеріне қарай пайдалана білу тактикасы ретінде қарастырады [71].

Қазіргі ғылымда «дискурс» терминінің мағынасын түсіндіруде біртұтастық жоқ. Алайда, қазір отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген еңбектерінде «дискурс» сөзі өзінің танымдық-коммуникативті функциясының әр түрлі құрамындағы сөйлеу нәтижесі ретінде түсіндірілетін қалыптасқан пікір бар.

Зерттеуші О.Ф.Русакованың пікірінше: «Дискурс – бұл кейбір зерттеушілер атап өткендей, бейнелі түрде «өмірге енгізілген» сөйлеу болып табылады» [72]. Сондықтан, «дискурс» терминінің «мәтін» терминінен айырмашылығы, шын мәнінде күнделікті өмірмен байланысы жоқ басқа мәтіндерге қатысты қолданылмайды.

Бірқатар зерттеушілер «Дискурс- бұл адам өмірінің «тілдегі» маңызды бөлігі, яғни тіршіліктегі тіл деп аталатын нәрсе: «Тілді қолданудың кез-келген

әрекеті, мейлі ол құндылығы зор шығарма болсын, мейлі диалогтық сөйлесімнің қысқа көшірмесі болсын, айналып келгенде барша адамзат тәжірибесінің үздіксіз қозғалыс ағымындағы бір бөлігі болып табылады. Аталған қабілеттерге әрбір тұлға өзі үшін және өзіне арналып жасалған жағдайлардың қайталанбас үйлесімін біріктіреді және бейнелейді» деп тұжырым жасайды. Олай болса, дискурс ұғымының мәнін толық ашып алайық.

Дискурс (фр. Discours) – француз тілінен аударғанда тілдік коммуникация түрі деген ұғымды білдіреді. Жалпы тілдік қолданыста, дискурс дегеніміз әрбір кезеңнің мәдени тілдік мәнмәтіні болып табылады. Яғни дискурс ұғымының ішіне рухани байлық, пікір алмасу, дүниетаным және тағы басқа түсініктер кіреді. Дискурс сөйлесу арқылы айтылатын ойдың әлеуметтік астарына талдау беретін түсінік. Ғылыми айналымға жаңадан қосылған бұл ұғымды философияда, әлеуметтануда, мәдениеттануда, когнитивтік зертеулерде қолданып жүр. Дискурс ұғымы арқылы қандай да бір тікелей адресантқа не болмаса тыңдаушыға бағытталған пікір ғылыми мағына ретінде қалыптасады. Дискурс тұлғаның сөйлеуі арқылы қарым-қатынасқа түскеннен кейін жаңа мағынаға ие болады және сол мағынасымен бірге сөз бен ұғым бірлігін сипаттайды.

«Дискурс» ұғымын шетелдік зерттеушілер әртүрлі тұрғыдан қарастырып талдап зерттеген. Ресейлік ғалымдардың бірі Ю.С.Степанов «дискурс деп тіл ішіндегі тіл» деген түсінікті айтамыз деген болатын [73]. Сонымен бірге зерттеуші ғалым В.З.Демьянков дискурс ұғымына сөйлемдер мен фрагментерден тұратын ойша мәтін деген түсінік береді [74]. Жалпы дискурс теориясының сипатына тоқталсақ, ол пәнаралық болып табылады.

Дискурсқа берілген көптеген анықтамалардың ішінде ең маңыздысы ретінде ғалым Т.К.Николаева мыналарды:

- 1) қарым-қатынастық мән-мәтін.
- 2) мәтіннің ауызша-сөйлеу түрі.
- 3) дискурс.
- 4) жан-жақтан ішінара байланысқан айтылым түрлері.
- 5) ауызша немесе жазбаша сөйлесім туындысы деп бөліп алады [75].

Қазіргі уақытта дискурсты зерттеудің көптеген түрлерне қарай (ауызша/жазбаша); типтеріне қарай (монологтық/диалогтық); дискурстың белгілі бір түрлерін зерттеу бойынша (саяси, іскерлік, ғылыми, күнделікті және т.б.), дискурстың синтаксистік құрылымын зерттеу және т.б. тәсілдері кездеседі. Әрине, барлық зерттеулер аталмыш құбылыс туралы жаңа білім береді, дегенмен бұл да дискурс теориясының көптеген мәселелері бойынша айтарлық нәтижелерге қол жеткізбеді.

Зерттеуші Е.С.Кубрякова дискурстық зерттеулердің үш:

- 1) адамдардың нақты өміріне қатысты (саяси, ғылыми, күнделікті және т.б.) дискурс түрлерін жіктеу;
- 2) дискурстың осы түрлерін сипаттау;
- 3) спикердің ниетін дамытуға әсер ететін фактілерге негізделген дискурс пен қарым-қатынас арасындағы байланысты зерттеу секілді негізгі бағыттарын көрсетеді [34, 7-25 бб.].

Осы орайда, дискурс теориясының дамуының қазіргі кезеңінде дискурстың маңызды сипаттамаларына (динамикалық аспект, процессуалдық, нақты коммуникативті жағдайға ену, құрылымдық және т.б.), оның табиғатынан (интерактивті, белсенді әрекетке негізделген сипаттама), оны соңғы технологиялардан гөрі басқа әдістермен зерттеу қажеттілігі туралы ұстанымдар бойынша келісімге қол жеткізілді. Соңғы онжылдықтарда лингвистикалық зерттеудің ауқымды бағыты дискурсты коммуникативті іс-әрекеттің маңызды бөлігі ретінде зерттеудің қарқынды дамуымен байланысты болды.

Т.А.Ван Дейк дискурсты белгілі бір әлеуметтік-мәдени дәстүрдегі рационалдылықтың басым түрімен реттелетін сана мазмұнын объективтендірудің вербалды формасы ретінде анықтайды [76]. Философияның классикалық емес түрі дискурс феноменін қайта қараудың түрін - вербалды-коммуникативтік практика тұрғысынан да, кең әлеуметтік-саяси мәнмәтін тұрғысынан да қарастырып жүзеге асырады.

Ал біздің тұжырымдауымыз бойынша, дискурстық сөйлеу дискурстық әрекеті арқылы санаға беріледі және тілдік бірлікпен таңбаланады. Дискурс мәтіндегі ауызша сөйлеу әрекетін іске асыру мақсатына сәйкес коммуникативтік жағдаятқа ауыстырады. Ғалым А.кӘділова дискурс пен мәтіннің оортақ белгілері мен айырмашылықтарын төмендегідей:

- Дискурс мәтінге қарағанда кең ұғымды қамтиды. Ол сөйлеу үдерісі болып табылады.

- Дискурс автордың сөйлеу қарқынына, мақсатына, стиль ерекшеліктеріне байланысты сұрыпталып алынатын тілдік құралдардың жиынтығы.

- Дискурс ақпаратты беру тәсілі болса, мәтін ақпаратты сақтаушы, жинақтаушы, жаңа мән-мағына тудырушы көп қырлы, көп қабатты құрылым болып табылады деп көрсетеді [77].

Дискурс белгілі бір мезгіл мен белгілі бір орында коммуниканттар арасында орын алған сөйлеу әрекеті болып табылады. Қорыта айтсақ, сөйлесімдік қарым-қатынасқа қатысушылар өміріндегі жағдаяттар ауызша тілде бейнеленіп орындалады, яғни ол арқылы дискурс нәтижесі мәтінге ауысады да тілде сақталады.

Дискурстың негізгі белгілерін зерттеуші ғалым Г.Н.Смағұлова төмендегі ерекшеліктеріне қарай талдап көрсетеді:

- 1) белгілі бір тақырыптың дискурс айналасында мазмұндық негізі бойынша топтастырылады; жағдаятқа байланысты болады, коммуникативтік қарым-қатынас саласына сәйкес дискурс нақты құрастырылады; жылдамдылық, кейбір жағдайда тақырыптарда өзгеріс болуы әбден мүмкін;

- 2) әлеуметтік бағыты, мәтін көлемінің белгісіз болуы;

- 3) дискурстың мазмұндық толықтылығы коммуникативтік жағдаят пен тақырыпқа тығыз байланыста болып жатса, вербалсыз сигналдар, атап айтқанда, мәтіннің аяқталғаны, үзілістер, басқа тақырыптарға көшумен белгілі болады. Сондықтан да дискурсты коммуникациялық қарым-қатынастан тыс талдау еш мүмкін болмайды [16, 52 б.].

Дискурс жайында айтылған тұжырымдамаларды сараптай келе бірнеше бағытты қалыптастырғанын байқаймыз.

Бірінші бағыт бойынша «дискурс» терминін таза лингвистикалық аспектіде қолданғанды алға қояды. Бұл бағыттағы зерттеушілер дискурсты сөйлеу, мәтін, диалог сияқты дәстүрлі ұғымдармен байланыста одан әр дамыту үшін қолданады.

Екінші бағытына француздық зертеушілердің пікірлерін аламыз. Олар дискурсты стиль ұғымымен байланысты қарастырады, тілді әлеуметтік қарым-қатынас субъектісін нақтылайтын құрал деп сипаттайды.

Үшінші бағытына келсек, неміс ғалымы Ю.Хабермас «Ұлттық дискурс» атты еңбегінде: «Дискурс - шындық өмірден алыс жүзеге асатын коммуникацияның ерекше түрі» деп сипаттама береді. Сонымен қатар, «дискурс бұл сөйлеу әрекетінің көрінісі» деп көрсетеді. «Дискурс» терминінің күрделенуіне байланысты тұрақталған анықтама әлі қалыптасқан жоқ. Сонымен қатар дискурс ұғымына функционалды лингвистика, лингвомәдениеттану т.б. ғылымдар тұрғысынан түрлі анықтамалар беріліп келеді. Ю.Хабермас «Коммуникативтік құзыреттілік теориясына дайындық» атты еңбегінде мынадай белгілерді дискурсқа тән деп қарастырады: «Дискурс тілдік коммуникацияның бір түрі. Кең ауқымда қарастырсақ, дискурс уақыттың мәдени тілдік коммуникациясының бір түрі. Тар мағынада дискурс маңызды іс-әрекеттің нақты тілдік шындығын көрсетеді» [22, 65 б.]. Яғни, тілдік іс-әрекеттің нақты тілдік шындығын көрсететін дискурстың тілдік бағытын зерттейтін ұғым ретінде коммуникативті дискурсқа тоқталып өтеміз. Коммуникативті дискурс лингвистикалық және әлеуметтік ғылымдар құрылымындағы маңызды элементі болып табылады. Қазіргі зерттеушілердің коммуникативтік дискурс тақырыбына көбірек көңіл бөлуіне қарамастан, бұл тақырып әлі толық дамымаған және ғылыми зерттеулер нысаны болып қала береді.

Дискурс негізінен коммуникативтік әрекет ретінде қолданылатындықтан, барлық шеттілдік кәсіби және басқа да мәтіндерге де қатысты болып келеді және барлық жағдайда да адресат пен адресант арасында лингвоқұрылым ретінде саналады. Сондықтан да дискурс коммуникативтік қатысым процесі ретінде қарастырылады.

Біздің ойымызша, мәтінді дискурстың аралық сатысы ретінде сипаттаған жөн. Өйткені, дискурс қарым-қатынас жасаушылардың ойлауы мен сөйлеуі процестерінің жиынтығы болып табылады. Сондықтан да мәтін шынайы объективті дискурстың нәтижесі, өнімі ретінде қарастырылады. Өз кезегінде осындай көзқарас нарық пен демократияға бет бұрған заман талабынан туындап отырғаны белгілі. Нақты айтар болсақ, қарым-қатынасқа түсу кезінде логикалық, әлеуметтік, психологиялық бағыттар бойынша әрқайсысы хабардар болуға міндетті. Жоғарыда біз күнделікті өмір тәжірибесінде, жекелеген коммуникацияда, ұжымдық коммуникацияда, бұқаралық коммуникацияда жиі кездесетін мәтін мен дискурс мәселесіне қатысты зерттеулерді қарастырдық.

Мәтін мен дискурстың айырмашылығына тоқталар болсақ, егер дискурсты біз тақырыбы өзекті сипатта айтылған мәтін ретінде түсінсек, бұл жағдайда мәтін айтылған ойдың шартты, грамматикалық құрылымы деп аламыз да дискурсты өзекті айтылым әрекетіне қатысты сөз (речь) деп есептегенде, мәтін тілдік жүйеге немесе формалды лингвистикалық білімге, лингвистикалық компетенттілікке қатысты ұғым ретінде қабылданады. Коммуникативті дискурс мәселесі В.Г.Борботко (дискурстың жалпы теориясы [78], М.Ильин [79], А.А.Уханова [80], М.Л.Маркович (дискурстың түрлері) [81], С.Л.Мишланова [82], Т.С.Серова [83], М.Б.Бергельсон [84], Т.Г.Винокур [85] (дискурсивті ойлау және коммуникативті дискурс) сияқты көптеген авторлардың еңбектерінде қарастырылады. Ал, қазақстандық ғалым Ф.Оразбаеваның пайымдауынша «дискурстың орындалуы коммуникативтік материалдарды игерудегі тілдік тұлғаның интеллектуалдық мүмкіндігіне тікелей байланысты. Дискурстың қолданысы сөйлеу мәнеріне сәйкес жүзеге асады» дей отырып, ғалым коммуникативтік бірліктердің мәтін ішіндегі жұмсалымдық ерекшеліктері дискурс тұрғысында анықталады деген болатын [86].

Ғалым Д.Әлкебаева: «Дискурс деген нақты сөз мағынасына сәйкес келеді, өзінің мағыналық-ақпараттық мазмұнымен бірге экстралингвистикалық, факторларымен жүйеленетін сөйлемдерді айтады» деген пікір айтқан болатын [67]. Зерттеуші Ал Ж.Кеншінбаева: «Дискурс қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақты коммуникативтік қарым-қатынас қызметі» деген ойын білдіреді. [68]. Ал ғалым Г.Бүркітбаева: «дискурс дегеніміз мазмұны мен интеракцияға қатысушылар, яғни коммуникативтік жағдаят бірлігі деп тұжырымдаса [87], зерттеуші Ш.А.Нұрмышева: «дискурс дегеніміз - коммуниканттардың сөз жағдаятын ескере келе, шынайы өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік білімін, прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану негізінде коммуникативтік мақсатқа қарай өз тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйелер арқылы тілге, диалогқа түсу әрекеті» деп сипаттайды [69]. Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың дискурс терминіне берген анықтамалары бірқатар болғанымен, олардың барлығына бір белгі ғана ортақ көрсетілген, ол - дискурстың диалогтік түрі, сөз жағдаятына орай орындалатын сөйлеу әрекеті екендігін айқындаған сипаты.

Ресей ғалымы Б.Н.Карасиктің тұжырымы бойынша: «коммуникативті дискурс тек тіл біліміне ғана қатысты емес, ол пәнаралық сипатқа ие, сондықтан оны қоғамның объективті қабылдауын және ондағы өзара әрекеттесудің ерекшеліктерін реттеуге бағытталған категория ретінде түсіну керек» деген болатын [9, 10-21 бб.].

Дипломаттарды даярлау барысында шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың құрылымдық құрамы жөнінде айтылған бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынды. Осы орайда, зерттеуші ғалым Русакова Ольга Фредовнаның пікірінше: «дискурс – бұл кейбір зерттеушілер атап өткендей, бейнелі түрде «өмірге енген» сөйлеу болып табылады». Шетелдік ғалым Халлидей Майклдің пікірі бойынша, «дискурс - «қатысушылар+тақырып+әдіс» атты параметрлер шеңберінде анықталады екен. Бұл жерде ғалым дискурс қатысушылары деп

коммуниканттарды айтқан болса, ал әдіс деп белгілі бір мақсатқа жету жолында тілдің қолданылу қызметін айтады. Мұнда тақырып деп қатысушылардың тілді негізгі келісімге келу құралы ретінде қолданатын қоғаммен араласу саласы ретінде қарастырған екен. Осы критерийлерге байланысты, сәйкесінше дискурс түрлерін де ажыратуға болады. Мысалы: педагогикалық дискурс, дипломатиялық дискурс, іскери дискурс, ғылыми дискурс т.б. түрлерін атауға болады. Осы орайда, біз болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың құрылымдық субкомпетенциясын айқындайтын боламыз. Ғалымдардың мәдениетаралық коммуникативті дискурс туралы тұжырымдары мен ұғымдарын талдау негізінде біз оның келесі құрылымдық компоненттерін ұсынамыз: *Кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенция* (тұлғаның кәсіби іс-әрекетке дайындығы мәселесін шешуді қарастырады.) *Коммуникативтік-аналитикалық субкомпетенция* (дипломатия саласындағы негізгі терминдер мен анықтамаларды, бұл шетел тіліндегі полемикалық және аргументтік дискурстарды дербес құруға, берілген қарым-қатынас жағдайына байланысты қарым-қатынастың тиімділігі туралы дағдыларды жүзеге асыруға қабілеттілік) *Болжамдық-кәсіби субкомпетенция* (стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешуге қабілеттілік пен дайындық, интеграция жағдайында көпмәдениетті кеңістікте мәдениетаралық кәсіби диалогты жүзеге асырушы ретінде қарастырып, оның тиімділігін талдап, түсіну және бағалау, оны жетілдіру стратегиясын анықтау болып табылады.).

Қорытындылай келе, коммуникативті дискурс, сөйлеудің нақтылануын және сөйлеуді қолданудың тұрақты түрлерін, коммуникативтік мінез-құлық пен қарым-қатынасты білдіреді. Сонымен қатар, коммуникацияның формальды интерпретациясын, тілді және оның бірліктерінің коммуникациялық және ситуациялық сипаты болып табылады және әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени жағдайлардың сипаттамасы ретінде пайдалану формуласындағы функционалды интерпретацияны сипаттайды деген тұжырым жасаймыз.

Коммуникативті дискурс тек тіл біліміне ғана қатысты емес, ол пәнаралық сипатқа ие, сондықтан оны қоғамның объективті қабылдауын және ондағы өзара әрекеттесудің ерекшеліктерін реттеуге бағытталған категория ретінде түсіну керек. Коммуникативті дискурстың негіздерін зерделеу барысында бірқатар жайттарға назар аудару керекпіз. Біріншіден, байланыс теориясы туралы кейіннен қосылған әдеби көздерде коммуникативтік процестің көптеген аспектілерін, сонымен қатар социология, психология және коммуникациялық риторика ғылымдары тұрғысынан талданған еңбектерді, коммуникативті модельдерге ықпал ететін зерттеулерді айтып өтуге болады. Осылайша, біз әлеуметтанушылардың, психологтардың еңбектеріне сүйене отырып, олардың нәтижелерін модельге пайдаландық. Сонымен қатар, қарым-қатынастың теориялық негіздерін жалпылама зерттеуге болмайды, оны тұлға туралы қазіргі заманғы идеяларды, коммуникативтік ортаны, арналарды, түрлері мен қарым-қатынас принциптерін ескере отырып, сөйлеу әрекеттерінің негізгі ерекшеліктерін оқу үдерісіне енгіздік.

Дипломатиялық дискурстың өзара іс-қимылының ерекше қағидаттарына сүйене отырып, біз осы жұмыста шетел тілі сабақтарында теориялық тұжырымдарды жүзеге асырамыз, олар: 1) қарым-қатынас стратегиясы; 2); Қабылданған мәтін түрі.

Демек, дискурс - бұл коммуникативтік контекст және қарым-қатынас құралы болып табылады. Дипломатиялық дискурстың стратегияларына сүйене отырып, біз оны қалыптастыру үшін біздің зерттеу жұмысымызға тиісті дискурсивтік-дипломатиялық, коммуникативтік-аналитикалық, болжамдық-кәсіби субкомпетенцияларды бөліп алып оқу үрдісінде қалыптастырамыз: Өйткені құзыреттілікті қалыптастыру дипломатиялық дискурстың құралдары мен технологияларын қолдануды талап етеді.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың компоненттік құрамын біз кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық, коммуникативтік-аналитикалық, болжамдық-кәсіби субкомпетенциялар бірлігінде қарастырамыз.



1- сурет. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың құрылымдық компоненті

Кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенцияның дискурсы дипломаттың кәсіби емес деңгейде дискурсивті байланыс пен қарым-қатынастарын жүзеге асыру қабілеті. Осы қосалқы құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында біз студенттерге келесі тапсырмаларды ұсынамыз:

- 1) келіссөздер жүргізу үшін материал дайындау;
- 2) іс-шараны өткізу бойынша вербалды нотаның мазмұнын қарау;

3) дипломатиялық құжаттардың үлгісі бойынша шақыру хатты дұрыс құрастыру.

Осы тапсырмаларды орындау барысында студенттер құжаттарды дұрыс толтыру дағдыларына ие болып, деректемелердің ресімделуі мен реттілігіне назар аударады. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенция ұғымы сөйлеудің лексикалық сауаттылығын игеруді, сөздер мен сөз тіркестерін таңдаудағы дәлдікті және олардың тақырыппен қарым-қатынас жағдайына сәйкестігін, лексикалық сөз тіркестерінің дұрыс қалыптасуын, сөз қорын және қолданылатын лексиканың алуан түрлілігін қамтиды.

Тілді таным процесінің ажырамас бөлігі ретінде қалыптастыруды және ойлауды қалыптастыруды қамтамасыз ететін кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенция.

Сонымен қатар, *коммуникативтік-аналитикалық субкомпетенция* студенттердің сана арқылы тілді өңдеудің барлық деңгейінде семантикалық-синтаксистік, прагматикалық жалпы когнитивтік механизмдерді қолдану қабілетін қамтамасыз етеді. Яғни білімгерлердің өз зияткерлік және танымдық қызметін басқаруға, таным әдіснамасын, таным және оқу тәсілдерін меңгеруге, логикалық және шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған. Коммуникативтік-аналитикалық субкомпетенцияны қалыптастыру үшін осы жұмыста студенттердің шет тілін тереңірек үйренуге деген қызығушылығын арттыру, ағылшын тілді орта құру арқылы тілдік білімін, біліктілігі мен дағдысын дамыту, студенттерді кәсіби қызметке барынша жақын шет тілдік қарым-қатынас жағдайларына «ендіру», қабылдау және сөйлеу дағдыларын және шоғырландыру арқылы тілдік білімін дамытуға, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға, халықаралық дискурсты жүзеге асыру мақсатында лексиканы пысықтауға арналған тапсырмаларды дайындап қарастыру қажет болады. Коммуникативтік-аналитикалық субкомпетенция бойынша болашақ дипломатты кәсіби қалыптастыру барысында келесі тапсырмаларды жасадық:

- дипломатия саласындағы негізгі терминдер мен анықтамаларды қолдану;
 - болашақ мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінуде зерттеушілік дағдыларын дамыту;
 - стандартты және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау және олар үшін жауапкершілік қасиеті;
 - мәдениетаралық коммуникация және адамдарға толеранттық тұрғысынан қарым-қатынас мәселелерін оңтайлы шешу;
- кәсіби мәселелерді түсінуде лингводидактикалық талдаудың негізгі ережелері мен әдістерін қолдана білу және тиімді кәсіби коммуникацияны жүзеге асыру үшін нақты тілдік ресурстарды пайдалану.

Болжамдық-кәсіби субкомпетенция - бұл қоғамның саяси өміріне саналы түрде қатысуға мүмкіндік беретін әлеуметтік білім, саяси іс-әрекеттің дағдылары, адамгершілік және азаматтық қасиеттер деңгейі. Шеттілдік білім

беруде болжамдық-кәсіби субкомпетенциясын қалыптастыруда болашақ дипломатардың тілдік тұлға ретінде басқа елдердің мамандарымен кәсіби бағдарланған қарым-қатынас жағдайында өзара іс-қимыл жасауға дайын, халықаралық ұтқырлық пен интеграция жағдайында көпмәдениетті кеңістікте мәдениетаралық кәсіби диалогты жүзеге асырушы ретінде қарастырылады. Болжамдық-кәсіби субкомпетенция кәсіби сауаттылық деп аталатын, мәселелерді жаһандық түсіну қабілетінің, әлеуметтік маңызды процестер мен проблемаларды ғылыми бағалау қабілетінің, қоғам дамуының белгілі бір аспектісінде қараудың, бостандық пен демократия таптарының қалыптасуына ықпал етудің, әлеуметтік қатар өмір сүру нормасы ретінде толеранттылықты тәрбиелеудің, өзінің жеке меншігі мен оның әлеуметтік-мәдени тұтастығын түсіну қабілеттерінің қалыптасқандығын білдіреді. Бұл субкомпетенцияның мақсаты лингвистика мен саясаттану түйіскен жерінде орналасқан зерттеудің осы бағытына тұтас көзқарасты қалыптастыру. Болашақ дипломаттардың лингвистикалық талдаудың негізгі ережелері мен әдістерін қолдана білуін, саяси әрекеттерді (құбылыстарды, процестерді, мәлімдемелерді) дискурс тұрғыдан талдай білу қабілетін қалыптастыру басты мақсатына айналған.

Аталған субкомпетенцияларды қалыптастыру үшін біз болашақ дипломаттарға 1) кәсіби коммуникативтік-сөйлеу іс-әрекетінің тетіктерін бағдарлай білуге; 2) кәсіби дискурс санаттарындағы міндеттерді тұжырымдауға; 3) мәдениетаралық коммуникация және адамдарға төзімділік тұрғысынан қарым-қатынас міндеттерін оңтайлы шешуге; 4) негізгі ережелер мен әдістерді қолдана білуге бағытталған тапсырмалар негізінде кәсіби мәселелерді түсінудегі лингводидактикалық талдау және тиімді кәсіби коммуникацияны жүзеге асыру үшін нақты тілдік ресурстарды пайдалану.

Мәдениетаралық коммуникацияның қарастырылып отырған компоненттері, біз қазіргі мобильді қоғамның барлық сын-тегеуріндеріне дайын жаңа буын студентін дайындайтын мұғалім қабылдауы тиіс бағытты анық көреміз [88, 358-363 бб.].

Осылайша аталған субкомпетенциялар болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың лингводидактикалық шарттарын анықтауға негіз болатыны айқындалды.

1.3 Шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың лингводидактикалық ерекшеліктері

Мемлекетіміздің «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға және кәсіби дамытуға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу т.б.» делінген және де білім беру жүйесін оның ішінде шеттілдік оқыту мәселесі бойынша да, одан ары дамыту міндеттерін көздейді [3].

Дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың лингводидактикалық ерекшеліктерін қарастырмастан бұрын, лингводидактика ұғымына тоқталып өтейік. Лингводидактикалық тапсырмалар

тілдерді оқыту әдістемесінің теориялық бөлігі ретінде дипломатиялық дискурстың міндеттерін оны шет тілінде оқыту тұрғысынан қарастыруға арналған. Мазмұны, тілдік білім беру тұжырымдамасы, оқытудың ұйымдастырушылық формалары, оқыту процесінің механизмдері мен жүйелілігі дипломатиялық дискурсты түсінудің шет тілін оқыту процесінің теориялық негіздемесі және оны зерттеу нысаны ретінде айқындалады. Лингводидактикалық зерттеулердің нақты әдістері мен тәсілдері әртүрлілігімен ерекшеленеді, олардың вариациялары пәннің сипаттамасын, мақсатын және зерттеудің тандап алынған аспектісімен тікелей байланысты болып келеді. Әрбір жаңа әдісті жоққа шығармайды, олардың барлығы біртұтас қосымша принциптермен байланысты, яғни олардың әрқайсысы танымның түрлі мақсаты мен көзқарасы жағынан нысанның түрлі жақтарының жаңа көрінісін ашады.

Лингводидактика лингвистикалық және дидактикалық білімнің синтетикалық саласының тиімді моделі болып табылады. Зерттеуші Н.Д.Гальскованың анықтамасында лингводидактика шетел тілдерін оқыту теориясы ретінде қарастырылады, оның мақсаты осы процестің алдын-ала жоспарланған әртүрлі нәтижелеріне қатысты шетел тілін оқыту әдіснамасының негіздерін жасау делінген [89].

Бұл анықтамадан көрініп тұрғандай, екінші деңгейлі тілдік тұлға ұғымы қазіргі тілдік білім берудің мақсатын тұжырымдаумен тығыз байланысты, яғни, болашақ дипломаттың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, оны жүзеге асыру қабілеті мен дайындығы ретінде түсіндіріледі. Дипломатиялық шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда болашақ дипломатқа оқытылатын тілдің елі және сонымен бірге өз елінің мәдениетінің құндылығын сезіну және оны қарым-қатынас процесінде көрсету мүмкіндігі басты орынға ие.

Бұл зерттеуде дипломатиялық шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда болашақ дипломаттың тілдік тұлғасын сипаттайтын маманның шетел тіліндегі коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Кәсіби лингводидактика жоғарыдағы талдаулардан байқағанымыздай, тілдік тұлғаның жаңа моделінің компоненттік құрамын анықтауға арналған.

Қазіргі лингводидактика өзінің орталық категориясы ретінде тұлғаның басқа мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесуі ретінде ұғындырылатын мәдениетаралық деңгейдегі шеттілдік қарым-қатынастағы қабілеттерінің жиынтығы ретінде түсінілетін қосалқы тілдік тұлға түсінігін алға тартады.

Біздің зерттеуіміздің міндетіне тек тілді оқыту ғана емес, сонымен қатар студенттердің дипломатиялық дискурстың қалыптасу процесі де кіреді.

Бұл жағдайда тілді оқытудың, нақты тіл материалдарындағы эмпирикалық зерттеулермен анықталған объективті мәліметтерді берумен ғана емес, сонымен қатар оқытудың нақты жағдайына қарамастан, тілді оқыту үдерісіне әсер ететін терең теориялық негіздемелері бар факторларды да алға қою керек.

Дипломаттану мамандығы бойынша шетел тілін кәсіби даярлау пәнінің мазмұнын көрсететін бірлік, «концепция саласы» мәдениет дүниетанымы арқылы шындықты бейнелейтін шетел тілдері мен шетелдік мәдениетті өзара байланыстыру мәселесін алдын-ала таңдалған сөйлеу-коммуникативтік және лингвистикалық минимумы бар когнитивті-тілдік-мәдени кешені ретінде анықтайды.

Лингвистикалық әдебиетте «концепт» термині тиісті сипаттамасы бар анықтама ретінде ұсынылып, жан-жақты белгілері бойынша айқындалады. Мысалы, ғалым А.С.Золотникованың тұжырымына сүйенсек, көптеген жайттарды «қосалқы» мәтінінде ұлттық, мәдени ерекшелігі мен қандай да бір өмірлік тәжірибеде орын алған ұқсас қарым-қатынас орнатуға көмектесетін ұғымдармен түсіндіреді [90].

Зерттеуші В.Е.Чернявская тұжырымдаманы мағынаның бір көрінісі ретінде қарастырмайды және оны бір немесе бірнеше басқа тілдік формамен сипатталған ұжымдық санадағы негізгі мәдени әлеуметтік-психикалық білімге жатқызады [91].

Дискурстың тұжырымдамасы лингводидактикалық білімдердің когнитивті-дискурстық парадигмасына енгізілген дискурсты талдаудың когнитивтік үлгілерін дискурстық тәжірибелер мен мәтіндерді жасау мен қабылдау үдерістерін тереңірек талдауға арналған тиімді құрал болып табылады. Дискурс талдауын Т.А.Ван Дэйк когнитивті құрылымдарды әлеуметтік-танымдық көзқарастың бөлігі ретінде айқындай отырып, аралық әлеуметтік және дискурстық тәжірибелер ретінде қарастырады [76, 10 б.].

Сонымен қатар дискурстық зерттеулер әлеуметтік лингвистика, саясаттану, когнитивтік лингвистика, мәтіндік лингвистика және онымен байланысты лингвистиканың түрлі бағыттары тоғысатын саяси лингвистика аясында жүргізеді. Қандай да бір құндылықтарға жатпайтын жүйелер саяси лингвистика аясында қарастырылған маңызды аспект болып табылады. Аталған жайттар саяси лингвистиканың әдістерін қолданатын коммуникацияның заңдарын зерттеуде қарым-қатынастың белгілі бір типтік қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді, олар:

- салт-дәстүрлік және ақпаратқа ие болу;
- ақпараттың толықтығы;
- стандартты және мәнерлі;
- айқын және жасырын бағалау;
- агрессиялық және төзімділік секілді антиномиялар түрінде ұсынылады.

Диалогтың негізінде нақты диалогтық, «қашықтықтағы диалогтар», интермәтіндік деген үш жетекші түрлері бөлініп жіктелген. Мәтін дискурста бағаланатындықтан, «оның құрылу және әрекет етуінің нақты жағдайларын ескере отырып», мәтіннің авторға тән белгісі және кімге арналатындығы, яғни мәтіннің дискурстық сипаттамалары орын алған коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларда көрінетін автордың ниеті, мақсаты маңызды орынға ие. Талданатын мәтін мен «сол оқиғаларды сипаттауға бағытталған көптеген басқа мәтіндер» арасындағы қандай да бір байланыс та зерттелінеді. Сонымен қатар, зерттеушілер ұсынған дискурстың «жүйелілік» және «ауқымды» ұғымдары мен

әр түрлі дискурстарда субъектілердің әрекет ету қабілетін ескере отырып, осы мәтінге пара-пар басқа дискурстардың өзара әрекеттесуін жеке қарастыруға болады.

Дипломатиялық дискурстың (ДД) лингвистикалық талдауының негізі ретінде біз «мәтін», «дискурс» және «коммуникация» ұғымдарының өзара байланысын және коммуникативтік оқиғаларды мәтіндік деңгейде және дискурстық тәжірибеде талдауға арналған схеманы қарастырамыз, ол дискурстың өзіне тән ерекшеліктерін, тілдік бірліктер (стилистикалық, лексика-семантикалық, синтаксистік, дипломатиялық құжаттардың прагматикалық ерекшеліктерін талдау) деңгейінде дискурстың белгілерін зерттеуді болжайды. Осы зерттеудегі дипломатиялық дискурсты құндылықтарға қарама-қарсы мазмұн тұрғысынан, мәтіннің авторы және оның мақсатты көзқарастары, әңгімедегі зерттелген мәтіндердің өзара байланысы, қарым-қатынастың типтік қасиеттері мен функциялары тұрғысынан зерттеуге тиімді деп санаймыз.

Диссертацияда дипломаттардың қарым-қатынастарын стратегиялық тұрғыдан талдау үшін зерттеуші Б.О.Йокояманың дискурсындағы когнитивтік зерттеудің ұсынған ережелерін қолдану мүмкіндігін қарастырамыз. Коммуникацияның стратегиялық сипаты коммуникативтік актінің пайда болу жағдайларын, коммуникация субъектілерінің өзара әрекеттесуінің динамикалық сипатын, ақпараттық дискурстың («ақпаратты игермеу презумпциясы» және өзектілігін талап ету) пайда болу себептерін, коммуникацияның даму мүмкіндіктерін, адресанттың әдейі жіберетін қате тұжырымдары мен импозициясын көрсетеді. Коммуникативтік стратегиялар негізіне адресанттың дискурстық мінез-құлық тәртібіне (дискурстық жағдайға барынша жан-жақты бағалау беру) және адресаттың (алған білімін растау, жағдаятты жасаушының бағалауында қателік кеткен соң, оған түзету жасау; адресатқа арналған жағдаятты импозициялық бағалауды қабылдау) сипаттары жатады [92].

Жалпы дискурстық тұжырымдаманы когнитивтік-лингвомәдени ерекшеліктерімен белгіленген танымдық білім ретінде таңдау бағыты гуманитарлық пәндердің антропоцентрлік парадигмасын қалыптастырудағы, атап айтқанда лингвистикалық білімді қалыптастырудағы табиғи қадам болып табылады.

Тұжырымдамада негізінен, осы тілдің негізгі ұлттық-мәдени прототипінің табиғи тілінің семантикалық жүйесінде бекітілген этно-семантикалық тұлғаға қатысты жеке және объективисттік тұжырымдамасы бар.

Ғалым Ө.Айтбаевтың пікірінше этномәдени дәйектемелер арқылы жүзеге асырылатын «тіліне сай тұлғаның бейнесін» қалпына келтіру дәстүрлі емес (бағалау) модельдік логика негіздегі айтылымның теориясындағы ойлау мен сөйлеу субъектісіне қатысты белгілі бір айтылым мен пропозицияның іске асуына сәйкес келеді[93].

Демек, айтылған тұжырымдамалар тиісті лексикалық-семантикалық парадигмасын жасайтын бірқатар тілдік коммуникацияда іске асырылу арқылы жүзеге асырылған көзқарас тұрғысынан ұсынылған вербалды мағына. Лингвистикалық тұрғыдағы дипломаттар туралы тұжырымдаманы қолдану барысында семантикалық ерекшеліктердің кемінде екі қатарын қамту қажет.

Біріншіден, ол лексика-семантикалық парадигмасын «қолданысқа бекітіп», оның тұжырымдамалық немесе прототиптік негізін қалыптастыратын барлық тілді қолдану үшін ортақ болып табылатын мағыналарды ғана қамтиды.

Екіншіден, лингво-дипломаттық, этно-семантикалық ерекшелікпен сипатталатын және ана тілін білетін адамдармен немесе ұлттық лингвистикалық тұлғаның менталитетімен байланыста енгізудің кем дегенде бір бөлігі үшін жалпы болып табылатын семантикалық белгілері кіреді. Зерттеуші ғалым Д.Аперсиян атап көрсеткендей: «тұжырымдаманың семантикасын екі бөлікке «бөлу» бір дәрежеде ұсынған лексикографиялық постулаттарға сәйкес келеді, сөздің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің болуы оған концепт мәртебесін беретін белгімен танылады [94].

Лингводидактикалық сипаттағы тұжырымдамаға және міндеттерді анықтауға арналған көзқарастарды талдау кезінде біз дискурсивті құзыреттілігін қалыптастырушы интегративтік сипаттағы тапсырмалар дискурстың дипломатиялық мәдени ерекшеліктері мен тілдік стратегияларын шет тілі сабақтарында қолданылады. Демек, болашақ дипломаттың экономика, құқық, саясат (геосаясат), дипломаттық зерттеулер, мәдениет (тарих, этнология, дінтану, әдебиет, өнер) саласында да өз ұғымдық аппараты болуы керек. Кәсіби білім беру үрдісінде студенттер шетел тілінде осыған ұқсас мәселелерді талқылап, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға негізделген бірдей тұжырымдамалық аппаратты тікелей меңгергені дұрыс.

Қазіргі жағдайда кәсіби шетел тілін меңгермей, бүгінгі күннің бәсекеге қабілетті кәсіпқой маманы бола алмайды, ал екінші жағынан, шетел тілін білу дегенді көптеген мамандарға кәсіби шетел тілін білудің маңыздылығын дәйектеуге жеткіліксіз.

Дипломатиятану саласындағы мамандар өздерінің кәсіби мақсаттарына сәйкес:

- бағалаудың әлеуметтік-экономикалық өмірін кешенді зерттеудің өзіндік әдістерін білу;
- зерттелген ауқымда этнография, археология және диалектология саласындағы тиісті зерттеу әдістері мен нәтижелерін білу;
- зерттеу нысаны бойынша сол аймақтағы әлеуметтік, саяси, экономикалық даму ерекшеліктерін білу арқасында әлеуметтік-саяси және мәдени процестерді модельдеу және болжау мүмкіндігіне ие бола алады [17, 120 б.].

Алайда, бұл ережелер, біздің ойымызша, дипломат маманның кәсіпқой қажетті білімдері мен дағдыларына, сондай-ақ маманның жеке қасиеттері мен қабілеттеріне негізделген бітіруші түлектердің біліктілік сипаттамаларын анықтамайды және көрсетпейді, ол іс-әрекет саласын жеткілікті түрде сипаттамайды. Мысалы, білікті дипломат маман болу үшін мықты сарапшы, көрнекі болжағыш, сөз шебері, білікті саясаткер және мәмілегер болу керек.

Мамандарды даярлаудың интегративтік негізінің ерекшелігі сол, шетел тілін осы мамандықтың түрлі циклдар пәндерімен ең тығыз байланыстыратын материалдарды іріктеуді талап етеді. «Дипломаттану» мамандығы табиғи, гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерден ақпаратты біріктіретін көп

функционалды, синтезделген мамандық болып табылатынын ескере отырып, сәйкесінше, ұсынылған курстың мазмұнын таңдауға арналған әдіс, аталған барлық циклдердің шеттілдік аппаратының «жүйелі тәртібін» қанағаттандыруы керектігін ұмытпаған жөн.

Осыған байланысты, ішкі және пәнаралық байланыстарды жүргізуді қолға алу қажет. Аталған пәнаралық байланыстардың одан әрі даму барысы оқу пәндерінің негізіне әсер етеді және бүкіл оқу үдерісін жетілдіру үшін түбегейлі маңызға ие. Олар ғылыми білімді трансформациялау негізінде оқу білімін интеграциялауды білдіреді және оқыту мен оқуды жүзеге асыруға тікелей әсер етеді.

Дипломатиялық шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың қазіргі лингводидактика бойынша оқыту ерекшеліктері мынандай болып келеді:

- оқып жатқан ел туралы мәдениетанымдық және лингвотанымдық материалды білу;
- мәдени релятивизм принциптері өзге тілде қабылданған тәртіп модельдері мен нормалардың бірлігін сақтау;
- әлеуметтік жағдайлардың өзара әрекет етудің типтік сценарийлері, мәдениетаралық байланыс жасаудың әр түрлі мақсаттарында қолданылатын құрылымдарын игеру;
- аталған функционалды шеттілдік нормаларының өзгерістері, дипломатиялық тілдің тұрақты бекітілген ерекшеліктерін білу;

Шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруда болашақ дипломаттар:

- өз тілінде сөйлей білуге тиіс және оқып жатқан елінің әлеуметтік мәдени айырмашылықтарына сәйкестіктерді құра білу;
- өзге тілді мәдениетаралық байланыс ерекшелігінде өз елінің мәдени ерекшеліктеріне қарай мәдениет дискурсын жүргізу;
- әр түрлі коммуникативтік жағдаяттарда ақпаратты жеткізу мақсатында тілдік құралдарды дұрыс қолданып, өз ойларын жүзеге асыру;
- қарым-қатынастың жалпы және кәсіби салаларында дискурс жүргізу;
- ауызша және жазбаша коммуникацияда этикалық формулаларды пайдалану;
- оқу барысын ұйымдастырудың прогрессивтік технологияларын пайдалана алу қажет.

Шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруда болашақ дипломаттар келесі дағдыларды меңгеруі қажет:

- шет елдерде қабылданған нормаларға сәйкес сөйлеу және мінез-құлық этикетін сақтау;
- коммуникативтік контексті жүзеге асырудың негізгі дискурсивті тәсілдерін (өзара әрекет етудің уақыты, орны, мақсаттары мен шарттары) білу;
- әлеуметтік және кәсіби қатынастардың сәйкестігін қамтамасыз ететін әлеуметтік және мәдени коммуникацияларды білу;

- ресми қарым-қатынастың бейтарап және ресми емес регистрін жасай білу;

- ойлау мәдениетін игеруге, қорытындылауға, талдауға, ақпаратты қабылдауға, мақсатты қоюға және оған жету жолдарын таңдауға қабілеті болу керек.

Шеттілдік дипломатиялық, мәдениетаралық, коммуникативтік дискурсты қалыптастыруда болашақ дипломаттар келесі бағыт бойынша:

- шетелдік тілдердің орфографиялық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық нормаларын;

- «шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік» ұғымының мәні және оның түрлерін;

- өзара әрекет жасаудың негізгі әдістерін, тәсілдерін;

- белгілі тілде сөйлеушілердің әлеуметтік және сөйлеу мінез-құқының ұлттық мәдени ерекшеліктерін;

- ауызша сөйлеуді рәсімдеудің негізгі интонациялық ерекшеліктерін;

- инновациялық технологияларды пайдалана отырып, шеттілдік оқытудың тәсілдері мен әдістері, негізгі ұғымдарын, аталған оқыту нәтижелерін білуі тиіс.

Бұл тараушаның мақсаты – болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда лингводидактикалық шарттар жиынтығын бөліп көрсету және теориялық тұрғыдан негіздеу болып табылады.


ЖОО-да кәсіби даярлау процесінде болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруға ықпал ететін лингводидактикалық шарттарды анықтаған кезде біз қоғамның әлеуметтік тапсырыс факторларын ескердік. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерді талдау және жоғары білім беру жүйесіндегі жұмыс тәжірибесін ескере отырып, бұл процесс келесі лингводидактикалық шарттарды ескере отырып құрылатын болса, кәсіби дайындық процесінде болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру мүмкін болады деп айтуға мүмкіндік береді.

Біз ұсынып отырған лингводидактикалық шарттар:

- болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың барлық субкомпетенцияларын дамытуға ықпал ететін білім беру ортасын құру;

- шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру процесінде болашақ дипломаттардың коммуникациясын дамытуға бағытталған тапсырмалардың арнайы жүйесін пайдалану;

- интегративтік технологияны қолдану болып табылады.



Сурет-2. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары

Ұсынылып отырған лингводидактикалық шарттардың тұтас көрінісін жасау үшін әрқайсысының сипаттамасына тоқталып өттік.

Біздің бірінші қарастырып отырған лингводидактикалық шартымыз- болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың барлық субкомпетенцияларын дамытуға ықпал ететін білім беру ортасын құру болып табылады.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білім беру ортасы сияқты құбылысты білім беру сапасын зерттеудің жалпы мәселелерінде мұқият зерделеу мәселелері бірінші орынға шығады. Білім беру ортасы-білім алушыға оқыту және тұлғалық-кәсіби даму үшін қажетті ресурстар жиынтығын беретін мүмкіндіктер жүйесі. Маманның тұлғалық аясының қалыптасуы тек мақсатты оқу-тәрбие процесінің ғана емес, сонымен қатар ол жоғары оқу орнында оқуды бастаған кезде кездесетін нақты кәсіби ортаның әсерінен жүзеге асады.

Зерттеушілер ортаны жеке тұлғаны дамытудың жалпыланған, жиынтық, біріктірілген, біртұтас факторы ретінде қарастырады. Тұлға теорияларының әрқайсысы белгілі бір дәрежеде орта ұғымына жүгінеді. Білім беру ортасы туралы ілімге С. Выготский психологиялық талдауында субъект пен оның қоршаған ортасының бірлігін бұзбауы керек, бірақ адамның өзін қоршаған шындыққа деген көзқарасына бағытталуы керек деп атап көрсетеді. Б. Ф. Скиннердің ілімінде қоршаған орта мінез-құлықты өзгертуде шешуші болып табылады, ол «жоспарланған қоршаған орта факторларының» салдары ретінде қолданылады.

Білім беру ортасының ерекшелігі және білім беру ортасы мәселелерінің әртүрлі аспектілері Д.Б.Беляев, В.С. Библер, В. Г. Бочарова, Ю. С. Бродский, Р. Б. Вендровская, Н. И. Вюнова, Н. А. Ветлугин, В. Г. Воронцов, З. А. Галагузова, С. Д. Дерябко, М. М. Князева, В. А. Козырева, Н. Б. Крылова, Т. Н. Малковская, Ю. С. Мануйлова, Л. И. Новикованың жұмыстарында қарастырылған.

Тұжырымдай келе, болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда білім беру ортасы келесі постулаттарды қамтиды:

- қоғамда тиімді қарым-қатынас жасай білуі;
- болашақ дипломаттың дискурсты әзірлеу, ұйымдастыру және іске асыруда өзінің жеке және кәсіби қасиеттерін қолдану қабілеті;
- жаңа функцияларды игеру, өз бетінше ойлау, сондай-ақ соңғы өзгерістер мен жаңалықтардан хабардар болу.

Осылайша, біз қарастыратын орта мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруға кең мүмкіндіктер береді. Мәселен, болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда оқу іс-әрекетінің мақсаттарын бейнелеуге, міндеттерін анықтауға, мазмұнын игеруге, оқу әрекетін жүзеге асыру шарттарын көрсетуге, ерекшеліктерін белгілеуге ықпалын тигізеді. Сонымен, алынған теориялық білім тәжірибеде қолданылады, оның барысында дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың барлық субкомпетенцияларын меңгеру жүреді және кәсіби іс-әрекетке қажетті құндылық-семантикалық қатынас қалыптасады.

Болашақ дипломаттардың шетел тілін меңгерутуді жүзеге асыру қабілеті, болашақта іс жүзінде оны пайдалану барысында әдістемелік ұйымдастырылған, білім беру мен дамытушы ақпараттық ортада тұтастай жүйе ретінде ұйымдастырған жағдайда ғана дамиды. Мамандарға білім беру ортасының негізгі ақпараттық толықтырылуын кәсіби бағдарланған мәтіндер (шетел тіліндегі салалық және арнайы дереккөздерден алынған мәтіндер, шетел тіліндегі микромәтіндер) қамтамасыз етеді.

Шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру барысындағы шетел тіліндегі мәтіндерді қолдану арқылы дербестікті қалыптастыру үшін, оқыту бірлігіне келесі талаптар енгізіледі.

- қалыптастыруға жататын іс-әрекеттерді айқындайтын нақты міндеттердің болуы;
- дипломаттардың ойлау және сөйлеу белсенділігін ынталандыру міндеттерін проблемалық тұжырымдау;
- сөйлеу іс-әрекетінің белгілі бір түрін оқытуға бағыттау;
- пән бойынша оқытудың түпкі мақсатының ара-қатынасын сақтау;
- ынталандыру немесе нәтижеге қызығушылықты қалыптастыру;
- кері байланыс орнату.

Екінші қарастырып отырған лингводидактикалық шарт- шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру процесінде болашақ дипломаттардың коммуникациясын дамытуды қамтамасыз ететін тапсырмалар жүйесін пайдалану болып табылады. тапсырмалардың өзі осы іс- әрекеттің құрылымдық бірлігі ретінде бөлінеді. Мұндай тапсырмалар жүйесі келесі талаптарға сай болуы керек:

- шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруды жүзеге асырудың негізі болып табылатын кәсіби маңызды білім жүйесін меңгеруді қамтамасыз етуі тиіс;

- коммуникативтік дискурсты қалыптастыру дағдыларының түрлерін дамытуға ықпал ету;
- коммуникативтік дискурсты қалыптастыру іс-әрекетінің маңызды әдістерін меңгеруге ықпал ету;
- шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру процесінде болашақ дипломаттардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін кәсіби қарым-қатынас тәжірибесін меңгеруге бағдарлануы.

Ұсынылып отырған шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру процесінде болашақ дипломаттардың коммуникациясын дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесі келесі:

- шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруға бағытталған мотивациялық-таныстыру тапсырмалары;
- шеттілдік білім беру саласындағы болашақ дипломаттардың таңдалған қызмет саласындағы әлеуметтік рөлдермен таныстыруды қамтамасыз ететін өкілдік тапсырмалар;
- шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруға бағытталған нәтижелі тапсырмалар;
- әр түрлі кәсіби іс-әрекет түрлерінің интегративтік байланыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шығармашылық тапсырмалар түрлерін қамтиды.

Шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру процесі міндетті түрде жоғары деңгейдегі коммуникативті бағыттағы тапсырмаларды орындауды талап етеді. Ұсынылған тапсырмалар жүйесі болашақ дипломаттарды кәсіби қарым-қатынас процесіне ынталандыруға, кәсіби дәлелдеу негіздерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен әзірленген бағдарлама (А-қосымшасы) болашақ дипломаттың өз іс-әрекетінің субкомпетенцияларының дұрыс дамуына көмектеседі.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда диалог режиміндегі практикалық сабақтар, пікірталастар, рөлдік ойындар, оның ішінде нақты жағдайларды талдау және т.б. сияқты интерактивті формаларын кеңінен қолдануды талап етеді.

Келесі кезекте біз қарастырып отырған үшінші лингводидактикалық шарт болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру процесінде үнемі өзгеріп отыратын кәсіби ортада құндылық бағдарларды меңгеруге ықпал ететін *интегративтік технология* болып отыр.

Ғылымда интегративтік технология өзара әрекеттесуді, сөйлесу режимінде болуды, біреумен диалогқа түсуді білдіреді. Интегративтік технология болашақ дипломаттардың оқытушымен ғана емес, сонымен бірге өзара әрекеттесуіне бағытталған және оқу процесінде бір-бірімен белсенді әрекеттесуін білдіреді. Интегративтік технологияны қолдану біздің зерттеуіміз

үшін келесі себептерге байланысты өзекті болып табылады: студент өзінің жетістігін, оның интеллектуалдық құзыреттілігін сезінетін қолайлы оқу ортасын құрады, соның арқасында оқу процесі өнімді деңгейге жеткізіледі.

«Интегративтік технологиялар» ұғымы қазіргі тәжірибеде қалыптасқан мысалдармен салыстырғанда оқытушы ұйымдастырған өзара әрекеттесу процесінде субъектілердің белсенділік әрекеттері негізінде қолданылады.

Оқу процесін ұйымдастыруда интегративтік оқыту арқылы болашақ дипломаттардың оқу материалын игерудегі ұжымдық іс-әрекетін, білімдері, ойлары, іс-әрекеттерін дамыту әдістерімен алмасады. Оқытудың интегративтік әдістері біздің зерттеуімізде формалар жағынан тиімді де өзекті болып отыр, өйткені аталған әдіс әртүрлі көзқарастарды біріктіреді, болашақ дипломаттардың тәжірибесіне жүгінеді, олардың белсенді әрекеттерін қарастырады, теория мен практиканы байланыстырады, қатысушылардың тәжірибесін өзара дамытады.

Зерттеу кезеңінде интерактивті оқыту келесі жалпы нәтижелерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

1) Оқытудың интерактивті әдістері практикалық мәселелерді шешуде білімді түсініп игеру және шығармашылықпен қолдану қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдістің ұтымдылығы болашақ дипломаттардың тек білім алу процесіне белсенді түрде қатысуларын ғана емес, сонымен қатар білімді тікелей пайдалануында.

2) Интегративтік оқыту болашақ дипломаттардың ынтымақтасуын және қандай да бір мәселелерді шешуге қатысуына ықпал етеді, бұл біздің зерттеуіміздің өзектілігін нақтылап, кейінгі іздеу жүйесіне эмоционалды серпін береді, сонымен қатар болашақ дипломаттардың белсенділігін нақты іс-әрекеттерде көрсетуге ықпал етеді, оқу процесі жоғары деңгейде болады.

3) Интегративтік оқыту әдеттен тыс ойлау қабілетін, проблемалық жағдаятты, одан шығу жолдарын көре білуді қалыптастырады; өз ұстанымдарын, өмірдегі құндылықтарын негіздеу, қарсыластарына төзімділік пен мейірімділік таныта отырып, басқа көзқарасты тыңдай білу, ынтымақтастық орнату, серіктестік қарым-қатынасқа түсу сияқты қасиеттерді дамытады.

4) Оқытудың интегративтік технологияларын қолдану білімді игеруді және алынған білімді, дағдыларды әр түрлі жағдайларда қолдана білуді бақылауға мүмкіндік береді. Яғни, оқу процесін креативті ұйымдастыру, студенттердің ауқымды оқу материалын игеруі, тұлғааралық өзара әрекеттесуге мотивациялық дайындықты қалыптастыру тек оқу іс-әрекетінде ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс жұмыстарда да дипломатиялық дискурстың белгілі бір деңгейіне жету нәтижелеріне әкеледі.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру бойынша оқыту жұмысының интегративтік формаларының *міндеттеріне* студенттердің зерттелетін пәнге деген қызығушылығын ояту, оқу материалын тиімді игеру, студенттердің қойылған проблемалық мәселені шешу жолдары мен нұсқаларын өз бетінше іздестіру және ұсынылған нұсқалардың бірін таңдау немесе өз нұсқасын тауып,

шешімді негіздеу, студенттер арасында өзара әрекеттестік орнату, ұжымдық жұмыс жасауға үйрету, кез келген көзқарасқа өз ойын айту, сөз бостандығы құқықтарын және жеке тұлғаның қадір-қасиетін құрметтеу жатады.

Дипломатия ұғымдары мен анықтамаларына лингвистиканың көзқарастарын жалпылау тұжырымдамасы бізге дипломатиялық мәдени ерекшеліктермен және лингвистикалық бейнелермен ерекшеленетін білімнің/сананың (жоғары рухани құндылықтарды жіберуші) ұжымдық бірлігі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан да, кәсіби білім беру процесінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруда, шетел тілінде ұқсас мәселелерді талқылауда болашақ дипломаттар бірдей ұжымдық аппаратты игеруі керек [95, 182-195 бб.].

Ұсынылып отырған лингводидактикалық шарттарды негіздей отырып, біз зерттеу жұмысымыздың келесі бөлімінде болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың құрылымдық моделін қарастырамыз.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын оқыту барысында қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері бойынша ғылыми еңбектер мен зерттеу жұмыстарын талдай отырып, келесі тұжырымдар жасалынды:

Біріншіден, қазіргі дипломатиялық дискурс пәнаралық сипатқа ие бола отырып шеттілдік білім мен кәсіби білім арасындағы байланысты алға тартады. Бұған шетел тілін жетік білу, оның сөздік, грамматикалық және стилистикалық ережелерін білу, сәтті қарым-қатынас жасауды (ауызша немесе жазбаша) жетік меңгеріп қана қоймай, екі мемлекеттің ресми өкілі ретінде өз саласында екі елдің дипломатиялық заңдылықтарын, саяси-экономикалық ахуалымен таныс, мәдениеті мен әлеуметтік орта нормаларын меңгерген, халықаралық келіссөздерді сәтті өткізе алатын, халықаралық қатынастар саласында екі елдің мүддесіне нұқсан келтірмей, тиімді шешім қабылдай алатын құзыретті маман ретінде даярлау керек. Шеттілдік білім беруде болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың маңызы ерекше болғандықтан, маманның дискурсивті құзыреттілігін дамыту алдыңғы қатарға шығады. Қазіргі зерттеушілердің коммуникативтік дискурс тақырыбына көбірек көңіл бөлуіне және шеттілдік коммуникативтік дискурсты лингвистикалық және әлеуметтік ғылымдар құрылымындағы маңызды элемент ретінде қарастырып отырғанына қарамастан, бұл тақырып әлі толық зерттелген емес және ғылыми зерттеулерге арналған нысан болып табылады.

Екіншіден, болашақ дипломат мамандарды даярлауда ғасырлар бойы дамып келе жатқан дипломатияның ұйымдастырушылық формалары өзінің тиімділігін тек ішкі және сыртқы факторлардың белгілі бір үйлесімі аясында көрсетті, сыртқы факторлар әрдайым сәттілікке кепілдік бермейді. Қазақстан Республикасының мемлекетінің дипломатиясы мен дипломатиялық тәжірибесі бірнеше даму кезеңдерден өтті, оның аясында көптеген маңызды міндеттер әлі қарастырылуда. Қандай да бір дәуірдің дипломаттарға талаптарды қойғанына

қарамастан, олардың кәсіби маман ретіндегі игеретін білімі, дағдылары, құзыреттілігі мен шешуге тиісті міндеттері сараланып қарастырылды. Дегенмен, халықаралық қатынастар мен ондағы кәсіби маманға деген зәрулік және ондағы дипломаттық дискурсты қарастыру әлі де тың мәселе болып қала береді.

Осыған байланысты болашақ маманның кәсіби дискурсивті құзыреті кезең-кезеңімен қалыптасады. Бұл құзыреттің құрылымына мыналар кіреді: дипломатия саласындағы білім, шет тілдерін жоғары деңгейде меңгеру, Қазақстан Республикасының Конституциясын, "дипломатиялық қызмет" бойынша Қазақстан Республикасының заңдарын сақтау. Сондықтан сабақта материал ретінде халықаралық шарттарды, дипломатиялық заңнаманы талдау ұсынылады. Осылайша, болашақ дипломаттардың ұлттық мүдделерді шешудің тиімділігі мен өз мемлекетінің қауіпсіздігін ескере отырып, әлемдік деңгейде болып жатқан Жаһандану жағдайындағы жағымсыз жақтарды жою дағдылары қалыптасады. Яғни ақпараттық технологияларды жақсы меңгеріп, ағымдағы мәліметтерді кәсіби деңгейде талдап отыру; жұмыс барысында қызметкер мемлеттік тіл - қазақ тілін, сонымен қатар, шет тілдерде өз мамандығының мәселесі төңірегінде еркін сұхбат жасай білу, кәсіби дискур жүргізіп, сараптамалық құжаттар жаза білу аса маңызды болып табылады.

Үшіншіден, шетел тілін оқытудағы интегративті тәсілдің (әдістемелік, ұйымдастырушылық-белсенді және мазмұнды компоненттері) құрылымын нақты жүйелеу қажет. Аталмыш құрылым шетел тілін оқытудағы интегративті тәсілдің негізгі принциптерін ескере отырып, болашақ дипломат маман бойындағы дискурсивті құзыреттілікті дамытуға негізделуі керек. Сонымен қатар, шеттілдік білім беруде интегративті тәсілдің негізгі мақсаттарын, әдіс-құралдарын, кезеңдерін, талаптарын, шарттарын, лингводидактикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдайларын, әлеуметтік-белсенділік шарттарын бөліп көрсету маңызды болып табылады. Бұл шеттілдік білім беруде интегративті тәсілді қолданудың оң нәтижесіне қол жеткізеді. Интегративті тәсіл лингводидактикалық процестің кез-келген компонентінде интеграция принципін жүзеге асырады, рпроцестің тұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Осы бағытта, болашақ дипломат маман өзін моральдық және этикалық бағытағы құзыреттіліктерін дамыта отырып, шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты меңгеруі, диалог жүргізу барысында қарапайымдылық пен сыйластық қатынасты ұстаным мен принциптерін меңгеру тиіс. Қарым-қатынастқа түсіп отырған мемлекет өкілі ретінде, шетел тілін жетік меңгерген кәсіби маман ретінде, шет елдерге мемлекеттік елшілікте және өзге де дипломатиялық мекемелерге қызмет етуде сол елдің заңдылықтары мен тәртібін сақтай отырып, кәсіби дипломаттармен тәжірибе алмаса отырып, өз білімін, кәсіби деңгейін дамыту, мемлекеттік қызмет жүйесін жақсы қалыптастыруға аса көңіл бөлінуі қажет. Дипломатия мамандарының қарым-қатынас саласындағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативті дискурсы кәсіби өзара әрекеттесуге тән өзіндік шеттілдік лингвокоммуникативті, шеттілдік лингвистикалық және шеттілдік әлеуметтік-

мәдени ерекшеліктерге ие. Лингвистикалық құзыреттілік шеттілдік білім берудің негізі ретіне кәсіби білім саласында маңызды компонент ретінде қарастырылады.

2 БОЛАШАҚ ДИПЛОМАТТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ДИСКУРСЫН ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Болашақ дипломат мамандарының мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың моделі

Қазіргі жаһандану жағдайында шеттілдік білім беру мәселесі жан-жақты дамып, жиі өзгерістер енгізілуде. Мамандарды даярлау процесінде жастардың кәсіби ортаға бейімделуіне ықпал ететін, бәсекеге қабілеттілігін арттыратын ауқымды мәселе - тұлғалыққа және біліктілікке бағыттау ең басты рөл атқарады. Бүгінгі таңдағы жаңа әлеуметтік экономикалық жағдайда, тиімді, нәтижелі еңбек етуге қабілетті, білікті мамандарға сұраныс өсіп отырғаны белгілі. Білім беру үрдісіндегі кәсіби білім берудің басты мақсаты тұлғаны бірнәрсе істеуге үйрету ғана емес, сонымен қатар, оларды өмірде кездесетін әртүрлі кәсіби жағдайларда тығырықтан шығу жолдарын табу, мәселелерді шешу қабілетін игерту болып табылады.

Дипломат мамандарды даярлау негізінде шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың моделі мен мазмұнын баяндмас бұрын негізгі ұғымдардың анықтамаларына тоқталып өтеміз.

Біз зерттеуімізде, ең алдымен, бүгінгі ғылыми қолданыста бар модельдерді қарастырып, талдауға тырыстық. Шетел тілін оқытудығы тұлғалық-бағдарлы деп танылған жаңа бағытын ұстанған И.С.Якиманская [91] және т.б. зерттеуші-ғалымдардың тұжырымдамаларын зерделелуге тырыстық. Осыған орай, зерттеуімізге ғылыми негіз болған И.С.Якиманская ұсынған субъектілік-тұлғалық білім беру моделін жан-жақты қарастыруды жөн көрдік. Өйткені, зерттеуші ғалымның ұсынған ой-пікірлері зерттеп отырған еңбектегі айтылатын тұжырымдарымызды дәйектеуге негіз болып отыр.

Сонымен, ғалым И.С.Якиманская өз еңбегінде барша білім беру модельдерін екі топқа бөледі. Енді әрбір топқа тән белгілері мен ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Еңбекте бірінші топтың жалпы қасиеттері былай деп көрсетілген [96, 112 б.]:


- оқыту барысында кәсіби тұлғаның даму белгілерін көрсетіп, оларды айқындап оқытудың басты көрсеткіші болып табылады;
- оқытудың негізгі мақсаты ретінде сипаттамалары арқылы тұлғаның қалыптасуын дәйекті түрде ашып көрсету;
- оқытудың негізгі нәтижесіне кәсіби білім, кәсіби білік пен дағдыны меңгертуді қамтамасыз ететін білім беру үрдісін құру, оны ең алдымен, дамытушы тұрғыда емес, білім беру міндетін іске асыру тұрғысынан құра білу;
- оқуды жеке танымдық іс-әрекетте жүзеге асырылатын кәсіби білім ретінде таныстыру. Ал, оның басты мазмұны арнайы ұйымдастырылған нормативтік және пәндік іс-әрекетте жатыр.

Жоғарыда айтылған қағидалар мен анықтамаларды ескере отырып, дипломат мамандарды даярлау шеңберінде мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың моделін даярладық.

Дипломат мамандарды даярлау шеңберінде шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың моделінің (үлгісінің) мақсаты болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру.

Болашақ дипломаттарды даярлау аясында мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың моделі келесі блоктардан тұрады. Тізбелеп айтар болсақ, мақсатты, мақсатты-концептуалдық, мазмұндық -процессуалдық және нәтижелік блоктардан тұрады. Болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың мақсатты блогы мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың коммуникативтік дискурсын қалыптастыру болып табылады. Аталған мақсатты жүзеге асыруда келесі тәсілдер мен принциптерді зерттеуде арқау еттік.

Жалпы «тәсіл» сөзі бір нәрсені зерттеу, іс жүргізу үшін қолданылатын әдістер жиынтығын білдіретін ұғым екендігі бәрімізге белгілі. Қазіргі философияда әдіснамалық тәсіл ұғымын ғалымдар әр түрлі қарастырып жүр. Мысалы, зерттеуші ғалым Н.Стефанов әдіснамалық тәсілді тиісті іс-әрекеттің жалпы мақсаты мен стратегиясын анықтайтын принциптердің жүйесі ретінде анықтайды [97]. Ал, И.В. Блауберг [98] Э.Г.Юдиннің [99] еңбектерінде, яғни қазіргі әдістемелік еңбектерінде «тәсіл» ұғымы дүниетанымдық ұстанымды зерттеу ретінде түсіндірілсе, ғалым Ю.С.Степанов бұл ұғымды белгілі бір стратегиялық принцип не болмаса олардың жиынтығы ретінде айқындайды. Сол сияқты зерттеуші ғалым М.Н.Петров әдіснамалық тәсілді принциптерді іске асырудың нысаны мен шарты болып табылады дейді [100, 224 б.]. Біз зерттеу жұмысында болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстарын қалыптастырудың келесі тәсілдерін негізге алдық: құзыретті тәсіл, әлеуметтік мәдени тәсіл, тұлғалық іс-әрекеттік тәсіл және кәсіби дипломатиялық тәсіл.



Сурет-3. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстарын қалыптастырудың негізгі тәсілдері

Атап айтар болсақ, **кәсіби дипломатиялық тәсіл** бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз кәсібін білетін, тұлғалық бағдарланған, тұрақты кәсіби өсуге, әлеуметтік және кәсіби жағынан дайын маман даярлауға ықпал етеді.

Ал, әлеуметтік-мәдени тәсіл болашақ дипломаттардың мәдениетаралық құзіреттілігінің даму жолдары мен қарама-қайшылықтарын анықтауда маңызды болып саналады. *Біріншіден*, әлеуметтік-мәдени тілдерді, мәдениеттер мен жалпы өркениетті бірлесіп оқыту процесінде білім алушының полимәдениетті тілдік тұлғасын дамытуға тікелей ықпалын тигізеді. *Екіншіден*, бұл тәсіл бойынша оқытылатын тілдер арқылы мәдени білім берудің құндылық-бағдарлық мазмұнына назар аудартуды алға қояды. *Үшіншіден*, оқытылатын тілдер арқылы мәдени білім беру принциптерін игерту барысында оқыту мен оқудың әлеуметтік-мәдени мәнмәтінін ескере отырып анықтауға ықпал жасайды.

Тұлғалық-іс-әрекеттік тәсіл арқылы студенттің қызығушылығын, оның білімі мен іскерлігінің деңгейін дамытуды алға қойып, өзінің тұлғалық жеке ойын іске асыруды және шығармашыл субъект ретінде қарым-қатынаста бола білуді болжайды.

Дипломат мамандығы бойынша қолданылатын тәсілдердің барлығы білімгерлердің білімін жеке тұлғалық іс әрекетте қалыптастыруға ықпал жасайды. Келесі тәсілдің бірі - кәсіби дипломатиялық тәсіл. Кәсіби дипломатиялық тәсіл мамандыққа сәйкес ережелердің бірізді жүйесін дипломаттық дискурс ретінде іске асыруға, қатысушылармен дұрыс қарым-қатынас жасау дағдыларын игертуге, яғни біздің зерттеу жұмысымызда жасалған кәсіби маманға арналған бағдарламаға енгіздік. ДД

калыптастырудағы ерекше орын алатын келесі тәсілдердің бірі **құзыреті (компетенттілік) тәсіл**. Бұл тәсіл сонымен қатар шеттілдік білім берудің түпкі мақсатына жетуге, яғни еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз кәсібін білетін, кәсіби салаға бағдарланған, тұрақты кәсіби дамуға, әлеуметтік қарым-қатынасқа және ұтқырлыққа дайын маман даярлауға ықпал етеді. Ал, енді қорытындылай келе, әрбір тәсілдердің байланысын атап өтейік.

Әлеуметтік-мәдени тәсіл. Қазіргі заманғы тұлғаның қалыптасуы әлеуметтік-мәдени көзқарасты дұрыс қабылдап, қолданбай іске аспайтыны тәжірибеде айқындалып отырғаны белгілі. Оқыту үрдісіндегі әрбір шетел тілі сабағы дегеніміз, бұл мәдениеттердің тоғысуы, мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесі болып табылады. Себебі, әр шетелдік сөз шетелдік әлем мен шетелдік мәдениетті бейнелейді, әр сөздің артында ұлттық сана (егер шетелдік сөз болса, шетелдік ұлттық сана) әлем туралы түсінік бар.

Әлеуметтік-мәдени дискурстық тәсіл өзгелерге бағытталған әрекет, басқа тұлғалармен қарым-қатынас пен басқа адамдардың әрекеттеріне реакция жасау арқылы жүзеге асырылады. Пайымдауымыз түсінікті болу үшін, тек сөйлеу тілімен ғана емес, айтылған мәтіннің мәдени ерекшеліктерімен де таныс болу қажеттілігі алға қойылады. Болашақ дипломаттар үшін басқа тұлғалармен қарым-қатынас жасай білу, өз ойларын дұрыс айта білу, диалогтық және диалогтық сөйлеуді жақсы білу өте маңызды. Жалпы, әлеуметтік-мәдени тәсіл болашақ дипломаттардың мәдениетаралық құзіреттілігінің даму жолдары мен тенденцияларын анықтауда маңызды орынға ие. Егер тәсілді тілдің теориялық-қолданбалы саласы ретінде алсақ, онда ол қосымша бірқатар дипломаттық дискурстың функцияларын да қамтитын болады. Біріншіден, дипломатиялық дискурстың тілін, мәдениеттер мен өркениетті бірлесіп оқыту процесінде білім алушының полимәдениетті тілдік тұлғасын дамытудың жалпы теориялық негіздерін зерделеуді қамтамасыз етеді. Екіншіден, ол оқытылатын тілдер арқылы кәсіби дискурстық білім берудің мазмұнына назар аударады және студенттердің шеттілдік қарым-қатынас арқылы дипломатиялық дағдыларды игереді. Үшіншіден, оқитын тілдері арқылы кәсіби дискурстық білім беру принциптері бойынша оқыту мен оқудың лингво-мәдени контекстін ескере отырып анықтауға ықпалын тигізеді. Төртіншіден, кәсіби дискурстық тәсіл оқу мақсаттары үшін дипломаттық материалды таңдау, оны әртүрлі білім беру мәнмәтіндерінде құрылымдау және оқу әдебиеттерінің мазмұнын сараптамалық бағалау технологиясын жасау мәселелеріне жүгінуге мүмкіндік береді. Дәл осы тәсілді зерттеуші ғалымдар И.Е.Высоков [101], А.А.Леонтьев [102], Т.С.Серова [103], Л.А.Шкатовалар [104] тұлғалық іс-әрекеттік тәсіл мәселесін өз еңбектерінде қарастырған болатын. Қорытындылай келе, болашақ дипломаттың өзін-өзі қамтамасыз ететін тұлға ретінде қалыптастыру тәсілдері кәсіби білім беруде аса маңызды орында екендігін айтамыз.

Тұлғалық-іс-әрекеттік тәсіл туралы айтар болсақ, оқыту үрдісінде басты назар студенттің өзіне, оның уәждеріне, мақсаттары, психологиялық құрылымына қоюды болжайды. Студенттің қызығушылығын, оның білімі мен іскерлігінің деңгейін негізге ала отырып, оқытушы сабақтың тәрбиелік

мақсатын белгілейді және қалыптастырады, студенттің жеке тұлғасын дамыту мақсатында бүкіл оқу-тәрбие процесіне бағыт-бағдар береді.

Тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілінің негізі психологияда Л. С.Выготский, А. Н. Леонтьев, С. Л. Рубинштейн, Б. Г. Ананьевтің еңбектерімен қаланды, мұнда тұлға тұлғалық-іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарастырылады, ол өзі іс-әрекетте және басқа адамдармен қарым-қатынаста қалыптасып, іс-әрекет пен қарым-қатынастың сипатын анықтайды. И. Г. Бессонованың айтуынша, болашақ маман оқу процесінде кәсіби қызметті жүзеге асыра алатын болса, кәсіби маман ретінде анықталады дейді [105, 7-136б.].

Тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілі кәсіби даярлау барысында өзінің өмір сүру тәсілін және өзінің жеке мәнін іске асыратын белсенді субъект ретінде білім алушының қалыптасуына баса назар аударады деп атап өтеді.

Тұлғаға бағытталған білім берудің мақсаты адамның қандай да бір таңдау мүмкіндігі, өз өмірін көрсете білу, бағалау мүмкіндігі, өмірдің мағынасын іздеу; шығармашылық «Мен» бейнесін құра білу; жауапкершілік («Мен бәріне жауаптымын» деген сөзге сәйкес) тұлғаның аталған функцияларын толыққанды қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады.

Бір сөзбен айтқанда, ең алдымен студенттің өзіне, жеке қасиеттері мен қабілеттеріне көңіл бөлу керек, содан кейін ғана оның топтағы жұмыстарына назар аударған жөн. Алдымен олар өздерін тәуелсіз жеке тұлға ретінде қабылдау керек және жауапкершілігін ұғыну керек. Мұндай қасиеттерді тек тұлғалық-іс-әрекеттік тәсіл арқылы меңгертуге болады. Әрине, бұл қабілеттіктер болашақ дипломаттардың дайындық сапасына, білім, біліктеріне де тікелей байланысты.

Кәсіби дипломатиялық тәсіл шет тілін және дипломатияның тезаурусын үйренуге негізделген. Яғни, кәсіби дискурс тұрғысынан жүзеге асырылатын дипломатиялық қызметке бағытталған сабақтың ерекше құрылымы қарастырылады. Бұл тәсіл дискурстың дәйекті міндеттері жүйесін іске асыруға ықпал етеді, қатысушылардың дипломатия тілін қолдануы нәтижесінде оларды біртұтас етеді, қызметтің қажетті кәсіби құрылымын игеруге мүмкіндік береді. Шет тілі сабағындағы кәсіби дипломатиялық тәсіл дипломат үшін нақты кәсіби ситуацияларда өз функцияларын жүзеге асыратын маман ретінде ерекше жағдай жасайды. Белгілі бір туындайтын жағдаятта өмірлік шындықтар мен кедергілерді талдау кәсіби дипломаттың дискурсын қалыптастыруға қол жеткізіледі.

Құзыретті (компетенттілік) тәсіл. Шетел тілдерін оқытудың коммуникативті әдісі бүгінде әлемдегі ең танымал тәсілдердің бірі болып табылады. Көп ғалымдар бұл әдісті ең прогрессивті және тиімді деп санайды. Құзыретті тәсіл ағылшын тілі біртіндеп халықаралық қатынас тілі мәртебесін ала бастаған кезде, 60-70 жылдары пайда болды.

Құзыретті тәсіл- Болон процесі шеңберінде Қазақстанның білім беру жүйесін шеттілдік білім беру жүйелеріне жақындатудың маңызды әдістемелік құралдарының бірі. Құзыреттілік тәсілдің мәні В.А. Болотов пен В. В. Сериков еңбектерінде мейлінше толық анықталған: «білім беру мазмұнында тұлға іс-әрекетінің ұғымдары, тәсілдері, шығармашылық әлеуеті, жеке ұстанымды

көрсету тәжірибесі интеграциялану білім алушының өз тәжірибесінің барлық осы түрлерінің негізінде жүзеге асырылады тиіс делінеді [106, 8-15 бб.].

Кәсіби оқытуда құзыретті тәсілді жүзеге асыру мәселелерін отандық және шетелдік ғалымдар С. С. Құнанбаева, А. М. Аронов, А. К. Мынбаева, П. В. Беспалова, И. Б. Васильев, К. Устемиров, Б. Кенжебеков, Н. Р. Шаметов, И. И. Бекбасарова, А. А. Вербицкий, У. С. Есайдар, Э. Ф. Зеер, И. А. Зимняя, Н. В. Кузьмина, А. К. Кусаинов, А. К. Маркова, Дж. Равен, Б. С. Сарсекеева, Н. А. Селезнева және т.б. қарастырған.

Аталған тәсіл тілдік ортада тиімді қарым-қатынасты үйретуге арналған әдістер жиынтығы болып табылады. Оның негізгі мақсаттарының бірі - студенттерді белсенді «сөйлеуге» ынталандыруға арналған нақты өмірдегі жағдайларды іріктеп алып ұсыну болып табылады. Мұндай жағдайда сонымен бірге студенттердің күнделікті өміріне қатысты, оларды толғандыратын мәселелерге қатысты тақырыптардың өзектілігі де өте маңызды рөлге ие. Құзыретті (компетенттілік) тәсілмен өткізілетін сабақтарда өту барысы олардың жауаптарына, реакцияларына және т.б. студенттердің өздеріне байланысты болады. Сонымен қатар, студенттердің күнделікті өміріне, оларды толғандыратын мәселелерге қатысты тақырыптардың өзектілігі де өте маңызды. Құзыретті (компетенттілік) тәсілі бойынша барлық үрдіс білім алушылардың тікелей өздеріне байланысты болады.

Болашақ дипломат мамандығы бойынша білім алатын студенттердің кәсіби деңгейін қалыптастыруға негізделген қоғамдық орта тәсілі туралы зерттеуші ғалымдар И. А. Баева [107], А. Ю. Белогуров [108], К. Роджерстің [109] еңбектерінде қарастырылған болатын. «Ортаны» тұлғаны қалыптастыру процесін басқарудың әлеуетті құралы ретінде түсіндіру қоршаған ортаның кәсіби мамандарды қалыптастыру процесіне ықпалдарын педагогикалық тұрғыдан пайымдауға ықпал етеді. Негізінде қандай да бір орта маманның болашақ іс-әрекетінің үлгісі бойынша жасалады және жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, жаңа параметрлермен толықтырылады. Орта болашақ дипломатқа өзінің жеке және кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін кеңістік пен уақытта оқшауланған мүмкіндіктердің аймағы. Болашақ дипломаттардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формалары (іскерлік ойындар, кейстер, тәжірибелер) бастапқыда мәжбүрлеуші, бағындырушы, қалыптастырушы күшке ие ұйымдасқан процесс болып қабылданады, ол тұлғаның өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін таңдауын анықтайды. Аталған әрекеттер ортаның динамикалық сипаттамасы болып саналады.

«Принцип» ұғымы шетел тілдерін оқыту әдістемесіндегі іргелі, негізді қалаушы ұғымдардың бірі болып табылады. Сондықтан, ол көптеген танымал зерттеушілердің еңбектерінде әр қырынан жарық көрді. Сонымен, принцип дегеніміз аксиома ретінде қабылданған теорияның, әдістің, ғылымның негізгі және бастапқы орнын түсіну ұғымы. Дипломат мамандарды даярлау негізінде мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруда ұсынылып отырған модельдің негізгі принциптерін белгілеуде жоғарыда аталған тұжырымдамаларға сүйене отырып, коммуникативтік-мәдениетаралық өзара әрекеттесу принципі, проблемалық және интерактивтілік принципі,

проблемалық тапсырмалардың басымдылық принципі және ситуациялық принциптерді анықтадық.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативті қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін **коммуникативтік-мәдениетаралық өзара әрекеттесу принципі**. Коммуникативтік-мәдениетаралық өзара әрекеттесу принципі тұлғаның қандай да бір мәдени қоғамдастықтың өкілімен қарым-қатынасқа түсу керектігін ұғынуға негізделген. Бұл халықтың, мемлекеттің тарихын біле отырып, ұлттық әдеттер мен дәстүрлерді түсіне отырып, қарым-қатынас барысында адамдарды түсінбеу мүмкіндігін төмендетеді. Біз өзімізге және әрқайсымыз ұсынатын мәдениетімізге деген құрмет пен жақсы көзқарасты талап ете отырып, өзара сыйластық қағидаттарына негізделген қарым-қатынас жасау шарттарын ұзақ мерзімді болатындай әрекет ету керек.

Проблемалық және интерактивтілік принципі. Білім алушылар зерттелетін материалды меңгеріп қана қоймай, ең бастысы, оның негізінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру және тұрақты арттыру стратегиясын меңгергенде ғана шеттілдік мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру процесі тиімді болады. Бұл стратегиялар кез-келген басқа мәдениетті зерттеуде немесе оның өкілдерімен қарым-қатынаста өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан басқа елдің мәдениетін үйрету кезінде материалдың өзі ғана емес, сонымен бірге студенттердің оны қалай игеретіні де ерекше мәнге ие болады.

Зерттеуші ғалым В.В.Сафонова ұсынған проблемалық тапсырмалардың басымдығының басты мақсаты шетел тілі арқылы мәдени білім берудің осындай моделін құруға бағытталғандығы [110]. Оның негізінде біртіндеп күрделене түсетін мәдени мәселелерді шешу процесінде студенттер мәдени ақпаратты жинауға, жүйелеуге, жалпылауға және түсіндіруге; мәдени өзін-өзі тәрбиелеу стратегиясын игеруге; мәдени және коммуникативтік-танымдық сипаттағы шығармашылық жұмыстарға қатысуға, мәдени ізденіс стратегиясын және басқа ел мәдениетін түсіндіру әдістерін игеруге мүмкіндік алады. Бірлескен шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігі ретінде әртүрлі пәндік салаларда алынған білімнің, біліктің және дағдылардың барлық спектріне сүйене отырып, нақты туындайтын мәселелерді шешу арқылы оқу процесін ұйымдастырудың проблемалық және интерактивтілік принципін басшылыққа алу керек. Бұл жағдайда студенттерге жаңа нәрселерді үйреніп, білім мен дағдыларды проблемаларды қою арқылы туындаған қиындықтарды, кедергілерді жеңу арқылы үйренетін сабақты ұйымдастыру қажет. Сонымен, проблемалық және интерактивтілік принциптерінің теориясы негізін қалаушылардың бірі ғалым А.М. Матюшкин бұл оқу мақсатына жетуге кепілдік беретін сабақтың проблемалық құрылысы екенін айтады [111, 43 б.].

Проблемалық мәдениетке қатысты тапсырмаларды таңдауда олардың көп мәдениетті және билингвалды даму деңгейіне негізделген танымдық, тілдік, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени күрделілік деңгейін ескере отырып жүргізілуі керек. Проблемалық тапсырмалардың әлеуметтік-педагогикалық аспектісі ерекше маңызға ие. Олар білім алушыларды жаһандық жалпы адамзаттық

процестерде өздерінің жауапкершілігін түсінетін мәдениеттер диалогы арқылы субъектілерінің (жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде) рөлін орындауға дайындалуы тиіс.

Ситуациялық принципі жағдаятты әлеуметтік-мәртебелік, рөлдік, белсенділік және моральдық қатынастардың интегративті динамикалық жүйесі ретінде қарастырады, қарым-қатынасқа түсушілердің жағдаяттық ұстанымдарының өзара әрекеттесуіне негізделген қағидат болып табылады. Әдістемеде болашақ дипломаттардың шетелдік клиенттермен/іскери серіктестермен нақты кәсіби қарым-қатынас процесін модельдейтін әдістемелік оқу жағдайларын құру үшін қолданылады. Осыған байланысты оқу жағдайларының тұтастығы мен болашақ кәсіби іс-әрекет жағдайларына жақындығын қамтамасыз ететін рөлдік ойындарды пайдалану маңызды фактор болып табылады. Жалпы рөлдік ойындар болашақ дипломаттардың алған теориялық білімдерін талдау, синтездеу және практикада қолдану қабілетін дамытады, нақты әдістемелік іс-әрекетте туындауы мүмкін қиындықтарды болжауға және жоюға үйретеді. Ситуациялық ойындар оқытудың проблемалық сипатын қамтамасыз етеді, рөлдік ойындардың кәсіби дайындыққа, олардың қарқыны мен көңіл-күйлеріне байланысты олардың қызығушылықтарын оятып, оқуға деген ынтасын арттырады. Ситуациялық ойындарға қатысатын студенттердің тұлғалық дербестігін арттырады, оқытушының басым рөлін төмендетеді. Ғалым Е.И.Пассов ситуацияны қарым-қатынас процесінің бірлігі ретінде, қарым-қатынас субъектілерінің санасында көрінетін және қарым-қатынастың ситуациялық ұстанымдарының өзара әрекеттесуі негізінде пайда болатын мәртебелік-рөлдік, әлеуметтік, белсенділік және моральдық қатынастардың интегративті динамикалық жүйесі ретінде қарастырады [112]. Ситуациялардағы рөлдік ойындар коммуникативтік мақсатқа ие болу, шынайы және тың тақырып болуы керек, білім алушылардың кәсіби тәжірибесін ескеретін, кәсіби міндеттерді шеше алатын, лингвомәдени ерекшеліктерін де ескеретін талаптарға жауап беруі тиіс.

Коммуникативтік-аналитикалық принцип танымның барлық процестерінің негізі болып табылады. Оның көмегімен тұлға оқытудың мазмұнын игереді, яғни ол алған ақпаратты қабылдайды, түсінеді, есте сақтайды, қолданады, жалпылайды және жүйелейді. Барлық тапсырмалар материалды талдау және салыстыру.

- жағдаяттық тапсырмалардың шешімдерін салыстыру;
- жағдаяттық тапсырмалар үшін жағдаятты өзгерту;
- тапсырмаларды тапсырмалар бөліктеріне бөлу;
- табылған аралық шешімдердің синтезі;
- жағдаяттық тапсырмалардың шешімінің әр кезеңін негіздеу;
- жағдаяттық тапсырмалардағы шешімдердің қате нәтижелерін талдау іс-әрекеттерімен байланысты.

Сонымен қатар, коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру үдерісін жеке тұлғаның жалпы дамуынан бөліп қарауға болмайды. Коммуникативті әрекеттерді реттеу құралдары адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады, оларды иемдену және байыту жалпы мәдени мұраның дамуы мен

жетілдірілуі сияқты заңдылықтарға сәйкес жүреді. Қоғам жеке тұлғаның алдына проблемаларды (соның ішінде коммуникативті) ғана емес, сонымен бірге оларды шешу жолдарын үйренуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, коммуникативті әрекеттестіктерді аналитикалық бақылау арқылы игерілген коммуникативті дағдыларды жаттықтыруға мүмкіндік беріп қана қоймайды, өзінің коммуникативтік- әрекеттерін реттеу құралдарын меңгеруге ықпал етеді. Атап айтқанда, басқалардың қалай қарым-қатынас жасайтынын бақылай отырып, адамдар өздерінің қарым-қатынасын ұйымдастыратын ережелерді басшылыққа ала отырып, ережелер жүйесін анықтауға болады. Бақылаушы өзара әрекеттесу нәтижесіне назар аудара отырып, байланыс орнатуға қандай ережелер ықпал ететінін және қайсысы кедергі болатынын түсіне алады. Бұл өз кезегінде «тиімді қарым-қатынас ережелері» жүйесін әзірлеуге негіз бола алады. (2-сурет)



Сурет-4. Дипломат мамандарды даярлау негізінде шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру принциптері

Сонымен қатар модельдеудің тұжырымдамалық ережелеріне сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру әдістемесі жүйелі, бір-бірімен байланысты, функционалды түрде біріккен, түпкілікті нәтижеге жетуге бағытталған кезеңдерден тұрады, атап айтқанда, *танымдық-метатілдік, ақпараттық-жинақтау, интегративтік-өкілдік кезең*.

1) Танымдық-метатілдік кезең халықаралық коммуникацияның ақпараттық өрісінде танымдық бағыттың қалыптасуын, гуманитарлық әлемдегі ғылымының кеңеюін қамтамасыз етеді, бұл әлемнің мультимәдениеттілігін, жалпы және әр түрлі мәдениеттерге тән, түрлі танымдар мен метакоммуникативті білімді ассимиляциялау, оны оқытуды жүзеге асыру және шығарылған мәтінді қолданысқа енгізу болып табылады. Тақырып мазмұнын игерудің осы кезеңін қамтамасыз ету үшін таңдалған мәтіндер сәйкесінше

мәтінге тән танымдық-метатілдік функцияны орындайды. Осы кезеңдегі коммуникативті жағдайлар танымдық белсенділікке қызығушылықты дамытуға бағытталған шетел тілдеріндегі лингвомәдениеттанушылық білім мен дағдылардың мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретіндегі рөлін түсінуге ықпал етеді.

2) Ақпараттық-жинақтау кезеңінде түпнұсқалық мәтіндерден алынған ақпаратты ішкі синтездеуді және интеллектуалды және аналитикалық өңдеуді қамтамасыз ететін ақпарат жинақтау дағдыларын қалыптастыру жоспарланады. Содан соң, алынған ақпаратты коммуникативті деңгейге бөлу, өзара әрекеттесетін мәдениеттердің құндылықтарын ескере отырып, еркін, көбінесе полемикалық, коммуникативті өзара әрекеттесу деңгейінде талқыланатын әлеуметтік-мәдени не болмаса кәсіби бағдарланған сипаттағы проблемалар мен жағдайлар туралы мүмкіндігінше көп ақпараттарды қажет етеді. Осы кезеңді қамтамасыз ету үшін таңдалған мәтіндер контекстік оқытудың ақпараттық-жинақтау функциясын орындауға арналған. Бұл кезеңде шетел тілі әлемінің шетелдік байланыстағы бейнесін құрайтын зерттелініп отырған тіл туралы білім, түсініктердің жинақталуын қамтамасыз ету үшін тапсырмалар қолданылады.

3) Интегративті-өкілдік кезең спикердің прагматикалық мақсатын қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Интегративті-өкілдік кезеңнің негізгі міндеті - студенттердің өз көзқарасын білдіру, оқиғалар мен фактілерді интерпретациялау, сұхбаттасушының көзқарастарына әсер ету, басқа лингвистикалық мәдениеттің өкілдерімен өзіндік полемикалық және аргументативті пікірсайыстар жасау қабілеттерін дамыту. Тақырып мазмұнын игерудің осы кезеңін қамтамасыз ету үшін таңдалған мәтіндер контекстік оқытудың интегративті-репрезентативті функциясын орындауға шақырылады. Интегративті-өкілдік кезеңнің коммуникативті міндеттері сөйлесудің диалогтық және полилогтық формаларын, оның ішінде кеңестер, ұсыныстар, теріске шығарулар, шағымдар, диалогтық сұраныстар және ауызша және жазбаша кәсіби қарым-қатынастың басқа да нысандарын қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Пән мазмұнын игертудің аталған кезеңін қамтамасыз ету үшін таңдалған мәтіндер контекстік оқытудың кәсіби бағытталған коммуникативті функциясын орындауға арналу керек. Кәсіби-коммуникативті кезеңде болашақ дипломаттардың алған мәдениетаралық және кәсіби бағдарланған білімі мен дағдыларына негізделген коммуникативті режимде болашақ дипломаттар іс-әрекетін рецептивті-репродуктивтік деңгейден өнімді де әрі қарай сөйлеудің қалыптасуына сәйкес келетін шығармашылық деңгейге жеткізетін коммуникативті жағдайлардың кешені қолданылады, осыдан барып қарым-қатынас дағдылары мен қабілеттері қалыптасады.

Яғни, рецептивті деңгей дегеніміз экспрессивті сөйлеудегі грамматикалық белгінің нөлдік деңгейі. Егер де, болашақ дипломаттар сөйлеу барысында белгілі бір лексикалық бірліктердің, сөз тіркестерінің және сөйлемдердің грамматикалық, сөздік формалары түрінде грамматикалық белгіні қолдануға арналған дайын үлгілер жиынтығымен жұмыс істесе, оларды

өзгерте алады, ал вариациялау саналы түрде орындалады да, яғни үлгілермен алмастыру ретінде субъективті түрде жүреді. Аталған әрекеттер репродуктивті деңгейдің ерекшеліктерін сипаттайды. Бұл деңгейдің белгілері сонымен қатар дайын фразалар мен сөйлемдер жасалатын мәтіннің мазмұнын беру кезінде грамматикалық белгіні қолдануды қамтиды. Бұл деңгей экспрессивті сөйлеуде белгіні қолданудың алғашқы қадамы болып саналады.

Зерттеу барысында дипломат мамандарды даярлау негізінде мәдениетаралық қатысымдық дискурсты қалыптастырудың топтық оқыту, диалогтық қарым-қатынастар арқылы оқыту, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар шарттары, деңгейлері, өлшемдері мен көрсеткіштері көрсетілді. Модельдің мақсат-міндеттеріне қарай өлшемдер когнитивтік, эмоционалдық-құндылықты, іс-әрекеттік деп ажыратылады.

Модельдің мақсат-міндеттеріне қарай болашақ дипломаттардың шеттілік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру критерийлері анықталды. Атап айтар болсақ, эмоционалды-когнитивті (жеке тұлғаның алған білімі мен дағдыларына қатынасы, олардың таңдалған мамандық бойынша қолданылуы); іс-әрекеттік-практикалық (кәсіби маңызды дағдыларды игеруге қатынасы); кәсіби-тілдік (шетел тілін өз іс-әрекетінде қолдана білуі), нәтижелі-бағалау (өз іс-әрекетіне баға беру, өзін-өзі бағалауы).

Когнитивті тілдік сауаттылыққа қажетті ақпаратты таңдап алып, оған өзіндік баға беру, мәселені шешу, лингвистикалық және әдебиеттік талдаулар жасау әрекеттері жатады. Дипломат мамандардың қандай да бір диалог барысында қарым-қатынасқа деген мотивациясы өз мамандығы бойынша қатысты мәселені шешуге деген құзыреттілігін дамытуға бағытталады.


Ал, *кәсіби-тілдік білімге* деген қызығушылық пен белсенді әрекеттері, топтық кәсіби қарым-қатынасты құндылық ретінде танып білуге ықпалын тигізеді. Арнайы ұйымдастырылған жағдаяттарда болашақ дипломат мамандардың шеттілік кәсіби дискурсивтік құзыреттілігін көрсете білу қаблеті алған білімін практика жүзінде көрсете алуға қатысымдық құзыреттілігін дамытуды көздейді.

Іс-әрекеттік-практикалық тәсіл арқылы сөйлеу мәдениетінің нормаларын меңгереді, ұжымдық өзара қарым-қатынасқа түсіп, ауызша және жазбаша жанрларды түрлі қатынас жағдаяттарында қолдана білуді игереді. Мәдениетаралық диалогта дискурсивті құзыреттілікті пайдалануға дайындық болашақ маманның әртүрлі жағдаяттарда бейімділігі мен кәсіби дайындығын қалыптастыруға бағытталады.

Нәтижелі-бағалаудың артықшылығы болашақ кәсіби мамандардың жұмысын бағалау алдын-ала ұсынылған критерийлерге негізделетіндігінде жатыр. Бұл жағдайда бағалау алгоритмі білім алушыларға алдын-ала белгілі болады да, білім алушы не мақсатта жұмыс істеп отырғанын білетін болады, білім алушының білімділік деңгейі айқын көрініп тұрады, критерий арқылы бағалаудың негізінде білім берудің сапасы артады. Критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы тұлғалақ бағытын белсенді позицияға бұру, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, нақты нәтижеге, дұрыс бағытқа қарай жетелеуге қол жеткізуге болады.

Критериалды бағалау жүйесінің негізінде заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі жақсы дамыған, кәсіби жеке тұлғаны қалыптастырады. Бағалаудың критериалды жүйесі білім сапасына жетудегі өзекті мәселелерді шешуде маңызды орынға ие болып отыр. Критериалды бағалау студенттің өз ісіне сыни көзқараспен қарай отырып, өзін-өзі дамытуға бағыттайды (1-кесте).

Көрсетілген модельдің (5-сурет) нәтижесі – мәдениетаралық коммуникативтік дискурсы қалыптасқан маман. Шетелдік ғалымдардың пайымдауынша: «Білім нәтижесі оқытудың белгіленген кезеңдерінде айқындалады. Болашақ маман нені меңгере алды және нені орындады?, -деген сұрақтарға жауап беру арқылы анықталады». Біз жұмысымызда осыдан бір нақты күтілетін нәтижеге бағытталып жүргізілуге негіз болады деген міндетті пайымдауларды басшылыққа алдық. Ғалымдар нақты нәтижеге қол жеткізу үшін, алдымен сол нәтижені нақты қоя білу қажет деп санайды. Сонымен қатар, оларды белгілеудің критерийлері (көрсеткіштері), бағалау жүйесі саралануы тиіс.



Сурет-5. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Білім деңгейі жоғары студент өз ойын шетел тілінде еркін түрде құрастырып жеткізумен бірге мәселені толық баяндау керек. Қосымша құралдарды, яғни вербалды және вербалды емес құралдарды сауатты қолдану үшін қарастырылған мәселені шешуде нақты шынайлық қызығушылық танытуы тиіс. Үздік оқитын білімгердің қызығушылығы үнемі басым, топтық коммуникацияны орнатуға бейімі жоғары болып келеді. Олар диалог, пікірталаста немесе дебатқа түскенде ақпараттың талап етілетін мазмұнын шығармашылықпен қабылдайды, диалогқа түскенде талқылауға белсенді үлес қосады, сонымен қатар, жұптық тапсырманы орындау барысында міндеттерді анықтайды.

Білімі орта білімгер өз ойын берілген талапқа сай жетекшілікпен ғана рәсімдейді, тақырыпты тек баяндайды, қосымша құралдарды толығымен қолдана білмейді. Ол қандай да бір жағдаяттың шешімін талап бойынша ғана қарастырады, өз бетімен қол жеткізе алатынына сенімсіз, себебін біледі, бірақ түзете алмайды. Коммуникация орнатуда негізгі мақсатты жүзеге асыра алмайды, диалогты ұйымдастыруда баяу, диалог арасында әріптесінің пікірін тыңдайды, топта жұптық тапсырмаларды орындау барысында міндеттермен бөліседі, термин сөздерді әртүрлі жағдаяттарда ғана қолданады.

Білімі төмен деңгейдегі білім алушы қарапайым үлгідегі тапсырмаларды, талаптарды орындаумен ғана шектеледі, мағыналық құрылымдық бағытта бағдар жасай алмайды. Сонымен қатар ойы шашыраңқы, мәселені шешуге тырыспайды, оқу материалының тек кейбір бөліктерін қабылдайды, топтық жұмысты ұйымдастыра алмайды, жұптық жұмыста негізінен орындаушы қызметін ғана атқарады, сөздерді әртүрлі қатынас жағдайында қолдана алмайды.

Біздің зерттеуімізде бұл деңгейлер дипломаттардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үрдісіне қатысушылардың диалогтық қарым-қатынастар шарттарын орындау нәтижесі ретінде ғана танылады. Тұлғаның қарым-қатынасты дамыту түсінігіне топтағы әлеуметтік қарым-қатынасты, өзара әрекеттерді игеруі, оны шығармашылықпен түрлендіру арқылы орындалады. Өзара іс-әрекеттің жоғарғы деңгейін дамыту болашақ дипломаттардың өзін-өзі дамытуы, оны қалыптастыруы өз өмірінде кездесетін қиын және сыни жағдайларда өз бетімен әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарға және ой-пікірлерге, зерттеушілердің ұсынған тәжірибелеріне сүйене отырып, дипломаттардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары белгіленді. Бұл лингводидактикалық шарттар дипломат мамандарды даярлаудың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру моделінің негізінде асырылатын шарттардың кешенінде көрініс табады.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында мынандай компоненттік (блоктар): мақсаттық, концептуалдық, мазмұндық процессуалдық және нәтижелік тұрғыда қарастырылды.

Біз «Болашақ дипломат маманының мәдениетаралық коммуникативтік дискурстық құзыреттілігін қалыптастыратын жаттығулар жиынтығын» теориялық-әдіснамалық компоненттің инварианттық мазмұнын ретінде ұсындық. Процессуалды компонент бойынша дипломат маманның когнитивті-метатілдік, ақпаратты-жинақтаушы, кәсіби бағытталған және кәсіби-коммуникативтік іскерліктерін дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді. Ол аутенттік-мәндік материалдар мен тапсырмалар негізінде жүзеге асырылды.

Ғылыми коммуникативті кешендердің компоненттік құрылымына осы салаға тән коммуникативті саланы, тақырыптың жиынтығын, коммуникацияның типтік жағдайларын, метатілдік лингвистикалық материалдарды, түрлі композициялық және сөйлеу формаларының (сипаттама, мінездеме, мазмұндама және т.б.), сөйлеу жанрларын (дискурс, диалог, презентация, пресс-конференция және т.б.) қосуды ұсынады.

Кесте-1

Дипломаттарды даярлау барысында шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың құрылымдық субкомпетенцияларға негізделген критерийлері мен көрсеткіштері

Субкомпетенциялары	Критерийлері	Көрсеткіштері
1	2	3
Кәсіби дискурсивті-дипломатиялық	<i>Когнитивтік критерийі</i> тілдік сауаттылық, қажетті ақпаратты таңдау және бағалау, мәселені шешу, лингвистикалық және әдебиеттік талдауды көрсетеді. Диалог барысында қарым-қатынасқа мотивациясы дипломат мамандардың өз мамандығы саласына қатысты мәселені шешуге деген құзыреттілігін дамытуға бағытталады	- ашық қарым- қатынасқа қабілеті; - ситуацияларды сыни тұрғыдан талдай білуі; - қарым-қатынас жағдайында сыни баға бере білуі; - өз көзқарасын,ойлау тәсілдерін өзгерту қабілеттілігі. - болашақ мамандардың шетел тілінде қарым-қатынасқа түсе алуы;
Коммуникативтік - аналитикалық	<i>Кәсіби-тілдік критерийі</i> білімге деген қызығушылықтан және белсенділіктен, топтық кәсіби қарым-қатынасты құндылық ретінде танудан көрініс табады. Ұйымдастырылған жағдаяттардағы шеттілдік кәсіби дискурсивтік құзыреттілігін көрсете білу қаблетті болашақ дипломат мамандардың алған білімін практика жүзінде көрсете алудағы қатысымдық құзыреттілігін дамытуды көздейді.	- алған білім мазмұнын -- интериоризациялау (сыртқы саяси өмірдің құрылымын білу) - өзінің бастапқы мәдениетаралық тәжірибесіне дискурсты интеграциялай білу; - пікірін жүйелі түрде байланысты құра білуі

Болжамдық-кәсіби	<i>Іс-әрекеттік практикалық критерийі</i> тілдік сауаттылық, қажетті ақпаратты таңдау және бағалау, мәселені шешу, лингвистикалық және әдебиеттік талдауды көрсетеді. Диалог барысында қарым-қатынасқа мотивациясы дипломат мамандардың өз мамандығы саласына қатысты мәселені шешуге деген құзыреттілігін дамытуға бағытталады	- әр түрлі жағдайда алған білімін және тәжірибесін пайдалана білу; - қатысымдық жағдайға бейімделуі; - мәдениетаралық коммуникативтікте диалог жүргізе білуі; - дискурста әр стратегиясын пайдалана білуі;
------------------	--	---

Кесте-2

Дипломат мамандарды даярлау негізінде мәдениетаралық қатысымдық дискурсты қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері

Өлшемдер	Көрсеткіштер	Деңгейлер		
		Жоғары	Орта	Төмен
1	2	3	4	5
Когнитивтік	тілдік сауаттылық, қажетті ақпаратты таңдау және бағалау, лингвистикалық және әдебиеттік талдау	-өз ойын еркін түрде күрделі құрылымдағы рәсімдейді, мәселені толық баяндайды. -қосымша құралдарды (вербальды және вербальды емес құралдарды) сауатты пайдаланады	-өз ойын берілген үлгіге сәйкес оқытушы жетекшілігімен рәсімдейді, мәселені баяндайды, қосымша құралдарды толық пайдалана білмейді	-қарапайым үлгідегі тапсырмаларды орындайды, мағыналық құрылымда бағдар жасай алмайды, ойы шашыраңқы
Кәсіби –тілдік	білімге деген қызығушылық және белсенділік, топтық қарым-қатынасты құндылық ретінде тану	мәселені шешуде шынайы қызығушылық танытады, білуге қызығушылығы басым, топтық қарым-қатынасты орнатуға бейім	мәселенің шешімін мұғалімнің талап қоюымен іздейді, шешімін өз бетімен табуға сенімсіз, қатесін табады, бірақ оны түзете алмайды, қарым-қатынас орнатуда білімді мақсат тұтпайды.	мәселені шешуге қызықпайды, топта енжар, оқу материалының тек кейбір бөліктерін қабылдайды

<i>Іс-әрекеттік практикалық</i>	сөйлеу мәдениетінің нормаларын меңгеруі, ұжымдық өзара қарым-қатынасқа түсуі, сөзді түрлі қатынас жағдаяттарында қолдана білуі	диалог, пікірталаста ақпараттың талап етілетін мазмұнын қабылдайды, диалогта белсенді, талқылауға белсенді араласады, топтық жұмысты орындау барысында міндеттерді белгілейді	диалогты ұйымдастыруда енжар, диалог аясында әріптесінің пікірін тыңдайды, топтық жұмысты орындау барысында міндеттерді бөліседі, сөзді түрлі жағдаяттарда қолданады	топтық жұмысты ұйымдастыра алмайды, топта негізінен орындаушы қызметін атқарады, сөзді түрлі қатынас жағдаяттарында қолдана білмейді
---------------------------------	--	---	--	--

Дипломат мамандығының мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің сипатталған компоненттік құрылымдары екі мәдениетаралық қоғамдастық делдалының сөйлеу мәдениеті бойынша мәдени құндылықтары мен нормаларын есепке ала отырып, шетел тілін кәсіби мәдени қарым-қатынаста тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін шетел тілін білудің мәдениетаралық және коммуникативтік деңгейін қалыптастыратын оқыту жүйесі болып табылады.

Осылайша, шетел тілін оқыту барысында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамыту болашақ дипломат мамандарды даярлауда өте маңызды құзіреттілік болып табылады. Шетелдік ғалымдардың зерттеулерін зерделей келе, олардың маңызды пікіріне сүйене отырып, шетел тілі сабағында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің маңыздылығына көзіміз жетті.

2.2 Болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру технологиясы

Шеттілдік білім беру әдістемесі - бұл оқыту процесінің заңдылықтары мен оны оңтайландыру мақсатында оған әсер ету жолдары туралы білім жүйесі болып табылады. Негізінен бұл шетел тілін оқыту заңдылықтарын ашып, негіздейді. Оның негізгі категориясына оқыту технологиялары жатады. «Қазақстан Республикасының шетел тілін оқыту бойынша тұжырымдамасы» шетел тілінде білім беруді сапалы жаңартуға және кәсіби кадрларды дайындауға негізделеді. Осыған орай, осы тараушада болашақ дипломат мамандарының мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың шеттілдік білім беудегі технологиясының мазмұнын ашып көрсетеміз.

Қазіргі шеттілдік білім беруде технология ұғымы кеңінен қарастырылуда. Технология деп берілген білім беру мақсаттарын сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік беруді, оқытудың теориялық негізделген процестерін дамыту құралдары мен әдістерінің жиынтығын айтады. Технология қол жеткізілген нәтижелерді объективті кезең-кезеңімен өлшеу және қорытынды бағалау мүмкіндігіне негіздейді.

Технология ұғымына оқыту техникасы бойынша ғылыми, кәсіби оқыту мен ғылыми түрде жүзеге асырылатын үрдістер жиынтығы жатады, яғни қалай оқыту, не мақсатпен оқыту, не үшін олай оқыту қажет деген білім біліктілігін айқындау түсінігі кіреді. Ал, оқыту технологиясы, қалай оқыту керек деген ұғымның ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты болады. Яғни, қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру керек және шетел тілін тиімді оқыту сұрақтарына жауап іздейді.

Технология мәселесі келесі ғалымдардың Е.Р.Аргунов [113], А.А.Вербицкий [114] ғылыми зерттеулерінде қарастырылған болатын.

Отандық ғалым М.Жампейісова педагогикалық технологияны білім беру мақсаттарын сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін теориялық негізделген оқыту мен тәрбиелеу процестерінің құралдары мен әдістерінің жиынтығы, сонымен қатар практикада жүзеге асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы ретінде қарастырады [115].

Ресейлік зерттеуші А.А.Вербицкий мұғалімнің пәндік-технологиялық күзiреттiлiгiн анықтайды, бұл оқыту мен тәрбие мазмұнын, тиімді педагогикалық технологияларды, педагогикалық инновацияға қабілеттілікті, соның ішінде тиімді педагогикалық технологиялар саласында зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін іс жүзінде жүзеге асыру қабілетін білдіреді деп атап көрсетеді [114].

Ғалым Д.В.Новик «технология» ұғымын синхрондық аспектіде екі сұрақ тобын қамтиды дей келе, біріншісі «оқу технологиясы», екіншісі «білім беру технологиясы» деп анықтама береді [116].

Технологияның мазмұны – оқу үдерісін күнделікті өмірдегі қарым-қатынасқа ұштастыру болып табылады, ал әдістемелік маңыздылығы екі фактормен сипатталады. Бірінші нақты қандай да бір жағдайға ауыстыру әрекеті. Ол оқыту мен оқытудың нәтижесін күнделікті өмірдегі жағдайларға ұқсастығын қамтамасыз ету. Екінші оқуға ынталандыру жағдайы. Ол тіл үйренуге деген ынта мен заман талабына сай шетел тілін үйрену қабілеттілігімен сипатталады.

Осыған орай, зерттеу жұмысымызда болашақ дипломат мамандардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудағы тиімді технологияларын қарастыруды жөн көрдік.

Интеграция - бұл білім берудегі маңызды инновациялық құбылыстардың бірі біріне жатады.

Отандық және шетелдік әдістерде қалыптасқан интегративті тәсіл бұл тұрғыда ең тиімді болып саналады. Бұл болашақ мамандарды кешенді даярлау мәселесін тек пәндерді біріктіру ғана емес, сонымен қатар оқу процесін ұйымдастыру. Ресей зерттеушісі В.Ф.Тенищева «интеграция-педагогикалық жүйенің тұтастығын, дамуын қамтамасыз етеді және нәтижесінде білім алушылардың қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыруда оқу процесінің деңгейінің жоғарылауына әкеледі» деген болатын [117].

Зерттеуші ғалымдар И.А.Зимняя және Е.В.Земцованың пікіріне сәйкес, интегративті тәсіл дегеніміз «қоғам, кем дегенде бір сипаттамадан тұратын,

нәтижесінде жаңа сапа пайда болатын объектілердің, құбылыстардың, процестердің жиынтығын тұтас бейнелеу» деген тұжырымдама жасайды.

Осыған орай, біз болашақ дипломаттарға шетел тілін оқыту барысында интегративті тәсілдің құрылымын анықтаймыз. Ол аспектілерді, принциптерді, мақсаттар мен нәтижелерді қамтиды. Интегративті тәсілдің әдістемелік, ұйымдастырушылық-белсенді және мазмұнды компоненттерін қарастырамыз.

Шетел тілін оқытудағы интегративті тәсілдің келесі негізгі принциптерін бөлуге болады.

- мәдениеттілік принципі, шығармашылық, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге бағдарлау принципі; өзгергіштік принципі, көп мәдениетті, өзін-өзі анықтау және жеке өзін-өзі тану принципі, төзімділік принципі, мәдениеттер біртұтастығы принципі.

Зерттеуші ғалым А.Т.Чакликова еңбегінде айтылған шетел тілін оқытудағы интегративті тәсілдің негізгі мақсаттарының ішінде мыналарды бөліп көрсету біздің жұмысымыз үшін маңызды [18, 8 б.]:

- әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыру (студенттер пәндерді оқу мақсатын терең түсінеді, олардың арасындағы байланысты түсінеді, осылайша оқу процесіне деген ынтасын арттырады);

- білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейтуде жаңа дағдыларды қалыптастыру;

- стереотиптерден аулақ және конструктивті мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын жеке тұлғаны қалыптастыру;

- қоғам дамуындағы осы кезеңде білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі стандартты емес жағдаяттарда шешім іздеуге дайын креативті тұлғаны қалыптастыру;

- студенттердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (моральдық сипаттағы материалдарды қосу) және субкомпетенцияларды қалыптастыру (коммуникативті, әлеуметтік-мәдени, білімдік және танымдық).

Оқу барысын дамыту, оқу-танымдық іс-әрекетті жүйелеу, негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыру, тиімді мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын жеке кәсіби тұлғаны қалыптастыру, студенттердің кәсіби шеберліктерін дамыту, тұлғаны жан-жақты жетілдіру, ойлаудың өзгергіштігін қалыптастыру, жаңа кәсіби жеке тұлға түрін қалыптастыру, бұлардың барлығы шетел тілін оқытуда интегративті тәсілді қолданудың нәтижесі болып табылады.

Белсенді оқу және танымдық іс-әрекетке ынталандырудың жоғары деңгейі, кәсіби және практикалық бағыт беру үшін оқу сабақтарын тиісті әдістемелік қолдану *интегративті оқыту технологиясына* сәйкес келетін маңызды шарттар болып табылады. Оқыту процесінде ойын жобалау және ситуациялық модельдеу, пән аралық викториналарды өткізу, кәсіби және танымдық міндеттерді шешуге жағдай жасау, топтық пікірталастарды ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және т.б. оқыту іс-әрекеттері арқылы тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, мамандыққа сәйкес дидактикалық-методикалық оқу құралдарын (әдістемелік құралдарын) тандау, оқыту бағдарламалары және т.б. жиынтықта

бірізді қолдана отырып болашақ мамандарды мақсатты дайындауға мүмкіндік жасалады [118].

Тілді оқытатын жоғары оқу орындарының шеттілдік білім беру практикасында интегративті технологияларды сәтті қолданудың нәтижесі студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытуды алға қояды. Аталған технологияны ғалым Л.Н.Базир ғылыми еңбегінде адамның модельдеу, жүйелеу, құрылымдау, идеализациялау т.б. қабілеттерінен тұрады деп түсіндірген болатын [119].

Шетел тілін оқытуда интегративті технологияны қолданудың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі дидактикалық жағдаяттар, ең алдымен, ғылыми негізделген диагностикалау мен технологияны жобалауда интегративті ойлауды дамытудың бастапқы қадамдарын біліп, түсінуге, әдістемелік базаны құру (мазмұны мен сипатына сай арнайы әзірленген интегративті тапсырмалар мен жаттығулар жиынтығы, кәсіби қызметтері), оқыту мен өзін-өзі тәрбиелеудің басқа да әдістерін қолдануға негізделген.

Болашақ дипломаттарды даярлауда шетел тілін оқытудың интегративті технологиясының тиімділігі әлеуметтік-психологиялық жиынтығымен қамтамасыз етіледі. Ұйымдастырушылық-дидактикалық жағдайға танымдық іс-әрекеттің интегративті әдістері бойынша студенттердің бастапқы деңгейін анықтау, интегративті формаларды, оқыту әдістері мен өзін-өзі тәрбиелеуді, шетел тіліндегі тапсырмалардың интегративті кешенін құру жатады. Студенттерді тілдік құзіреттілік деңгейіне қарай саралау, аралық және қорытынды бақылаудың деректерін талдау қажет.

Интегративті технологияларды қолданысқа енгізудің әлеуметтік және белсенділік шарттарына болашақ кәсіби іс-әрекеттер, білім алушылардың танымдық іс-әрекетін басқару және үйлестіру, танымдық іс-әрекеттің әр түрлі түрлеріне пәндерді қосу, интегративті аудиториялық және аудиториядан тыс танымдық іс-әрекеттер мен студенттердің өзіндік білім беру жағдайларында интеграциялатын материалдың мазмұнын айқындау жатады. Жекелеген психологиялық жағдайлар студенттердің интегративті танымдық іс-әрекетінде интроспекцияны, өзін-өзі бағалауды, мотивациялық белгілерді, университеттің білім беру ортасында жеке құндылық бағдарларын түзетуді, тұлға-тұлға арасындағы белсенді қарым-қатынасты қолдануға мүмкіндік береді.

Болашақ дипломаттарды даярлауда шетел тілін оқытудың интегративті технологиясын жобалау кезінде білім беру мәселелерінің тек гуманитарлық мазмұнын игеруге ғана назара аудармай, сонымен бірге маманның болашақ кәсіби іс-әрекетінің сәтті болуына да басты назар аударылады. Сонымен қатар, зерттеуші М.С.Бушуевтің пікірінше, мұндай технологияның негізі болашақ кәсіби іс-әрекет дағдыларын үздіксіз қалыптастыру болып табылады [120].

Шетел тілін оқытудың интегративті технологиясы негізінде оқу барысын ұйымдастыру ретінде дидактикалық материалдар жиынтығында неғұрлым толық, мағыналы пәнаралық байланысты интегративті қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді. Жалпы, кәсіби мамандардың қалыптасуы мен дамуы үшін әр түрлі іс-әрекет түрлерін біріктіруді қамтыған және бәсекеге қабілеттілігінің негізі бола алатын әдістерді де меңгеру тәсілдерін жүзеге асырдық.

Болашақ дипломаттарға шетел тілін оқытудың практикалық мақсатын айқындау, жаңа білімді игеру және кәсіби салада ақпарат алмасу құралы ретінде болашақта білімдерін қолдану дегенді білдіреді. Бұл, бір жағынан, олардың болашақ кәсібінің жоғары деңгейіне көтерілуіне мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, шетел тілінің құзіреттілігі мен интегративті ойлауын қалыптастырады.

Шетел тілі сабақтарында саналы және нәтижелі жұмысты ұйымдастыру үшін жалпы оқу процесінде студенттер өз білімдерін әрі қарай кәсіби іс-әрекетінде, жалпы өмірде орынды қолдана алатындай етіп құру керек. Болашақ мамандар үшін осы пәнді оқып үйренудің мақсаттарын, өзін-өзі бақылаудың формалары мен әдістерін білуі, жалпы мотивациялық қатынасты арттыратын интегративті танымдық іс-әрекетке арналған нұсқаулықтардың болуы, оны түсініп оқуы маңызды. Зерттеуші Н.Д.Галскова айтқандай пәнаралық байланыс негізінде шетел тілін оқыту процесінде оқытудың әртүрлі әдістерінің интеграциясы студенттердің ынтасын көтеруге, басқаруға және айтарлықтай жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді [121].

ЖОО білім беру іс-әрекетін интегративті ұйымдастыру процесінде ынталандыру білім мазмұны мен оны игеру процесіне қызығушылықты анықтайтын ішкі, нақты білім берудің танымдық мотивтермен алмастырылады. Сонымен бірге ЖОО оқу іс-әрекетінің танымдық мотивациясы адамда өздігінен пайда болмайды, ол өз кезегінде оқытушының шеберлігінің нәтижесі болып табылады және оның мақсатты қалыптасуы тұтастай алғанда дидактикалық процестің тиімділігіне әсер етеді.

Сонымен, интегративтік тәсіл дегеніміз педагогикалық процестің кез-келген компонентінде интеграция принципін жүзеге асыруға ықпал етеді, педагогикалық процестің тұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, болашақ дипломаттарды даярлаушы ЖОО тәжірибесіне интегративті оқыту технологияларын кеңінен енгізу жекелеген және кәсіби қажетті сапалардың дамуына қамтамасыз ете алады, студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінің нақты бағыттары мен түрлеріне қатысты инвариантты емес интегралды кәсіби білім, зияткерлік дағдылар мен практикалық әдістерді мақсатты түрде қалыптастырады.

Технология ұғымын талқылай келе, коммуникативті оқыту, проблемалық оқыту, модульдық оқыту технологиялары болашақ дипломат мамандарының мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруға жан-жақты ықпал етеді және маңызды орынға ие деген тұжырымға келдік.

Жан-жақты коммуникативті оқыту технологиясы тілдің коммуникативтік қызметін ескере отырып коммуникативтік танымдық жағынан меңгеруді көздейді. Бұл мәселені шетел тілін оқытудағы коммуникативті біліктілік деңгейі бойынша Германияның оқу бағдарламасын жасаған, неміс ғалымдары М.Н.Берулава, Г.Нойнер, Г.Хунфельдтердің: «коммуникация тіл және іс-әрекет арқылы іске асады. Коммуникация алдын-ала жоспарланған, дайындалған немесе жоспарланбаған болуы мүмкін», - деген анықтамалары негізге алынады [122,123,124].

Коммуникативтік оқыту технологиясы пікір алысуға негізделген әдістеме яғни, тұлғаның пікірлесе алу қабілеті туралы айқындайтын анықтама. Қарапайым тілмен айтқанда, шетел тілінде сөйлеу арқылы өз ойын басқаға жеткізе алу қабілеті. Бұл әдістеме коммуникативті қарым-қатынасты қалыптастырып қана қоймайды, сонымен бірге қарым-қатынасқа психологиялық және лингвистикалық дайындығын қалыптастыруға, іске асырылатын іс-әрекеттің материалдары мен әдістерін саналы түрде түсінуге бағыттайды. Негізінде қандай да бір коммуникативті тапсырма болашақ дипломаттарға пікірталасқа түсу үшін проблема немесе сұрақ ұсынуы керек, олар ақпаратпен бөлісіп қана қоймайды, оны бағалауы да керек. Болашақ дипломаттардың өз ойларын құрастыру үшін тілдік бірліктерді өздігінен таңдауы аталған тәсілді оқу іс-әрекетінің басқа түрлерінен ажыратуға мүмкіндік беретін басты шарты болып табылады. Шетел тілін үйретуде коммуникативті оқыту технологиясы негізінде болашақ дипломаттардың сөйлеу дағдысын дамыту жолдарының тиімділігін анықтау, оларды сабақ барысында қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету осы технологияның негізгі мақсаты болып табылады. Диссертациялық жұмыстағы сөз болып отырған коммуникативті оқыту технологиясы арқылы болашақ дипломаттардың шетел тілінде сөйлеу қабілетін дамытуға, тілді мәдениет аралық қарым-қатынас жасаудың басты құралы ретінде қолдана отырып, түрлі мәтіндердегі немесе әңгімелердегі маңызды мағұлматты ұғынуға итермелеуге, диалогты, пікірталасты, іскерлік әңгімелерді жүргізе алу қабілетін дамытуға машықтандырады.

Біз жұмысымызда жан-жақты коммуникативті оқыту технологиясын негізге алу барысында келесі әдістерді де назардан тыс қалдырмай қарастырдық.

Диалогты әдісті зерттеу қазіргі уақытта коммуниктивті лингводиактиканың негізгі нысандарының бірі болып табылатыны бәрімізге белгілі жайт. Шеттілдік білім беруде коммуникативті іс-әрекетті жекелей емес, өзара хабар алысатын саналы іс-әрекет түрінде қарастыру қабылданған. Осы орайда, тұлға аралық қатысымның компоненттері ретінде төмендегілерді атасақ болады:

1) сөйлеуші мен адресат (субъект факторы жеке психологиялық сөйлеушінің тұлғалық, әлеуметтік ерекшеліктері, адресат факторы, оның тең коммуникацияға дайындығы енеді, сондай-ақ жеке мінезі, коммуниканттар арасындағы интеракциялық жеке тұлғаралық қарым-қатынас та жатады);

2) сөйлеушінің коммуникативті ниеті, уәжі, қатысу мақсаты;

3) коммуникацияға түсу барысында кеңістікке (коммуникативті акт барысындағы қатысымның жалпы әлеуметтік-саяси, мәдени жағдаяттарына сүйенетін шарттарын белгілейтін экстралингвистикалық факторлар) байланысты шынайылық деңгейі;

4) белгілі бір қоғамдық және статустық рөлі бар коммуниканттардың өзара коммуникациясы.

Сонымен қатар, кәсіби диалог шеттілдік мәдениетаралық, шеттілдік тілдік қарым-қатынас пен мәдениетаралық коммуникация барысында да үлкен

қызмет атқарады. Яғни, шетел тіліндегі диалогтың қырлары әр түрлі жақтарынан ашылады.

Полемикалық әдіс қарама-қайшылықты әдістер қатарында. Полемика арқылы тұлға өзінің сөзінің дұрыстығын дәлелдейді. Полемика дегеніміз қандай да бір фактіге көз жеткіздіре білу, өзін құптату өнері. Ал, оның басты мақсаты шындыққа жету. Полемикада болашақ дипломаттар өз көзқарасын қорғайды, қарсыластың пікірін жоққа шығара алады, сондықтан да, дебатқа қатысушылар қарым-қатынаста әртүрлі полемикалық әдістерді қолданады. Полемиканың болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсы бойынша шеттілдік білім берудегі басты ерекшеліктері:

1) Тараптардың әрқайсысы тұжырымдалған ұстанымын алға қояды және қарама-қайшылықтың мәні осы ұстанымдар арасындағы келіспеушіліктерді дәйектеуден тұрады.

2) Логикалық тұжырымдар шектелмейді.

3) Болашақ дипломаттар кейбір дәлелдерді өзгерте алады, қайта құра алады немесе егер ол оларды сенімсіз деп санаса, олардан толығымен бас тарта алады.

Ал проблемалық оқыту технологиясы ақпаратты сыни тұрғыдан байланыстыратын жан-жақты тұлғаны қалыптастыруға, тапсырманы шешу үшін ақпаратты таңдауға мүмкіндік береді. Проблемалық оқыту технологиясы туралы ғалым В.Т.Кудрявцев [125], М.Н.Скаткин [126], білікті кәсіби маман жеке тұлғасының қалыптасу тұжырымдамасын зерттеуші ғалым Л.А.Волович [127], Г.В.Мухаметзянова [128, 15 б.] өз еңбектерінде зерттеген болатын. Проблемалық оқыту технологиясының негізін қалаушылар оқудағы ойлау іс-әрекеті тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену дейді. Ғалым А.М.Матюшкиннің анықтамасы бойынша, оқытудағы ойлауды қалыптастырудың негізгі іс-әрекеті тек қана жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігінде. Тұлғаның барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Тұлғаның білімі оның ойлауды қалыптастыру көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы деп тұжырымдама береді [111, 26 б.].

Бұл технология болашақ дипломаттарға өз қабілеттерін дамытуға, жаңа жағымды нәтижелерге жету үшін орташа қабілеті бар болашақ мамандарға жетістікке жетуге үйренуге мүмкіндік береді. Проблемалық оқыту технологиясын қолдануда жаңа білімді игеру белгілі бір мәселені немесе қандай да бір проблеманы шешудің белгілі әдістерімен танысудан басталмайды, бірақ осы нақты мәселені шешу қажеттілігін қалыптастыратын жағдай жасаудан басталады. Мақсатқа жету жолында пайда болатын жеке сұрақтарға жауап бере отырып, тұлға жаңа материалды тезірек және терең игере алады.

Кейс-стади әдісі жағдаятты болашақ дипломаттардың саралап және топпен талқылаудың нәтижесінде оның тәжірибелік шешімін табуды көздейді. Жүйелі түрде талдау жүргізу, мәселелер және қабылдауларды дәлелді шешу кейс әдісінің негізгі міндеті болып табылады.

Кейс-стади әдісінің мақсаттарына:

- аналитикалық ойлау дағдысын дамыту;
- ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын дамыту;
- коммуникативтік құзыреттілікті арттыру;
- сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- оқуға деген ынтаны арттыру жатады.

Дебат әдісі білім алушылардың сыни түрде ойлауын, пікірін талдай отыра талқылау, маңыздысын ажырату, іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Дебат әдісінің элементтеріне дәйектерді құру, проблемаға қатысты әртүрлі пікір таластарды түйіндеу, проблеманың фактілерін және идеясын тұжырымдау әрекеттері жатады [129].

Еркін микрофон әдісі. Бұл әдісті аудиториядан басқа уақытта қолданған тиімді. Бұл белгілі бір тақырыптық мәселелер бойынша ұжым алдында дискурс жасау немесе баяндама жасау, яғни сөйлеу дегенді білдіреді. Мұнда болжанатын қандай да бір проблема алдын-ала ұсынылады. Бұл білім алушыларға алдын-ала дайындалуға, өз сөзін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Аталған тәсілдің уақыты да аса шектеулі. Еркін микрофонды тек адамның өзі жүргізуі қажет. Ол спикер ретінде белгілейді, қорытындылайды, жұмысты ұйымдастырады.

Миға шабуыл әдісі. Шығармашылық белсенділік жылдамдылығын және жаңа пікірлер, идеяларды жылдам жүзеге асыру іскерлігін дамыту әдісі. Қолданылу уақыты бойынша проблеманың шешімін шығаруға, жаңа ұғымды ұсыну және студенттердің іс-әрекетін өзекті ету, берілген проблемаға студенттердің зейінін жинақтауға қатысушыларды жұмылдырады. Әдістің басты міндетіне танымдық іс-әрекеттерін белсенденді ету және студенттерді сапалы білім алу үрдісіне жол ашу жатады. Мазмұны бойынша көптеген сұрақтарды пайдалана отырып берілген сұрақ немесе қарастырылатын проблема бойынша әртүрлі идеялар жинақтау осы әдістің технологиясы болып табылады. Ой-пікірлер талқыланды және өзіндік түсіндірулер жасалмайды.

Миға шабуылды ұйымдастыру шарттары:

- 1) миға шабуыл уақытында барлық білім алушылар қамтылады.
- 2) ұсынылған идеяларға комментарий берілмейді және сынға алынбайды.
- 3) идеяны нақтылау және дамыту мақсатында сұрақ-жауап қолдануға болады.
- 4) миға шабуыл барысында аралық бағалар қойылмайды.
- 5) мәселені талқылау деңгейінде ұсынылатын барлық пікірлер қабылданады. Ойлар нақты және қысқа болуы шарт.

Ашық ойлар сәті. Алдын ала проблема хабарланады. Білім алушылар берілген мәселе бойынша өз дәйектерін ұсынады және өз көзқарасын білдіреді. Оқушылардың жауабы қысқа, нұсқа, логикалық бірізділікке бағытталғаны талап етіледі. Зерттеу процесі, ақпаратты, фактілерді өздігінен іздеу және бірігіп өтуі тиіс.

Модульдік оқыту технологиясы бойынша пәннің мазмұнын жалпы курсқа енгізілген жеткілікті автономды бөлімдерге (модульдерге) бөлуді қарастырады. Модульдік оқыту «модуль» терминінен, яғни «функционалдық бірлік» деген

мағынаны алады. Зерттеуші-ғалым М.Чошановтың [30] мәселелік модульді оқыту технологиясы, сол сияқты зерттеуші А.Н. Шамовтың модульді оқыту технологиясы диссертациялық жұмыстың негізін құрайды. Модульдік білімнің мәні болашақ дипломаттардың оқу және танымдық іс-әрекеттегі белгілі бір дағдыларды өз бетінше игеруіне негізделген. Модульдік оқыту мазмұны нақты құрылымдауды қажет етеді. Ол өзінің танымдық іс-әрекетімен болашақ маманның мотивациялық саласының, зияткерлік, дербес, ұжымшылдық, өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді. Модульге оқуға жағымды мотивтер, эмоционалды мазмұны, білім беру ізденісі және өмірлік тәжірибесі кіреді. Модульдік оқытудың негізгі құралы - оқыту модульдері болып табылады [130].

Жобалау әдісі белгілі бір проблеманы бөлшектеп өңдеу арқылы, дидактикалық мақсатқа жету тәсілі. Нәтижесі шынайы, белгілі бір түрде рәсімделген практикалық нәтиже болып табылады. Жобалау әдісінің негізгі идеясы - «жоба» ұғымының мәнін құрайды, оның прагматикалық бағыты белгілі бір теориялық және практикалық мәнге ие. Мәселені шешу барысында алынатын нәтижеге қол жеткізумен сипатталады. Оған қол жеткізу үшін студенттерді өз бетімен ойлану, ғылымның әртүрлі бағыты бойынша білімдерін пайдалана отырып, проблеманы шешу және табу, шешімдердің түрлеріне қарай олардың қол жеткізетін нәтижелерін болжау қабілеті, себептер мен байланыстарды, қарым-қатынас орнату іскерлігіне үйретеді. Жобалау әдісі әрдайым білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасауына бағытталған. Яғни, студенттер белгілі бір уақыт ішінде жекеше, жұппен, топта орындауы қажет.


Іскерлік әдіс. Іскерлік ойынның негізінде иммитациялық модель жатыр, ол психологиялық көзқарас тұрғысынан жүзеге асырылып жатқан іс-әрекеттің бағдарланушы құрылымының арнайы материалдық формасы ретінде қарастырылуды қажет етеді. Бұл модель ережелердің бірізді жүйесін іске асыруға, оларды ескеруге, қатысушылардың ойынды біртұтас етіп көрсетуге, яғни жасалатын іс-әрекеттің бағдарланушы құрылымын меңгеруге мүмкіндік береді. Іскерлік ойын механизмі өмірдегі шынайылықпен, шындықпен бетпе бет келетіндей ерекше жағдайларды тудырады. Бұдан өту «ортаның қарсы шығуы» адамның кәсіби және әлеуметтік қалыптасуы үшін үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізеді.

Рөлдік ойындар әдісі. Қатысушылар өздеріне тағайындалған белгілі бір рөлді, жобаның мазмұны мен сипатын алады. Бұл дипломатикалық сала кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған кейіпкерлер болуы мүмкін. Ал ол әлеуметтік немесе іскерлік қарым-қатынасқа қатысушылардың ойлап шығарған жағдайына байланысты күрделенеді. Бұл жобалардың нәтижесі оның басында белгіленеді немесе тек соңына қарай анықталады. Мұнда шығармашылық деңгей өте жоғары, бірақ басым әрекет түрі рөлдік ойын болып қала бермек [131, 100-108бб.].

Рөлдік ойындар әдісі интерактивті технологияның әдісі ретінде болашақ мамандарды әртүрлі жағдайларға бейімдейді. Рөлдік ойындар кезінде студенттер жаңа жағдайға ене отырып, өзінің рөлін ойнайды, шешім шығарады, коммуникативтік жағдаяттарды басынан өткізеді.

Осылайша, мәдениетаралық дипломатиялық дискурсты сипаттау нәтижесінде ұсынылған технология әр түрлі өкілдермен мәдениетаралық коммуникация бойынша болашақ мамандарды даярлаудың тұтас моделі ретінде мәдени дипломатиялық рөлдермен, сондай-ақ кәсіби бағдарланған проблемалық коммуникативті міндеттермен бірге дамудың қажетті алғышарттары болып табылады [132, бб. 100-108].

Жалпы, жоғарыда көрсетілген әдістерді қолдана отырып, болашақ дипломат мамандарын мәдениетаралық қатысымға түсуге дайындауға үлкен мүмкіндіктер туады. Аталған әдістердің тиімділігін келесі бөлімшеде қарастырамыз.



Сурет-6. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру технологиялары мен әдістемелері

2.3 Шетел тілін оқытуда мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың оқу-әдістемелік тапсырмалар жиынтығы

Бүгінгі жоғары білім берудің нормативті-әдістемелік стратегиясына сәйкес шетел тіліндегі ғылыми дискуссияның қатысушыларының әлеуметтік-мәдени дипломатиялық рөлдерді меңгеруі бакалавр деңгейінде мамандық ретінде игергенде жүзеге асады. Ал жоғарғы деңгейінде дипломатиялық рөлдерді дискуссиялық өзара әрекеттестікке тікелей қатысушылардың меңгеруі қарастырылса, ЖОО-да бұл үрдіс дипломатиялық рөлдердің сарапшыларға бағытталған іс-әрекеті жүйесінде меңгеріледі.

Проблемалық ситуациялық және кәсіби тапсырмаларды шешуге негізделген күрделі мәдениетаралық-коммуникативті жаттығулар. Проблемалық жағдайлар осы жағдайдың өзегі болып табылатын нақты тапсырманы беру

арқылы модельденеді. Бұл тапсырмада мәлімдемелер мен қарама-қайшылықтар да болуы мүмкін, сондықтан да талқыландырылған мәселеге өз пікірін беруге тырысады.

Жалпы шетел тілдерін оқытудың қазіргі заманғы әдістемесінде «жаттығу жүйесі» ұғымы өзара байланысты және объектілердің бірлігін құрайтын реттелген, ішкі ұйымдастырылған жиынтық ретінде анықталады. Жаттығу барысында тек жаттығумен ғана байланысты емес, оқытушы мен болашақ мамандардың өзара әрекеттесуінің кез-келген формасы, оқу материалымен байланысты болады және тапсырманы қою, оның шешімін (тіректері, бағдарлары), шешімі мен бақылауы түсінікті құрылымы да бар. Әр жаттығудың оқу мақсаты да болады. Жаттығудың мақсаттары түпкі мақсатына байланысты, бірақ олар нақты және жалпыға бірдей нақты мақсаттармен байланысты. Әр жаттығуда онда қолданылатын тапсырмалар, дағдылар жиынтығы қарастырылған. Жаттығу үшін оның құралдары да қажет. Жаттығулардағы жетекші оқу құралдары - бұл оқу материалдары, негізінен оқу мәтіндері түрінде кездеседі.

Қолданыстағы тәсілдерге негізделген жаттығулар типтері мен түрлерінің жіктелуі өте көп. Ғалым С.С.Құнанбаева келесі жаттығуларды ұсынады [17, б.70]:

- қарым-қатынасқа дайындау жаттығулары (метатілдік материалдармен танысуды қамтамасыз ететін жаттығулар, қарым-қатынастың пәндік мазмұнын игеруге бағытталған жаттығулар, сөйлеу әрекетінің алуан түрлеріндегі қарым-қатынастың тәртіптік аспектілерін құратын жаттығулар);

- қарым-қатынасты модельдейтін жаттығулар (жағдаяттық жаттығулар; өзгермелі ситуациялық жаттығулар, шығармашылық ситуациялық жаттығулар), (В Қосымшасы);

- мәдениетаралық және коммуникативті жаттығулар (қарым-қатынастың нормативті және коммуникативті функционалды бағыты, коммуникацияның аналитикалық және бағалық функционалды бағыты, байланыстың полемикалық-аргументативті функционалды бағыты бойынша).

Дипломат мамандарды даярлау негізінде мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру арқылы, модель негізінде болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулардың бәрі «Дипломатиялық дискурс және мәдениетаралық коммуникацияны зерттеудегі заманауи контент-технологиялар» пәні бойынша сабақтарда төмендегі мазмұнда жүргізілді.

Өзара әрекеттестікте іс-әрекет жүйесін меңгеру, әсіресе, оны мәдениетаралық академиялық қарым-қатынас жағдайында меңгеру күрделі әдістемелік жүйе болғандықтан, ол тіл мамандықтарындағы болашақ мамандарды мәдениетаралық дипломатиялық қарым-қатынасқа дайындау бойынша кәсіби-бағытталған проблемалық коммуникативтік тапсырмалардың иерархиялық жүйесін құруды талап етеді. Сондықтан бұл мәселеде лингводидактикалық мақсаттағы мәдениетаралық ғылыми дискуссияны үлгілеу кезінде мыналарды пайдалануға болады:

1) мәдениеттанымдық бағытталған коммуникативті тесттер (B2) (білім алушылардың бойында мәдениетаралық дискуссия жағдайындағы дискуссиялық сөздері бойынша коммуникативтік іс-әрекет арқылы қолданатын тілдік құралдарын дұрыс таңдай білу қабілетін;

2) кәсіби бағытталған мәдениеттаным негізінде ізденушілік тапсырмалар (шетел тілінде мәдениетаралық дискуссияның қатысушыларының іс-әрекетіне бақылай жасай білуді игеруге, өзінің коммуникативті-прагматикалық мақсаттағы бақылауларын қорытындылауға, ғылыми дискуссияға тікелей қатысушылардың, өздеріне жүктелген дипломатиялық іс-әрекеттерін сәйкесінше атқарған жағдайда дипломаттық іс-әрекет жүйесінің түрлерін айқындауға және қорытындылауға ықпал етуші);

3) кәсіби-бағытталған коммуникативті құзыретілігін қалыптастыртын тапсырмалар (халықаралық ғылыми семинар аясындағы проблемалық жағдаяттар материалына құрылған (өзге дипломаттық лингвомәдениеттанымдық қауымдастық өкілдерімен дипломаттық өзара әрекеттестіктегі қазақстандықтарға тән коммуникативті-когнитивті кедергілерді жеңу жолдарын іздеуді, сондай-ақ, дипломатиялық өзара әрекеттестік үрдісінде коммуниканттар шешуге қажетті кәсіби-коммуникативті міндеттерді айқындауды қоса алғанда);

4) нақты әлеуметтік-мәдени дипломатиялық рөлдерді меңгертуге бағытталған тапсырмалар. Бұл рөлдерді меңгеруге мақсатты түрде бағытталған дипломаттық рөлдік ойындар жатады;

5) білім алушыларды дипломатиялық ойынның нақты белгіленген және қатаң реттелген ережелерімен коммуникативтік оқиға ретінде үлгілеу үрдісіне қатыстыратын зерттеушілік кейс-стадиды қолдана білу жатады.

Болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативті дискурсын қалыптастыруда тапсырмалар кәсіби мәтіндердің тіркесімімен ұсынылуы мүмкін және тиімділігі кәсіби коммуникативті актілерді орындау барысында дәлелденіп отыр [132, бб. 301-321].

Сонымен, мәдениетаралық дипломатиялық дискуссияны лингвомәдениеттанымдық сипаттау нәтижесінде айқындаған мәдениетаралық коммуникативтік білімі негізгі әлеуметтік-мәдени дипломатиялық рөлдермен ұштасады. Сондай-ақ, кәсіби-бағытталған проблемалық коммуникативті тапсырмалар болашақ мамандарды әртүрлі лингвомәдениеттанымдық дипломатиялық қауымдастық өкілдерімен шетел тілінде мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға үйретудің тұтас моделін жобалауға қажетті алғышарттар болып табылады.

Проблемалық оқыту теориясын қолдаған көптеген ғалымдардың ішінде тағы бір көрнекті ағартушы, сыни білім беру теоретигі Фрейр бар. Ол білім беру жүйесін қатты сынға алып, оны білім берудің түпкілікті тұжырымдамасы деп атады [133, 128-138бб.].

Дипломат мамандарды даярлау негізінде шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру үлгісі негізінде болашақ маманның мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар, «Шеттілдік коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курс»

тақырыбында дайындалған бағдарлама бойынша бірқатар сабақтарда төмендегі мазмұнда жүргізілді.

Бірінші танымдық-метатілдік кезең: жаттығулар негізінде диалогты таныстыру және зерттеу, дискурстық-қатысымдық және мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік көрсеткіштерді зерттеуге бағытталған (сөйлем құрылысы, функционалды стиль, дипломатиялық стиль, сөйлеу жанры және мазмұн). Стандарттық (типтік) жағдаяттық сәйкес келетін үлгіні (диалог) тану, оған аналитикалық тұрғыдан талдау жасау мен қатысымдыққа бағытталған.

1-тапсырма. Мәтінмен топтық жұмыс жүргізіледі. Шетел тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі жайында, саяси күш өкілі туралы оқыңыз.

1.1 Мәтінді талқылау барысында дипломатиялық хат жазу талаптарын талқылап, хат жазу ноталарын, формалар бойынша рәсімдеу негізінде кәсіби хат жазу дегеніміз не деген сұраққа жауап береді.

2-тапсырма. Диалогтың коммуникативті әдістері мен сөйлеу әрекеттерін анықтаңыз. Дипломатиялық өкілді тағайындау, сенім грамотасы, тіркеу грамотасы т.б.

3-тапсырма. Теледидарлық арна арқылы проблеманы шешудің дипломатиялық-стилистикалық құралдарын жіктеп айтыңыз.

Дипломатты шет мемлекетте тіркелуін куәландыратын құжаттар «Сенім грамотасы» деп аталынады. Қабылдайтын мемлекетке жолданған «Сенім грамотасына» дипломатиялық өкілді тағайындайтын мемлекеттің басшысы қол қояды және сыртқы істер министрінің қолымен бекітіліп, елшілерге, уәкілдерге және арнаулы (төтенше) делегациялар басшыларына тапсырылады. Сенім грамотасын тапсыру жөніндегі жеке ноталардың үлгісі:

Değerli, Bakan Bey!

Kazakistan Cumhuriyeti Dış İşleri Bakanı olmamla ilgili tebriklerinizden dolayı teşekkür ederim. Memleketinizdeyken gösterdiğiniz misafirperverliğiniz için şükranlarımı belirterek çift taraflı barışı sağlamaya yönelik çalışmalarımızı gerçekleştireceğimize inanıyorum.

Size sağlık, mutluluk ve kardeş Pakistan milletinin gelişmesini dilerim.

En içten dilek ve sagılarımla,

Yüksek makam sahibi

—————Bey'e

Pakistan İslâm

Cumhuriyeti Dış İşleri Bakanı

İslamabad

Қосымша білім алушыларға қойылатын талаптар: Жеке белгі көрсетілген мекен-жай сол қалпында белгі салынатын конверттің сыртына жазылады. Халықаралық қатынастар жүйесінде дипломатиялық тәжірибеде бұл рәсімдеу күннен-күнге дамып келеді, өз кезегінде қалыптасқан жағдайына қарамастан, өзгерістерге де ұшырап отырады. Дипломатиялық хат алмасуда консулдық қызметтерге қатысты да бірқатар құжаттар әзірленеді. Штаттан тыс,

кәсіпқой немесе құрметті консулдарды тағайындауға, олардың міндетіне қарай келісім алу негізінен дипломаттық хат-хабар алмасу арқылы жүзеге асады.

Жеделхаттар. Қазіргі таңдағы елдер арасындағы өзаралық қатысымдағы дипломатикалық құжаттардың келесі түрі – жеделхаттар да үлкен рөл атқарады. Негізінен, жеделхат қашанда бірден жауап беруді талап етеді. Жеделхат мазмұны жағынан маңызды саяси тақырыпқа ие. Мазмұны да жағдайға байланысты әртүрлі болып отырады: ұлттық мерекелер, маңызды жағдайлар күнің аталап өтілуі, ресми мереке күніне, қайғылы жағдайға көңіл айту т.б.

Көңіл айтуға қатысты жазылатын жеделхаттың үлгісі:

Nursultan şehiri

200 -«——»———

Değerli, Bakan Bey,

Hindistan Cumhuriyeti eski Cumhurbaşkanı Şankar Dayal Şarma'nın vefatından dolayı Şankar Dayal Şarma barış ve istikrara katkıda bulunan bir siyasetçi olarak insanlık tarihinde değerli bir yere sahiptir.

**Yüksek makam sahibi
Atal Buhari Vadcpay Bey'e
Hindistan Cumhuriyeti
Başbakan
Nwu-Deli
Yüksek makam sahibi**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 16 шілдедегі №173 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколының 12 бөлімінің 2 тарауында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі көңіл айту білдірілген хаттардың (жеделхаттардың) жобаларын дайындайды, оларға Қазақстан Республикасының тиісті басшысы қол қояды деп көрсетілген.

Жеделхат мазмұны мемлекет ішіндегі жетекші баспасөз бетінде жариялануы да кездеседі. Ел басшысының жаңадан тағайындалуына байланысты жедел түрде жеделхат жіберу - бұл халықаралық протоколдық тәжірибеде қалыптасқан сыйластық белгісі емес. Сонымен бірге мемлекеттер арасындағы коммуникативтік деңгейді көрсетеді, яғни, достықты дамытуды және байланысты кеңейтуді алға қояды.

Жіберілетін елге мекенжайы тек конверттің сыртында көрсетіледі. Дипломатиялық хат алмасу құжаттары дипломатиялық қызметті күнделікті қатысымның негізі болып табылады. Жеке жолдаулар мен жеке хаттар ел басшыларының өзара арасындағы қарым-қатынасқа өздерінің тікелей араласуын нығайтады, күшейтеді. Бұл қатынастың нығая түсуіне өзіндік үлес қосады. (А.Р.Әліпбаев. «Дипломатиялық құжаттама» кітабынан).

4-тапсырма. Үміткер пайдаланатын жылдамдықты, сөйлеу қарқынын, дипломатиялық термин сөздерді ескере отырып, БАҚ тілшілеріне сөйлейтін саясаткердің аудармасын енгізіңіз.

Жаңа сөздерді қолдану арқылы дипломатиялық хат-хабар дайындайды.

1) Дипломатиялық хат-хабар дайындау барысында хат хабар жасаудың түрлеріне жеке-жеке талдау жасайды.

3) Термин сөздердің бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар екендігіне көңіл қояды.

5-тапсырма. Жобаны дайындап, Ресей, АҚШ, Түркия, Германия және басқа елдер арасындағы мәдениетаралық қатысым мәселелерін ақпараттандыруды ұйымдастырыңыз.

6-тапсырма. Мәтіндерден ауыспалы осы шақта тұрған сөйлемдерді табыңыздар, диалог жасау арқылы қолданыңыз.

7-тапсырма. Жекеленген сөйлемдерді нақ осы шаққа айналдырыңыздар. Дебат жасау арқылы қолданыңыздар.

8-тапсырма. Жоғарыдағы тапсырма негізінде «Тәуелсіздік күнімен» құттықтап жеделхат жазыңыздар.

9-тапсырма. Жеделхат дайындау барысында нотаның үлгісін талдап жазыңыздар.

10-тапсырма. Сіздің мемлекетіңізде қолданыстағы қазіргі дипломатиялық келісімді келесі сөздерді қолдана отырып баяндама жасаңыз.

Kelime öbeklerini eşleştiriniz.

Diplomatik başkan

Devlet evraklar

Güven vekil

Diplomatik teşekkür belgesi

Біздің модельді тиімді ұйымдастыру үшін студенттердің дипломатиялық қарым-қатынас құру технологиясының байланыс міндеттерінің дәйекті жиынтығы болу керек, сайып келгенде, жаңа ақпаратты кәсіби бағдарланған мәтіннен тарту арқылы студенттердің өз мәтінін қалыптастырады. Қорытындысында білімді, дағдыларды қалыптастыратын, мамандық бойынша өз мәтінін қалыптастыратын кері байланысты жүзеге асыру міндеттері орындалады. Шетел тілін меңгеруді бастауға мүмкіндік беретін, сөйлеу материалдарын белсенді қолдануды ғана емес, сондай-ақ, коммуникативті қарым-қатынасты дамытуға бағытталған.

Тақырыпты қорыту мақсатында және студенттердің тақырып бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында тест тапсырма дайындалды.

Тест тапсырмалары

Test çalışmaları

1) Diplomatik vekilin yabancı memlekete kaydını belirten evrak hangisidir?

a) Telgraf

b) Nota

c) Güven belgesi

d) Geri davet belgesi

2) Diplomatik evrakları hazırlama önemli yönlerinden biridir.

a) Dış İşleri Bakanlığı'nın

b) Vatandaşların kayıt bölümü

c) İş İşleri Bakanlığı

d) Devlet Adamalarının

3) Hangisi şimdiki zaman değildir?

a). Karşılıklı ilişkiye doğrudan katılımlarını açıklar.

- b). Günlük iletişimin kaynağıdır.
- c). Kazakistan Cumhuriyeti'nin başkanı imza atacaktır.
- d). İletişimi geliştirmeyi gösterir.

4) Diplomatik vekilin vekilliğini belirten güven belgesi, – ...

- a) Kayıt belgesi
- b) Haber verme belgesi
- c) Geri davet belgesi
- d) Güven belgesi

5) Öğrencilerin bilgisini kontrol etme soruları:

- 1) Şimdiki zaman nedir? Nasıl yapılır?
- 2) Diplomatik mektuplaşmanın kaç türü vardır?
- 3) Nota nasıl bir evraktır? Kaça ayrılır?

Екінші ақпараттық-жинақтау кезең

Функционалды кәсіби түрде сөйлеуді қалпына келтіруге ықпал ететін репродуктивтік жаттығуларды орындау.

1-тапсырма. Ақпараттық аналитикалық-мағыналық және сыни тұрғыдан пікір беру.


2-тапсырма. Саяси дипломатиялық дискуссияда жиі қолданылатын термин тіркестерін бөлектеніз. Оларды сіздің ана тіліңізге жеткілікті түрде аудару нұсқаларын қарастырыңыз.

3-тапсырма. Төмендегі ең жиі қолданылатын сұрақтарды дипломатиялық дискурсына және мәдениетаралық қатысымға ықтимал жауаптарына сәйкестендіріңіз. Шетел тіліндегі достық келісім шарт жағдайына қатысты ұсыныспен ауызша баяндаманы дайындаңыз.

4-тапсырма. Үміткер пайдаланатын жылдамдықты, сөйлеу қарқынын, дипломатиялық термин сөздерді ескере отырып, БАҚ тілшілеріне сөйлейтін саясаткердің және дипломаттардың аудармасын енгізіңіз(жеке хабар, жобалар, рөлдік ойындар).

5-тапсырма. Жобаны дайындап, бірнеше елдің арасындағы мәдениетаралық коммуникативтік мәселелерін ақпараттандыруды ұйымдастырыңыз.

6- тапсырма. Дипломатилық, прагматикалық-кәсіптік тапсырмаларды және Case-зерттеуді шешу бойынша жаттығулар.



Мысалы:

- 1) *Çift konuşması, iki iletişimci arasındaki konuşma.*
 - *Benimle gelmek istemezsin herhalde?*
 - *Julia kulaklarına inanmadı.*
 - *Ben mi? Hayatım, dünyanın her yerine gideceğimi biliyorsun.*
- 2) *Üç veya dört iletişimci paralel bir görüşmeye katılabilir.*
 - *Bu ne muhteşem bir oda.*
 - *Beğenmene çok sevindim.*
 - *Sesi oldukça alçaktı ve hiç olmadığı kadar kısıktı.*
 - *Ailede Michael'ın mükemmel bir zevki olduğunu düşünüyoruz.*
 - *Michael odaya kayıtsız bir bakış attı.*
 - *Çok fazla deneyimim oldu. Oyunlarımız için setleri her zaman kendim tasarlarım. Tabii ki, benim için zor işleri yapacak bir adamım var ama fikirler bana ait.*
- 3) *Bir polilog, birkaç kişi arasındaki bir konuşmadır.*
 - *Umarım Frederic için iyi bir eş olur.*
 - *Umarım dışarı çıkmaktan pek hoşlanmaz, dedi, ikinci kız Amelia.*
 - *Ya da abartılı, dedi, üçüncüsü Georgina.*
 - *Dördüncüsü Diana, Sir Florian ile evlendiğinde çok borçlu olduğuna dair bir hikaye olduğunu söyledi.*
 - *Frederic buna mutlaka dikkat edecektir, dedi en büyükleri Augusta.*
 - *Çok güzel, dedi, beşinci Lydia.*
 - *Ve zekice, dedi, altıncı Cecilia.*

7-тапсырма. Шетел тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі туралы, саяси күш өкілі жайында оқыңыз (метатілдік іскерліктерді қалыптастыруға арналған жаттығу: альтернативтік тұрғыдан таңдау, мақұлдау мен жоққа шығару).

8-тапсырма. Диалогтың коммуникативті әдістері мен сөйлеу әрекеттерін анықтаңыз.

9-тапсырма. Теледидарлық арна арқылы проблеманы шешудің лингвистикалық-стилистикалық құралдарын бөлектеніз.

10-тапсырма. Мәдени айырмашылықтарды және олардың саяси бұқаралық дискурстың коммуникаторларының сөзіне әсерін мәлімдеңіз.

Барлық кезеңдерде болашақ маман түпнұсқалық бейнематериалдармен жұмыс істеуі керек, яғни онлайн есептер, баспасөз конференциялары және т.б. Мысалы төмендегі жаттығуда бос кестелер беріледі, болашақ маман бос тор көздерді дұрыс аудару арқылы толтырып шығуы тиіс.

Кесте-3

Дипломатиялық кездесу бойынша шеттілдік белгі талабын ұсыну үлгісі

Түрік тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тіліне аудару
1	2	3
Zirve için tüm	Я поручаю вам вести все	-

diplomatik müzakereleri size emanet ediyorum.	дипломатические переговоры по поводу встречи.	
Çekov? Sadece kafamın büyüklüğü. Ne demek istediğini biliyorum	-	-
-	-	Келіссөзге келдік деп ойлаймын. Уақыт бөлгеніңізге алғыс білдіремін
-	Многие Американские законодатели заявили... что споры о мутантах станут главным событием форума, который скрывается под маской дипломатических переговоров	-
-	Могу ли я переговорить с Вами, сэр Халлем?	-
-	-	Сіздің салқынқандылығыңызға таң қаламын.

Үшінші интегративтік-өкілдік кезең: Функционалды, дипломатиялық - кәсіби тілдік және кәсіби іскерлік реакцияға бағытталған жаттығулар:

1-тапсырма. Өзгермелі мәнәтіндердердегі анықтамаларды қолдануға арналған метатілдік іскерліктерді қалыптастыруға арналған жаттығулар (альтернативтік тұрғыдан таңдауға, жіктеуге, мақұлдау мен жоққа шығаруға және т.б арналған тапсырмалар). Саяси медиадискурста жиі қолданылатын тіркестер. Оларды ана тілінде дұрыс берудің нұсқаларын ойластырыңыз.

2-тапсырма. Іскерлікте, дипломатиялық кездесулерде жиі қолданылатын сұрақтар мен олардың мүмкін болатын жауаптарын сәйкестендіріңіз.

3-тапсырма. Шиеленіскен проблемалы жағдаятқа байланысты шетел тілінде қысқа ғана ауызша хабарлама дайындаңыз.

4-тапсырма. Саяси қайраткердің БАҚ алдындағы сөйлеген сөзін сөйлеушінің жылдамдығын, сөз ырғағын, қолданған манипуляциялық сөздерін ескере отырып аударыңыз.

5-тапсырма. Сөйлеу әрекетінің алуан түрлеріндегі қарым-қатынастың тәртіптік аспектілерін құратын жаттығулар;

6-тапсырма. Дипломатиялық, прагмо-кәсіби тапсырмалар мен case-study-ді шешуге арналған жаттығулар.

7-тапсырма. Қарым-қатынасты модельдейтін жаттығулар (жағдаяттық жаттығулар, өзгермелі ситуациялық жаттығулар, шығармашылық ситуациялық жаттығулар).

Әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында Case-study стади әдісі арқылы талдау жасаймыз. Талдау барысында Кейсте нақты әлеуметтік дағдылары: адамдардың өзін-өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу дискуссияны қолдану немесе қарама қайшылықты дәлелдеу, яғни проблеманы шешу және т.б. қалыптасады.

Өзіндік саралау. Пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Туындаған моральдық және этикалық мәселелерді шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды талап етеді.

Мысалы: Сабақ барысында мәдениетаралық ситуацияларды талдаймыз. Мысал келтіретін болсақ, Латын Америкасында «Мальборо» темекісі бойынша келісім шарт бұзылады, неге? Не себептен келісім шарт бұзылды? Қандай мәдениетаралық қатынаста айырмашылықтар бар деп ойлайсыз? Нақты себебін анықтаңыз.

Case-study әдістемесі бойынша студенттер талдау жүргізеді:

Ережеге сәйкес кейс келесілерден тұрады:

- Жағдаяттар: кездейсоқ жағдаят түйінді мәселе, шынайы өмірдегі оқиға.
- Жағдаяттың контексті: хронологиялық тарихи, орын контексті. Әрекеттердің немесе жағдаятқа қатысушылардың ерекшеліктері.
- Автор ұсынған жағдаятқа түсініктеме беру.
- Case-study-мен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

Студенттер өз пікірлерін, дәлелдерін келтіріп дәйектейді. Қарама-қайшы көзқарастар да туындап жатады. Ортақ дипломатиялық орта құрылып, шешімге келеді. Мысалы: Case- әдісін қолданамыз: Case-study әдісінің ерекшелігі, оның басқа көптеген түрлі оқыту әдістерімен тиімді үйлесуі болып табылады. Case-studyмен жұмысты ұйымдастыруда әр түрлі әдістермен үйлесу мүмкіндіктері берілген.

Case-study әдісімен үйлескен әдіс	Оның Case-study әдістегі рөлінің сипаты
Үлгілеу Проблемалық әдіс: мәселені ұсыну	Жағдайдың үлгісін құру Жағдайдың негізінде жатқан түйінді анықтау
Ойын әдістері: нұсқаларын ұсыну	Жағдай кейіпкерлерінің іс-әрекет нұсқаларын ұсыну
Миға шабуыл: Пікірталас жайлы көзқарастармен алмасу	Жағдайға қатысты ойларды жинақтау Түйінді мәселе және оны шешу жолдары

Талдаудан кейін студенттермен төмендегідей ортақ шешім шығарамыз (жауабы): Латын Америкасында «Мальборо» темекісінің жарнамасы «өтпейді».

Ковбой - атқа мінген адам, тек арзан шылым шегетін кедей халықтың өкілі. Сол себепті де ол сапасыз темекі.

Сонымен қатар, тағы бір мысал келтірсек. Испания мен Мексика елдерінің мәдениет жағынан ұқсастық пен айырмашықтарын жайында не

білесіздер? Қызылкүрең (бордовый) түс екі елдің мәдениетінде қандай рөл атқарады? Шампан шарабына арналған тығындарды сату жөнінде келісімшарт неге сәтсіз аяқталды?

Студенттер өз дәлелдерін келтіріп, проблеманың шешімін анықтайды. Екі елдің мәдениеттері бойынша ортақ және қарама-қайшылықтарды келтіреді, атап көрсетеді. Сонымен қатар, қызылкүрең (бордовый) түстің рөлін анықтап, сәтсіз аяқталған келісім шарттың себебін айқындайды. Дебат барысында дұрыс жауабын тапқан топ жеңіске жетеді.

Жауабы: Испаниялық фирма Мексикамен шампан шарабына арналған тығындарды әкеп сату жөнінде келісімшартқа отырды. Бірақ, Мексика мәдениетінде қызылкүрең (бордовый) түстің қайғы символы екенін ескермегендіктен, келісім іске аспай қалады.

Тағы бір мысал келтіретін болсам, Украинаның Умань қаласында хасидилердің дәстүрлі съезі кезінде туындаған жанжал себебін анықтау керек. Дипломаттық түрде проблеманың шешімін сәтті аяқтау керек, яғни дипломатиялық байланыс жалғасын табу керек. Қақтығыс себебін анықтап шешім шығару қажет.

Шешімі: 1996 жылы Украинаның Умань қаласында хасидилердің дәстүрлі съезі кезінде туындаған жанжал, көшедегі көрерменнің бірінің бетіне хасиди өкілінің балоннан көзден жас ағызатын газды шашып жіберуінен басталған. Хасидилердің салтында әйелдердің еркекке өте жақын келуіне болмайды. Жанжалға себеп болған украин әйелі еркекке діни салт рұқсат еткен қашықтықтан өте жақын келгенге ұқсайды. Наразылық бірнеше күнге дейін созылды. Қалаға тәртіп енгізу мақсатында келген өзге қалалық тәртіп сақшыларына мәдени қақтығыстың себебі түсіндірілді. Сөйтіп, олар да аса сақтықпен қажетті ара қашықтықты сақтауға мәжбүр болды, әрі әйелдерге діни жоралар өтіп жатқан аумаққа енуге тыйым салынғандығын түсіндіріп бақты. Проблемасының тереңдеуі әрі түрлі буын мәдениетінің алыстауы осыдан басталады. Шетел тілдерін оқытуда мәдениетаралық коммуникация мәселесін шешу маңызды орын алады.

8-тапсырма Төрт адамнан тұратын топта жұмыс жасау. Сіз бұл мәлімдемеге жауап ретінде әрқайсыңыз бір минут сөйлесесіз. Дипломат шешімін айтып, барлық баяндамашылардан кейін қысқа түсініктеме беру керек.

9-тапсырма Дөңгелек үстелді ұйымдастыру. Дебат.

10-тапсырма Дипломатиялық хат жазу.

Диалог, дискурс, пікірталас және т.б. түрінде кейінгі талқылауды білдіретін дипломаттық тілде сөйлеу ноталарының болуы және жеке дискурс мәтіндерін жасау барысында шеттілдік мәдениетаралық дипломатиялық коммуникативтік дағдыларды арттыру бойынша кәсіби маңызы бар проблемалық міндеттерді шешу үшін шығармашылық, кәсіби және коммуникативті іс-әрекеттер ұсынылады.

Байланыс процесінің рөлдік ойын, әлеуметтік кәсіби мәртебесі, қарым-қатынас қатысушыларының эмоционалды және моральдық кәсіби қарым-қатынасы ретінде іске асырылатын нақты серіктестермен ынтымақтастық тұрғысында белгілі бір мәселені шешу үшін жағдайларды модельдеуді

қамтамасыз ететін ең тиімді лингводидактикалық техника – бұл дайындалған бағдарлама негізінде «технологиялық проблемаларды жобалау» болып табылады.

Кәсіби маңызы бар проблемалық мәселелерді шешу және оларды кейіннен нақты тұтынушыларға дәлелді қорғау арқылы шеттілдік кәсіби дипломатиялық-коммуникативтік іс-әрекетте аталған бағдарлама негізінде ұсынылатын проблемалық-жобалық ұсыныстардан тұрады.

Әрине, мұндай кездесулер қызығушылық танытқан тыңдаушылардан көптеген мәселелер туралы сұрақтарды туындатады, бұл белгілі бір позицияларды ашуға бағытталған ережелерді түсіндіруді қажет етеді, жеке мәлімдемелерді жоққа шығарады, бұл өз кезегінде дау тудырады. Бұл кезеңнің мақсаты - өзінің жеке пікірталастық дәйектемелік дискурстарын құру, пікірталастық қарым-қатынас жасау, дискурсқа шығу, әңгімелесу және т.б. Қатысушылардың кәсіби және прагматикалық қызығушылығы, болашақ маманның нақты серіктестермен өзара әрекеттесу жасайтын кездегі жағдайлардың нышандарын түсінуге деген ұмтылысы арқасында осындай кездесулердің мотивациялық жағы өте жоғары болып келеді.

Case-study жұмыстың нәтижелерімен білім мен оқыту үрдісі жағынан нәтижелерін айқындау керек. Сонымен қатар, бұл сатыда сабақты дұрыс ұйымдастырудың тиімділігі талданады, біріккен іс-әрекетті ұйымдастырудың түйінді мәселелері анықталады, әрі қарай іс-әрекет жасау үшін міндеттер қойылады. Оқытушы іс-әрекеттері келесідей болуы мүмкін. Оқытушы Case-studyді талқылау үрдісін және барлық топтардың жұмысын талдай отырып пікірталасты аяқтайды, оқиганың шынайы дамуына қысқаша түсініктеме береді, қорытынды шығарады.

Сонымен қатар, болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың маңызды лингводидактикалық шарттары жүзеге асырылады. Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың барлық субкомпетенцияларын дамытуға ықпал ететін білім беру ортасын құру, шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру процесінде болашақ дипломаттардың коммуникациясын дамытуға бағытталған тапсырмалардың арнайы жүйесін пайдалану, интерактивті технология қолданылады.

Шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру процесінде болашақ дипломаттардың коммуникациясын дамытудың ең маңызды лингводидактикалық шартын арнайы білім беру ортасын құру болып табылады.

Коммуникативтік жаттығуларға келсек, қазіргі кездегі әлемдік мәдениетаралық өзара әрекеттестік мәселелерінің көзі ретінде қарастырады. Жаттығуларды орындау барысында қажетті шеттілдік бірліктерді болашақ маман кәсіби деңгейінде меңгеруі тиіс. Жаттығулар түрлерін орындау үшін болашақ маманның шеттілдік бірліктерді білу және оларды дұрыс таңдап қолдана алу дағдысы болуы қажет. Технологияларды қолдануға келсек, егер сіз шетелдік қонақты Қазақстан қалаларының көрікті жерлерімен таныстырғыңыз

келсе, технология түрін таңдаңыз. Ол тілдік жаттығуларды қолдану арқылы жүзеге асырылады да ауызша сөйлеу немесе кәсіби дискурс жасалатын жаттығулармен жалғастырылады, ал коммуникативтік және шығармашылық бағыттағы жаттығулармен одан әрі дамытылады. Жаттығуларды орындау барысында болашақ мамандардың кәсіби мамандығына қатысты терминдер мен сөздік қорының болуы анықталады. Жаттығу тақырыбына сай жеткілікті терминдер мен сөздік қор сөйлесімдік әрекетке арналған жаттығуларды орындауға мүмкіндік береді. Қажетті жаңа терминдер мен сөз тіркестері арнайы тақырыпқа сай жаттығуларда беріліп отырады. Бірақ, тақырыпқа қатысты негізгі ойға қажетті термин мен сөздік қор болашақ маманның сөздік қорында жеткілікті болуы керек. Оның жаңа терминдер мен жаңа сөзбен толықтырылуы коммуникативтік бағыттағы жаттығуларды орындау барысында жүзеге асырылады.

Этносананы қалыптастыру мәселелері бойынша шетел тілдерін үйренудегі өз тәжірибеңізді бағалауды, топта туындайтын халықаралық дискурс мәселелерінің себебін көрсетуді игеру керек.

Кәсіби дискурсивті жаттығулар болашақ мамандардың субъективтік өз ойын шеттілдік нормаға сай басқаларға сәйкесінше жеткізуді талап етеді. Ал ойды аяқтайтын не болмаса қорытынды ой сөйлемдер арқылы беріледі. Дипломат маман пікірі мен ойын басқаға жеткізу үшін шеттілдік дискурсты жасап құрастыра білуі керек. Бұл кәсіби іскерліктерді болашақ маман шеттілдік және ауызша сөйлеу жаттығуларын орындау барысында меңгереді және оған дағдыланып одан әрі дамытады. Яғни, ол дағдыларын коммуникативтік бағыттағы жаттығуларда орындау кезінде жылдам және ойланбай қолданылатын дәрежеде қолдану деңгейіне жеткізеді. Дискурста түсе алуға үйрететін жаттығулар тек ауызша ғана орындалмайды, сонымен қатар кәсіби жазбаша да орындалады. Мәтіндегі ақпаратты екі: а) қолданыста бар объективтік фактілер; ә) мәтін авторының пікірі секілді белгі бойынша жүйелейді. Таңдалған ақпарат бойынша секторлық диаграмма құрылады. Сондықтан мұнда тілдік жаттығуларды орындау барысында белгілі бір дәрежедегі сауаттылық талап етілетіні сөзсіз және оның болуы міндетті.

Этносананы қалыптастыру мәселелері бойынша мәтінде оқылған ақпаратқа негіздеме беріледі. Түркия елінің СІМ-не түрік балаларына қазақ тілін үйреткіңіз келетіндігі туралы хат жазыңыз. Болашақ дипломат дипломатиялық хаттарды жазғанда, хабарлама жазғанда, газет-журналдарға мақала жазғанда, яғни жазбаша орындалатын жұмыстарды орындағанда шеттілдік тілдік жаттығуларда игерілген сауаттылыққа сүйенеді, оны ауызша сөйлеу жаттығуларында дамытады, ал коммуникативтік және шығармашылық бағыттағы жаттығуларды орындауда одан әрі шындай түседі.

Case-study жаттығуларда өтілетін материалдың тақырыптарына сәйкес, алуан түрлі болып келеді. Сөйлеу жаттығуларын орындатуда болашақ мамандардың түрлі тақырыпта сөйлей алу дағдысын қалыптастыру көзделеді. Ал коммуникативтік және шығармашылық бағыттағы жаттығуларда тақырыптар кеңейтіліп, дамытылып, болашақ мамандарды еркін және сауатты сөйлеуге үйретеді. Мәдениетаралық кемшіліктер мен қателер туралы ақпаратты

салыстыру керек. Талқыланатын мәселе бойынша өз ойыңызды тобыңыздың ойымен салыстырып, нәтижелер нақтыланады. Қорытынды жасалады. Мәдениетаралық өзара әрекеттестікке не кедергі болатынын анықтайды.

Этносананы қалыптастыру мәселелерінің бірі - пікірсайысқа қатысу керек. Интернет сізге қолайсыз ба әлде мүлдем оған қарсысыз ба? Сұрақтарға жауап бере отырып, халықаралық коммуникациядағы лоббизм феномені, негізгі секторлары, т.б. осы талаптарды біз елтанымдық мәтіндерге арналған жаттығулар мен тапсырмаларды құрастыруда басшылыққа аламыз (Б Қосымшасы).

Тапсырмалармен жұмыс кезінде орындалатын жаттығулар болашақ мамандардың ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық жұмысқа баулуға және елтанымдық мәтіндермен алған ақпаратты салыстыра білуге бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, тақырыптың ауыр немесе жеңілдігін зерделей отырып, болашақ мамандардың орындауына көп қиындық келтірмейтін, қайта қызығушылығы мен ынтасын, ойлау белсенділігін дамытатын жаттығуларды пайдалану керек. Ал әрбір жаттығуды құрастыруда оны орындаудан күтілетін нәтижеге алдынала болжам жасап отыру керек.

Осы арада бір ескеретін мәселе – бұл күтілетін нәтиженің елтанымдық мәтіннің тақырыбына, жаттығу жұмысының түрлеріне, сабақтың мақсатына сай өзгеріп отыруында. Сондықтан да елтанымдық мәтіндердің негізінде құрастырылатын жаттығулар мен тапсырмаларды жоғарыда аталған ерекшеліктерге сай ұйымдастырамыз.

Біз жаттығулар кешенін дайындауда жоғарыда аталған әдістемелік, әдебиеттерге, ғылыми деректерге, тәжірибелік әдіскер-ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, жаттығуларға қойылатын мынадай талаптарды анықтадық:

- жаттығулардың әр жақтылығы және қайталанатын жаттығуларда (берілген бір тақырыпты өту кезіндегі жаттығулармен шектеліп қалуға болмайды, яғни, келесі сабақтарда немесе басқа тақырыптарды өту кезінде де сол жаттығуларды қайталап орындау керек); жаттығулардың болашақ мамандардың алған теориялық білімін тәжірибеде қолдана білуіне бағытталуы зейіннің жетілуі мен есте ұстау қабілетінің дамуына ықпал етуі; студенттердің ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы; болашақ мамандардың өз бетімен талдау жасай білуіне, елтанымдық мәтіннен алған ақпаратты салыстыра білуге бағытталуы; елтанымдық мәтіндері талдай білуге және сауатты жазуды меңгеруге бағытталуы; жаттығуларда тақырыпқа сай сөйлеу мақсатының көзделуі алға қойылады;

- жаттығуларды орындатудағы қиындықтың ескерілуі; жаттығу мазмұнының тілін оқып жатқан елдің мәдениеті, салт-дәстүрі тұрмыс-тіршілігімен байланысты болуы; жаттығулар мазмұнының түсінікті және қызықты болуы; жаттығулардың мазмұны болашақ дипломаттардың мамандығына байланысты болуы.

Ол МКҚ деңгейіндегі дағдыларды дамыту үшін қолданылатын коммуникативтік тапсырмалар жүйесі болып табылады, олардың ең жоғары деңгейі мәтіндік туынды болып табылады.

Мұндай тапсырмалар зерттеуші-ғалым С.В.Нестерованың айтуы бойынша болашақ мамандарға тілдік тосқауылдарды жеңуге көмектесетін, шетел тілінде сөйлеу, оқу, тыңдау, жазу және мағыналық болжау дағдыларын дамытумен қатар, прагматикалық-кәсіптік жағдайға шетел тілінде өз ойларын еркін білдіруге көмектесетін ассоциограмманы толтыруға арналған тапсырмалар болуы мүмкін [133].

Көптеген әдіскерлер (Л.В.Волкова, Е.В.Толстихина, Е.Ф.Киров, және басқалар) шығармашылық ынталандыруды белсенденді ету тапсырмалары болашақ мамандарға шетел тілін үйренуді ғана емес, шетел тілінде сөйлесуді үйретуге де көмектеседі деп пайымдайды. Мұндай коммуникативтік тапсырмалар грамматиканың, сөздік және фонетиканың әртүрлі лингвистикалық құбылыстарын меңгеруге, содан кейін қарым-қатынас тәжірибесінде оларды жақсартуға бағытталған [134 135, 136].

Осыған орай танысу мен зерделеу үшін оқу процесіндегі кәсіби (метатілдік) минимумды түсіну, игеру, сақтау, декодтау, мәтіндегі мағыналық байланыстарлы құру әрекеттері қамтамасыз етілетін қажетті дағдылар қабылдауды, тақырып бойынша тұжырымдамалық және терминологиялық аппаратты қалыптастыруды, ауыстыру, тарылту, кеңейту, парафраз және т.б. меңгеру үдерісінде ауыстыру міндеттерінде лексикалық дағдыларды қалыптастыруды қамтиды.

Көптеген тәсілдермен шынайы қарым-қатынасты ынталандыратын әдістемелік тұрғыдан таңдап алынған оқулықтар мен тапсырмалардан, тыңдаушыларды ынталандыруды, тұтастай алғанда тілге деген қызығушылығын, күмәндануын білдіруді және ұсынылатын мәселені талқылауы байланысты болып келеді. Бұл тапсырмалар болашақ дипломаттар арасында коммуникативтік дағдыларды қалыптастырады, контекстен тыс және сөйлесу бірліктерін оқытуды жүзеге асырады, тікелей байланысқа көшу мүмкіндігін береді.

Болашақ дипломат маманның когнитивтік-метатілдік кезеңінде коммуникативтік тапсырмаларды орындағанда мәтіннің кәсіби маңызды тақырыбына қызығушылығын тудыру үшін, студенттердің болжау дағдыларын дамытатын және тақырыпты болжайтын коммуникативтік міндеттер орындалады.

Кәсіби тезаурусты қалыптастырудың *ақпараттық-жинақтау кезеңінде* оқытылуы бойынша коммуникативтік тапсырмалары белгілі бір мәтінді шешу үшін қажетті және жеткілікті білімді үлгілеуге, оны түсінудің лингвистикалық және семантикалық қиындықтарын жоюға бағытталған. Мәтіннің туындау үрдісін басқарудағы басты рөл ақпаратты әртүрлі кестелерді, диаграммаларды толтыру кезінде көрініс табатын ақпаратқа мақсатты түрде іздеу және жазбаша түрде жазу міндеттерімен жүзеге асырылады.

Бұл міндеттер коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді, себебі олардың мақсаты таңдалған шешуші сөздер, тақырып, қысқартылған немесе оңайлатылған мәтінге негізделген мәтіннің мазмұнын жинақтау, сілтемелерді тыңдау болып табылады.

Оқылымды зерттеу мәтіндік үзінділерді тандап оқумен байланысты. Бұл оқу жылдам танысып оқудың аналогы болып табылады, бірақ ол сонымен қатар негізгі сөздерді алдын-ала енгізу, қажетті ақпаратты іздеу, болашақ мамандарды қарқынды оқу үшін дайындауға арналады.

Сонымен бірге, осы кезеңде осы контексте қабылдану және арттырудың лексикалық дағдыларын пайдалану компоненті болашақ мамандардың белгілі бір тақырыпқа, тақырыпшаға және пәнге деген танымдық қызығушылықтың артуына негізделген ақпараттық базаны кеңейту кезінде қалыптасады. Оқу мәтіндерінде өзін-өзі зерттеу стратегиялары әзірленуде, когнитивтік-коммуникативтік деңгейдегі кәсіби мәселелер бойынша ақпараттық дерке қорды жинақтау жүргізіледі.

Бұл міндеттер кәсіби деңгейде ғана емес, ақпаратты жинақтау және синтездеу үшін ғана емес, сонымен қатар шығармашылық түсіндірілген және өздігінен жасалынған мәтіндерде алынған коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды талап етеді. Фрагменталдық мәтіннің мазмұнын түсінуді ұйымдастырғаннан кейін, жаңа лексикалық бірліктерді қолдану дағдыларын қалыптастыру бойынша жедел оқыту жұмысы жүргізіліп, байланыс тақырыбының мазмұнына аналитикалық баға беріледі.

Болашақ дипломат мамандар ақпараттық жинақтау кезеңінде коммуникативтік тапсырмаларда келесі коммуникациялық міндеттер орындалады. Қажетті ақпаратты іздеу және мазмұнды болжау, қысқартылған мәтінді оқу, монологтық және диалогтық сөйлеу барысында оқуды талқылау, прагматикалық мәтіннің арнайы терминологиясын талқылау секілді бірқатар әрекеттер жүзеге асырылады.

Кәсіби-бағытталған бағдарлау кезеңінде коммуникативтік тапсырмаларды оқып үйренуге арналған коммуникативтік тапсырмаларда болашақ мамандарға оқу түрін, жылдамдығын және белгілі бір когнитивтік-коммуникативтік тапсырмаларды шешу қажеттілігін көрсететін коммуникативтік қатынастар ұсынылады.

Оқу барысында метатілдік дағдыларын параллель қалыптастыру ұсынылады, сондай-ақ жаңа, арнайы терминологиялық материалда қабылдағыш (оқуды түсіну) және қажетті (анықтамаларды, бөліктерді немесе толық мәтінді көбейту) дағдыларды дамыту ұсынылады. Бұл тапсырмалар материалды терең меңгеруге, кәсіптік ақпаратты болашақ мамандардың қабылдауы мен бекітуіне, сыни ойлау мен талқылауға бағытталған.

Бұл кезең болашақ мамандарды мәтінді түсінуден дәйекті оқып, қосымша арнайы мәтінді құрастыруға дайындайды. Болашақ дипломат мамандар мазмұндық-семантикалық ақпарат бойынша коммуникативтік тапсырмаларды орындағанда; негізгі түсініктерді түсіндіру; алынған мәліметтерді бағалау және кәсіби білімді талдау арқылы мәтіннің негізгі ұсыныстарын көбейту, мәтіннің негізгі мәселесін қысқа сөйлемдерде беру, ауызша және жазбаша түрдегі түсінікті тексеру және бақылау жұмыстарын жасайды.

Шынайы прагматикалық мәтіндер негізінде маманның тезаурусын қалыптастырудың соңғы кәсіби-коммуникативті сатысында коммуникативтік тапсырмалар кері байланыс үшін пайдаланылады (кері байланыс туралы

Қ.Ө.Есенова, Н.Д.Артюновтар ұсынған түсінік біздің зерттеу жұмысымыз үшін шешуші болып табылады, өйткені кері байланыс кәсіби білімнің мәтіндік іс-әрекеті шеңберіндегі мәтін аясында кәсіби байланысты қалыптастырудың негізі болып табылады [137, 138].

Кері байланыс нәтижелерін пайдалану шетел тілін оқытудың нәтижелілігін көздейді. Біз ұсынатын коммуникативтік тапсырмалар болашақ мамандардың коммуникацияны жүзеге асыруда өз мәтінін жасауына, сондай-ақ проблеманы айқындап қалыптастыруға бағытталған кері байланыстың жүзеге асырудың негізі болып табылады. Бұл міндеттер дағдыларды қалыптастыруға, пікірталас проблемасын тұжырымдауды ғана емес, сонымен қатар ақырғы шешімді қорытындылауға және талқылауға дейін талдау жасауға мүмкіндік береді.

Бұл тапсырмалар мәтінді түсіну дағдыларын қалыптастыру деңгейін бақылауға, мәтінді қалыптастыруға және алынған ақпараттарды ықтимал пайдалануды бақылауға арналған. Тыңдаушылар өздерінің пікірлеріне, сезімдеріне және тәжірибесіне қатысты мәтінге жауап береді.

Сабақта мәтіннің туындау дағдыларын қалыптастырудың ең тиімді және нәтижелі құралы, болашақ дипломат мамандардың рөлдік ойындары, пікірталастар, дебаттар, оқылған мәтіннің қысқаша мазмұны, ақпараттың бағалануы, оқылымның түсіндірмесі, мәтін тақырыбы бойынша қосымша хабарлама, аннотация жазу, эссе және тағы басқалар болып табылады.

Болашақ дипломат мамандар міндеттерді орындағанда білімнің тереңдеуі және олардың өзгеруі сияқты саяси коммуникативті тапсырмалар орындалады.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Екінші бөлімде дипломаттық шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік кәсіби дискурсты қалыптастырудың әдістемелік мазмұны анықталды. Соның ішінде дискурсивті құзіреттілікті қалыптастыру болашақ мамандардың шетел тіліне кәсіби бағытталған қарым-қатынасын қалыптастыруда шеттілдік білім беру аясындағы дәстүрлі және жаңа технологияларды біріктіретін құзыреттіліктің компоненттер бірлестігін дамытудың әдістемесі әлі де болса тиісті деңгейде қарастырылып келеді.

Бұл тарауда көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында әдістеменің негізін құрайтын ұғымдарға (мақсаты, мазмұны, тәсілдерді, ұстанымдары, әдістері, құралдары және оқытудың ұйымдастырушылық формалары) талдау жасалынды. Мамандық барысында шеттілдік мәдениетаралық коммуникацияда кездесетін проблемаларын өзектілеу жағдайында, мәдениетаралық кәсіби қарым-қатынастарды оқыту мәселесі, мәдениетаралық келіспеушіліктерді ескеретін кәсіби тілдің ерекшеліктері мен кәсіби саланың сипаттарын ескере отырып қарастырылды. Бұл белгілі бір мақсаттар үшін шеттілдік оқытудың теориялық және практикалық негіздерін белсенді түрде дамытуды, пәндік мазмұны жағынан кәсіби-өндірістік коммуникативтік сала бойынша ұйымдастырылғанын және әдістемелік оқыту жүйесі кәсіби шеттілдік мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қамтамасыз етуге бағытталған.

Кәсіби оқытуда шетел тілін оқыту әдістемесінің негізгі қағидалары мен технологияларын, кешенді тапсырмалар жүйесін қалыптастыру жалпы болашақ дипломат мамандарды даярлауда шетел тілін оқыту заңдылықтары мен ұстанымдарын жаңаша бағытта қарастыруда негіздейді деген тұжырымға келдік.

Дипломаттық мәдениетінің жалпы мәдениетін кеңейтуге негіз болатын концепция болып табылады, инвариантты тақырыптағы мазмұнды қамтиды, кәсіби метатілін игеру кезінде пәндік мазмұнның өзгермелі жағдайларын көрсетеді.

Екінші тарауда шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың жан-жақты қамтамасыздандыру мақсатымен үлгіні дайындадық. Оны теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтап, мазмұндық-процессуалдық тұрғыдан құрастырып, бағалау деңгейлерін қарастырып, тәжірибелік эксперименттік жұмысқа енгізуді ұсындық.

Кәсіби оқытудың бағыты болашақ дипломат мамандардың өз саласында дискурсивті құзыреттілігін дамытуға арналды. Кәсіби оқыту кәсіби іс-әрекетке бағытталған білім беруді ұйымдастырудың интеграцияға негіздеу басты қағидамыз болды. Осы бағытта, лингводидактикалық кешенді тапсырмалар кәсіби білімнің интегралдығы мен кәсіби таным үдерісіндегі айырмашылықтарды, шеттілдік коммуникативтік дискурстық ерекшеліктерді, әлеуметтік-мәдени мәселелерді, маманның кәсіби саладағы рөлін, халықаралық қатынастар заңдылықтарын және т.б. танымдық-процессуалдық факторларды ескере отырып құрастырылды.

Аталған факторларды ескере отырып, шетел тілін оқытуда болашақ дипломат мамандардың дискурсивті құзыреттілігін интегративті технологиялар кешенінің бағдарламасы негізінде дамытуда «Кәсіби қарым-қатынас процесінің үлгісі» ретінде ұйымдастырылған кәсіби бағдарланған коммуникативті-кәсіби-дипломаттық кешеннің бағдарламасы жасалды. Пәндік оқыту кешен бағдарламасы және нақты кәсіби қарым-қатынас жағдайына барынша жақындатылып, зерттелетін тілдің лингвомәдени нормаларын сақтауды талап етті. Кәсіби компоненттік құрамына коммуникациялардың рөлі, серіктестердің әлеуметтік және рөлдік қатынастары, байланыс мақсаты, себептері мен байланыс функциялары, байланыс алаңдары, кәсіби сала, байланыс тақырыбы жатқызылды.

Болашақ дипломат маманның шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс құзыреттілігін қалыптастыратын жаттығулар топтамасы функционалды түрде біріктірілген. Дипломаттық оқытуда шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстық құзыреттіліктің мәні оның мазмұны субкомпетенциялары кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық, коммуникативтік-аналитикалық, болжамдық-кәсіби субкомпетенциялардың үйлесімі болып табылады, оның қалыптасуы шеттілдік мәдениетаралық коммуникацияның субъектілермен лайықты өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, шеттілдік білім берудегі шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі субкомпетенциялары кәсіби

дискурсивтік-дипломатиялық, коммуникативтік-аналитикалық, болжамдық-кәсіби субкомпетенция құзыреттіліктер негізінде қалыптасады. Аталған субкомпетенциялардың жетекші және шешуші компоненті-дипломаттық аспект болуы керек деген тұжырымға келдік.

3 ДИПЛОМАТТЫҚ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ДИСКУРСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҮЛГІСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ

3.1 Тәжірибелік-эксперименттік оқыту жұмысын ұйымдастыру

Зерттеу жұмысымыздың бұл тараушасында зерттеу барысында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелері баяндалады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру бірқатар талаптарды орындауды көздеді, оған гипотезаны әзірлеу, алынған нәтижелерге сәйкес оның ережелерін түзету; зерттеу гипотезасының тақырыбы мен ережелеріне сәйкес талдау жасау; зерттелетін құбылыстардың дамуындағы динамиканы бағалау критерийлерін әзірлеу; эксперименттік және бақылау топтарын анықтау.

Сонымен қатар, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу барысында болашақ дипломат маманның шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін енгізудің тиімділігін анықтау түріндегі мақсатқа жету жоспарланды.

Диссертациялық зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттің мақсаты: болашақ дипломат маманның шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтап, оны жоғары деңгейге көтерудің әдістемесін сынақтан өткізу болып табылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізу үш кезеңді қамтыды.

1. Тәжірибелік –эксперименттік жұмыстың мақсаты мен міндеттерін анықтау.

2. Диагностикалық әдістемелер таңдау және жүргізу.

3. Қалыптастырушы эксперимент материалдарын сынақтан өткізу.

4. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін математикалық-статистикалық әдістері арқылы өңдеу, сипаттау.

Мақсатқа сәйкес эксперименттің келесі міндеттері қойылды:

- болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын шеттілдік білім беру барысында қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері құрылымдық компоненттерін анықтау;

- критерийлерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін диагностикалау әдістерін анықтау;

- эксперимент нәтижелерін бағалаудың статистикалық әдістері мен өлшемдерін анықтау;

- дайындалған модель бойынша шеттілдік мәдениетаралық

коммуникативтік дискурсын қалыптастыру процесінде лингводидактикалық шарттар мен бағдарламаға эксперименттік тұжырым шығару;

- эксперимент нәтижелерін бастапқы өңдеу мен статистикалық бағалауды жүргізу.

- нәтижелерді ресімдеу, қорытынды жасау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысына қойылған міндеттерді шешуде келесі әдістер қолданылды. Эмпирикалық зерттеу әдістері сауалнама, диагностикалау жұмыстарының әдісі, нәтижелерді анықтаудың статистикалық әдісі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш кезеңде жүргізілді: анықтаушы (2017 - 2018), қалыптастырушы (2018 - 2019) және қорытынды (2019 - 2020). Тәжірибелік-эксперименттік жұмысын жүргізу барысында эксперименттік және бақылау топтары анықталды. Экспериментке Қазақ ұлттық университетіндегі Халықаралық қатынастар мамандығының 4 курс 87 студенті алынды. Бақылау тобында -44 студент. Эксперименттік топта-43 респондент болды.

Әрбір кезең тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың негізгі мақсатына қол жеткізуде міндеттер қойылды. Айқындаушы кезеңінің міндеттеріне негізгі критерийлер мен көрсеткіштер бойынша болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтау кірді. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс құзыреттілігін қалыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштері кестеде көрсетілді.

Кесте-4

Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс құзыреттілігін қалыптастырудың субкомпетенциялары мен көрсеткіштері

№	Субкомпетенциялар	Көрсеткіштер
1	Кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенция	Мотивациялық-дипломатиялық мамандық бойынша кәсіби шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс қалыптасуындағы ынтасының болуы; Шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты ұйымдастыра алуы.
2	Коммуникативтік-аналитикалық субкомпетенция	Мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты жасай білуге деген қызығушылығы; Шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс ерекшеліктерін білу; Іс- әрекеттік-шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты жасай алу қабілетінің болуы.
3	Болжамдық-кәсіби субкомпетенция	Шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік ерекшеліктерінің

		маңыздылығын түсінуі; Танымдық-шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың мазмұнын білу.
--	--	--

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізудегі берілген критерилер мен көрсеткіштер болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың қалыптастырудың негізін құрады.

Жоғары оқу орнында кәсіби даярлық кезеңінде болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптасуын кешенді бағалау үшін біз үш деңгейді анықтадық – жоғары, орта, төмен. Тәжірибелік-эксперимент барысында болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптасуы деңгейлерінің мазмұндық сипаттамасына сәйкес, көрсеткіштердің өзгеру динамикасын бағалай аламыз. Біздің эксперименттің кез-келген критерийі студенттің кәсіби дамуының маңызды көрсеткіштерін бағалауға мүмкіндік береді және жеке ғылыми қызығушылық тудыруы мүмкін.

Болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың қалыптастыру деңгейлері, критерийлері және көрсеткіштерін анықтауда сауалнама жүргізілді.

Сауалнама мақсаты: болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың қалыптастыруда теориялық білімдерінің жеткілікті екендігін анықтау және коммуникацияға түсе білу қабілеттерін дамыту болды.

Сауалнама келесі сұрақтарды қамтыды:

- Дипломатиялық терминдерді толық меңгердіңіз бе?
- Теориялық білімдеріңізді тәжірибе жүзінде 100 пайыз қолдана аласыз ба?
- Шетел тілінде келісімшарт жасай аласыз ба?
- Туындаған мәселелерді шешуге коммуникативтік деңгейіңіз толық жетеді деп айта аласыз ба?
- Өзге ұлт өкілдерінің ұлттық ерекшеліктері туралы толық білем деп айта аласыз ба?

Болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік диагностикалық көрсеткіштері пайыздық арақатынаста есептелді.

Жалпы респонденттердің саны-D/MKK

Әр деңгейге байланысты респонденттердің жауабы-D'смсс

Пайыздық арақатынасы- Dорт

$$D_{орт} = \frac{D'_{смсс} * 100 \%}{D/MKK}$$

Болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру деңгейлері, критерийлері және көрсеткіштері негізінде сауалнама нәтижелері

Кесте-5

Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс құзыреттілігін қалыптастырудағы сауалнама нәтижесі

Сұрақтар	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Дипломатиялық терминдерді толық меңгердіңіз бе?	48 %	55 %
Теориялық білімдеріңізді тәжірибе жүзінде 100 пайыз қолдана аласыз ба?	35%	48%
Шет тілінде келісім шарт жасай аласыз ба?	33 %	51 %
Туындаған мәселелерді шешуге коммуникативтік деңгейіңіз толық жетеді деп айта аласыз ба?	42 %	48%
Өзге ұлт өкілдерінің ұлттық ерекшеліктері туралы толық білем деп айта аласыз ба?	41%	52%

Сауалнама қорытындысы бойынша бақылау тобындағы болашақ дипломаттардың 30% әлі де дипломатиялық терминдерді толық меңгермегендігін; 45% теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана алмайтындығын; 25% шетел тілінде келісім шарт жасай алмайтындығы анықталды. Керісінше эксперименттік топта респонденттердің 20% дипломатиялық терминдерді қолданудың төмен деңгейін, 38% теориялық білімдерінің орташа деңгейде екендігін, 42% келісім шарт жасай алатындықтарын көрсетті.

Сонымен, анықтаушы эксперимент барысында бақылау тобы және эксперименттік топ респонденттері туындаған мәселелерді шешуге коммуникативтік деңгейіңіз толық жетеді деп айта аласыз ба? деген сұраққа респонденттердің білімінің жоғары екендігі анықталды. Өзге ұлт өкілдерінің ұлттық ерекшеліктері туралы толық білем деп айта аласыз ба? деген сұраққа орташа деңгей көрсетті.

Бұл өз тұрғысынан болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру бойынша мақсатты және жүйелі жұмыс ұйымдастыруды қажет ететіндігі анықталды.

Аталған мәселелерді шешуде «Шеттілдік коммуникацияға бағытталған кәсіби тілдік курс» атты бағдарламасы маңызды фактор болып табылады. Курс мазмұнында берілген тақырыптар болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру даярлау интеграциялық тұрғыда жүзеге асырылады.

Кесте -6

«Шеттілдік коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курс» бағдарлама мазмұны

No	İçerik	Saat	Hafta
1	2	3	4
Modulu 1 «Eğitimde yansıma»			
1	Eğitim 1 Giriş Tanıtım	1	1 hafta
2	Eğitim 2 Diplomatik ilişkiler	1	2 hafta
3	Eğitim 3 Diplomatik misyon	1	3 hafta
4	Eğitim 4. Diplomatik yazışma, yabancı dil (Türk Dili). Yabancı dilde diplomatik yazışmalar;	1	4 hafta
5	Eğitim 5 Siyasal iletişimde yabancı dil (Türk Dili)Diplomatın yabancı dilde profesyonel katılımı (müzakereler, toplantılar, tartışmalar, sunumlar, konferanslar v.b) Diplomatik protokol ve diplomatik görgü kuralları	1	5 hafta
6	Eğitim 6 Özel profesyonel odaklı materyal ve belirli mesleki durumlarda (sorunlu durumlar, rol yapma v.b) yabancı dil kullanımı.	1	6 hafta
7	Eğitim 7 Eğitim sürecinde akademik iletişim (Türkçe mesleki derslere göre). Diplomatik kadrolar.	1	7 hafta
Modulu 2. «Profesyonel öğretim»			
8	Eğitim 8 Meslekle ilgili özel metinleri çevirme tecrübesi, temel uluslar arası örgütler: BM, EKIÜ	1	8 hafta
9	Eğitim 9 Kültürlerarası iletişimsel söylev yazışmaları ve türleri (Diplomatik not ave nota türleri). Kültürlerarası söylev yoluyla eğitim diliyle ilgilenmek.	1	9 hafta
1	2	3	4
10	Eğitim 10. Meslekle ilgili özel metinleri çevirme tecrübesi: temel uluslararası örgütler BM, EKIÜ	1	10 hafta
11	Eğitim 11. Eğitim dilinde kültürlerarası iş görüşmelerinin organizasyonunu düzenlemek	1	11 hafta
12	Eğitim 12. İş iletişimde yabancı dil (Türk Dili). Diplomatın yabancı dilde profesyonel iletişimi (müzakereler, tartışmalar, sunumlar, konferanslar v.b)	1	12 hafta

13	Eğitim 13. Diplomatik protokol ve diplomatik görgü kuralları.	1	13 hafta
14	Eğitim 14. Profesyonel odaklı bir yabancı dil arıcılığıyla oluşturulan mesleki yeterlilik. Profesyonel bir yabancı dilde akademik mektup	1	14 hafta
15	Eğitim 15. Diplomatik kadrolar. Diplomatik bina. Diplomatik dokunulmazlık. Akademik eğitim ilişkisindeki konuşma kültürü (Türkçe)	1	15 hafta
	Akım kontrolü 2 (Kontrol çalışması)		
	Final sınavı		
	Total: practik ders IWS (IWS)	45 90	

«Шеттілдік дискурс коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курс» атты бағдарламасы студенттердің шеттілдік заманауи мәдениетаралық коммуникациясы мен кәсіби дискурс мәселелерін зерттеудің ғылыми ұстанымдарының теориялық негіздерімен, сондай-ақ заманауи интегративтік технологиялармен таныстыруға арналған. Курс шеттілдік мәдениетаралық коммуникациялардың теориялық негіздерінің аспектіліреін зерттеуге және мәні мен мазмұнымен танысуға бағытталады, сонымен қатар инеграивтік технологияларымен жұмыс қатар іске асырылады. Бағдарламаның мақсаты кәсіби даярлаудағы міндеті: саяси және кәсіби-әлеуметтік білімдерді меңгеруді көздейді, қажетті шеттілдік мәдениетаралық коммуникация үдерісі туралы, мәдени тұрғыда танудың әртүрлі түсініктерін береді, сонымен қатар заманауи интегративтік технологияларды меңгертеді. Бұл болашақ мамандарды шеттілдік мәдениетаралық кәсіби іс-әрекет жағдайындағы және заманауи интегративтік технологиялар саласындағы кәсіби дипломатиялық іс-әрекетке даярлауға мүмкіндік береді.

Бағдарлама міндеттеріне төмендегі мәселлерді қарастырылады:

1. Шеттілдік мәдениетаралық коммуникацияның типтері, түрлерін, формаларын, моделдерін, құрылымдық комонентерін қарастыру;
2. Шеттілдік мәдениетаралық коммуникациядағы зерттеу әдістерін меңгеру;
3. Коммуникативтік және дипломатиялық шеттілдік дискурс қарым-қатынастың әдіснамалық тәсілдерін меңгеру;
4. Алынған білімді практика жүзінде шеттілдік мәдениетаралық коммуникациядағы нақты жағдайларды қолданудың шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету;
5. Шеттілдік мәдениетаралық коммуникацияны зерттеудегі дипломатиялық дискурс және заманауи интегративтік технологиялардың түрлері мен типтері;
6. Болашақ мамандардың шеттілдік мәдениетаралық-коммуникативтік дискурс барысында инеграивтік технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; болып табылады.

Ал, «Шеттілдік дискурс коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курс» бағдарламасы негізінде жүргізілген курсты аяқтаған студент мыналарды білуі керек:

- шеттілдік мәдениетаралық коммуникацияны интегративтік технологиялармен жұмыс істеу ерекшеліктерін;
 - шеттілдік мәдениетаралық коммуникацияны зерттеу;
 - шетел тілін жоғарғы деңгейде меңгеру және мемлекетіміздің конституциясы мен «Дипломатиялық қызмет» туралы заңына, халықаралық келісімдерді өз деңгейінде асыра білу;
 - өз ұлтының мүддесі мен қауіпсіздігін сақтау жолдарын білу;
 - ақпараттық технологияларды жақсы игеріп, ағымдағы мәліметтерді кәсіби деңгейде талдай алу;
- іске асыра алуы керек:
- кәсіби білікті маман өзін этикалық жағына өзін дамыта отырып, дискурс дамыту барысында, ұжыммен коммуникативтік дискурсқа түскен кезде сыйластық қатынасты және қарапайымдылықты қатаң сақтауға міндетті;
 - қарсы тараптағы елшілікке немесе өзге дипломатиялық мекемелерге қызметке барған кезде, сол елдің заңдарын мен тәртібін жоғары және қатаң сақталуы шарт;
 - проблемалық оқыту технологиялар үдерісін сараптау және талдау;
 - мәдениетаралық коммуникацияларды зерттеудегі модульдік оқыту технологияларды айқындау.

Бағдарлама үш модуль бойынша ұйымдастырылды.

1) Психодиагностикалық модуль. Мақсаты: респонденттердің курс бойынша жалпы ақпараттану деңгейлері мен коммуникативтік іскерліктерін анықтау. Бұл кезеңде төмендегідей диагностикалық шаралар ұйымдастырылды:

- студенттер туралы мәліметтер банкін құру;
- студенттердің қажеттіліктерін анықтау;
- тақырып бойынша студенттердің ақпарат қоры деңгейлерін анықтау.

2) Концептуалды-әдіснамалық модуль. Мақсаты: бағдарлама студенттердің тақырып бойынша ғылыми-әдіснамалық білім деңгейлерін жетілдіру. Ұйымдастырылатын шаралар:

- семинарлар;
- видео-лекциялар;
- пікірталас;
- миға шабуыл;
- проблемалық тапсырмаларды шешу, келісім шарттар жасау.

3) Тәжірибелік модуль. Мақсаты: студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктері мен қарым-қатынас іскерліктерін дамыту. Негізгі қамтылған шаралар:

- қарым-қатынас әрекетін дамытушы тренингтер;
- тақырып мазмұнын толықтыратын шеберханалар;
- белсенді ойындар.
- қорытынды тест;
- курсты бағалау сауалнамасы.

Дайындалған бағдарламада ұйымдастырылған тапсырмалар бойынша бақылау және эксперименттік топтардағы респонденттердің берілген тапсырмалар бойынша шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру жұмысы ұйымдастырылды.

Тәжірибелік модульде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігі мен қарым-қатынас іскерліктерін дамыту мақсатында қарым-қатынас әрекетін дамытушы тренингтерді таңдадық. Себебі, қарым-қатынас тренингтерінің төмендегідей ерекшеліктері бар:

- біріншіден, қатысушылардың әлеуметтік дамуын ынталандырады, өзін-өзі тануға, рефлексивті деңгейлерін көтеруге мүмкіндік береді;
- екіншіден, конструктивтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады, мінез-құлық моделдерін үйренуге көмегін тигізеді.

Сонымен қатар, осы аталған ерекшеліктермен тұспа-тұс тұлғаның ішкі өзгерістері мен сыртқы өзгерістердің жүруіне әсерін тигізеді. Осы ерекшеліктерге байланысты қарым-қатынас тренингтерінде психологиялық түрлі бағыттағы технологияларды қолдану мүмкіндігі туады. Сонымен бірге тренингтер болашақ дипломаттардың кәсіби дамуында аса қажетті оқу құралдарының бірі болды.

Қарым-қатынас тренингтерінде көбіне келесі мақсаттар қойылады:

1) тұлғаның тиімді және үйлесімді қарым-қатынас негіздерін құруға арналған тұлғааралық өзара әрекеттесудің механизмдерін, тәсілдерін және психологиялық заңдылықтарын үйрену.

2) тұлғалық даму процесіне, шығармашылық потенциалдың жүзеге асуына әрекет ету.

3) қатысушылардың өзін-өзі сезінуі мен өзін-өзі зерттеу процесін дамыту, эмоцияның алдын алу.

4) топ мүшелерінің проблемалық мәселелерін анықтау және шешімін табуға көмек көрсету.

Тренинг жұмыстырының қорытынды кезеңінде әр түрлі жаттығулар арқылы рефлепрактикум ұйымдастырылып, жалпы талқылау жұмысы жүргізілді. Рефлепрактикумдар және тренингтер жүргізу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің көпшілікпен қарым-қатынасқа түсуінде байқалатын кедергілер айқындалды:

- 1) әңгімені қалай бастауды білмеушілік;
- 2) толық ұғынықты, әрі түсінікті айтып бере алмаймын-ау деген қобалжу;
- 3) қарым-қатынас мақсатындағы еленбейтін өзгерістер;
- 4) бұрын пайдаланылған қарым-қатынас амалдарын өзгерту қажеттігі жайлы түсінік;
- 5) көпшілік алдында сөйлеуге дағдыланбағандық;
- 6) бұрын табиғи болып келген вербалды қарым-қатынас жасаудың ерсілеу сияқты болып сезілуі;
- 7) қарым-қатынастың өзгерген формадағы, мәнерлі атқару компоненттерін қажет етуі;
- 8) өзінді дұрыс түсінуі үшін жоспарланған хабарды неғұрлым сол қалпында жеткізуге талпынушылық;

9) тыңдаушыны қызықтыруға тырысу.

Осылайша жұмыс жүргізілген бақылау және эксперименттік топтар курс аяғына дейін топтасып, бірлесіп жұмыс жасауда нәтижеге жететін, өздерін де өзгелерді түсіне алушылық, толеранттылық қасиеттерінің жоғары болатынын көрсете алды. Болашақ дипломаттардың іскерліктерін дамытушы тренингтер мен іскерлік ойындарды тұрақты қолданып отыруда біз респонденттердің коммуникативтік-аналитикалық субкомпетенциясын қалыптастыруда аталған әдістердің тиімділігі анықталды.

Бақылау және эксперименттік топтардыға респонденттердің кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенциясын қалыптасу деңгейін анықтауда «Күнделікті қатынас парағы» атты әдістің де ерекше көмегі болды.

Бұл қатынас парақтарының соңында респонденттер өздерінің ой-пікірлерін түрлі схема, графиктер арқылы білдіріп отырды. Мәселен, Н. Энгельманидің «Өзіңді білу - адамгершілікке жеткізеді» қағидасы бойынша «Өзіндік қабылдау» тапсырмасын жасай барысында олардың жетістіктері мен кемшіліктерін көрсете білді.

Тапсырма: Мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытудың жетістіктері мен кемшіліктері.

Уақыты: 5 минут.

Жетістіктері

Кемшіліктері


Релаксациялық (демалыс сәті) жағдай

1-қатар: үйлесімді қарым-қатынастың мәнін көрсететін өлең шумағын жолдаңыз.

2-қатар: қарым-қатынастың синтоникалық моделінің эмблемасын салыңыз.

3-қатар: аталмыш мәселеге байланысты ұран даярлаңыз.

Аталған тапсырма бойынша бақылау тобы респонденттері де және эксперименттік топ та төмен деңгей көрсетті. Яғни, бақылау тобы студенттерінің 25 тапсырманы төмен орындаса, пайызға шаққанда 56,81% төмен деңгейде орындады. Эксперименттік топта төмен деңгей көрсеткен студентер саны 19. Ол 44,18% құрады. Тапсырманы орындауын талдай келе, болашақ дипломаттардың кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенциясының қалыптасу деңгейі 50,57% құрады. Осыған байланысты, респонденттердің кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенциясын қалыптасу деңгейі орташа деп айтуға болады.



Сурет-7. Кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенцияның қалыптасу деңгейі

Болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру деңгейін тапсырмалар арқылы жоғарлату негізінде және кәсіби дискурсивтік-дипломатиялық субкомпетенциясын қалыптастыруда анықтаушы эксперимент барысында біз семинар, видео-лекция, проблемалық тапсырмаларды шешу, келісім шарт жасау сияқты әдістерді қолдандық. Аталған әдістер болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруды қамтамасыз ете алды. Яғни, оқытушы мен студент тығыз байланыста болды, оқытушы мен студенттің қарым-қатынасты бірлескен шығармашылық іс-әрекетке айналды, оқытудың қолайлы жағдайларын қалыптастырдық және ұжымдық-танымдық ізденіс пен бірлесе отырып іс-әрекет жасау қалыптасты.

Болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда болжамдық-кәсіби субкомпетенция кейс стади тапсырмаларын орындау барысында анықталды. Кейс стади қолданудың басты артықшылығы –кәсіби дискурс жасау барысында болашақ дипломаттарға мамандығын сәйкестендіруге мүмкіндік береді және кәсіби маманның қалыптасуына ықпал етеді.


Осындай әдіс шынайы дипломатиялық келіс сөз жүргізу жұмысын үлгіледі және болашақ маманның өзін елеулі проблемаларды шешетін кәсіби қоғамдастықтың өкілдері ретінде сезінуге, өз күштерін бағалауға және командада жұмыс істеуге дайындық деңгейін салыстыруға, қажет болған жағдайда көшбасшылық қасиеттерді пайдалануға, шешімдер қабылдауға, нақты кәсіби жағдайдың талаптарымен мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Кейс стади – мамандарды дайындаудың практикалық мәселелерін шешудің тиімді түрлерінің бірі. Жеңілдетілген шындықтың динамикалық үлгілері ретінде әрекет ете отырып, олар болашақ дипломаттардың кәсіби қызмет тәжірибесінен нақты жағдайларды имитациялауға, шешім қабылдау

үдерісін және контрагенттер арасындағы өзара әрекетті құрудың әртүрлі сценарийлерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге құрылған имитациялық модель болашақ дипломаттардың білім берудің барлық кезеңдерінде алған білімдері мен дағдыларын дамыта және бекіте отырып, мәселені тез арада шешуді талап етеді.

2.3 тараушада берілген кейс тапсырмаларының диагностикалық нәтижелері бойынша барлық көрсеткіштердің оң динамикасының белгілі бір тенденциясы байқалды, бұл заңдылық, өйткені оқу процесінде болашақ дипломат тұлғалық және кәсіби түрде дамиы. Сонымен қатар, респонденттердің когнитивтік, кәсіби-тілдік және іс-әрекеттік практикалық критерийлер көрсеткіштерін диагностикалау нәтижелерін қанағаттанарлық деп атауға болмайды.

Осылайша, қарым-қатынас жағдайында сыни баға бере білуі, қатысымдық жағдайға бейімделу сияқты критерилер өз мамандығы саласына қатысты мәселені шешуге деген құзыреттілігін аша алмады, ал болашақ дипломаттардың үштен біріне жуығы оңтайлы деңгейді көрсетті, бұл, әрине, қанағаттанарлықсыз нәтиже. Эксперименталды топ респонденттерінің болжамдық-кәсіби субкомпетенциясын қалыптастыру деңгейі негізінен орташа 64%, ал бақылау тобы студенттері 50% төмен деңгеймен сипатталды.



Сурет-8. Болжамдық-кәсіби субкомпетенциясының қалыптастыру деңгейі

Тәжірибеден алынған сапалық және статистикалық нәтижелер болашақ дипломаттардың қарым-қатынас іскерлік, дағдыларын дамытуда және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда ұсынылған әдістердің тиімді екенін көрсетті.

Яғни, болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда ұсынылған әдістер дұрыс тәжірибелік қорытындылар шығаруға мүмкіндік берді. Болашақ дипломаттардың қарым-қатынас, соның ішінде мәдениетаралық қарым-қатынас

жасау маңыздылығын арттыруға көмегін тигізеді. Себебі, қарым-қатынас – бұл тек әрекет емес, ол сонымен бірге әр қатысушының белсенділігі мен серіктестігінен туындайтын өзара әрекеттесу. Олай болса, осы жерде әр тұлға өзгелермен өзара әрекеттесу барысында қарым-қатынас іскерліктері мен өмірлік дағдыларды меңгереді.

Сонымен « Шеттілдік коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курс» атты бағдарламаның кәсіби бағдары оқытудың лингводидактикалық проблемаларын шешудің маңызды факторы болып табылады. Курс оқу-тәрбие берудегі басты қарама-қайшылықтарды, әсіресе білім беруді интеграциялау мен сараландыру мәселелерін шешуге көмектесті. Яғни, жеке пәндер сол сала бойынша білім беріп қана қойса, аталмыш курс оқу процесін интеграциялық ұстаным негізінде ұйымдастыруды жүзеге асырады. Курс барысында когнитивті-метатілдік, ақпараттық-жинақтаушы, кәсіби бағытталған және кәсіби-коммуникативті субкомпетенциялар қамтылды.

Анықтаушы тәжірибелік- эксперименттің алынған деректері негізінде келесі тұжырымдар жасалды:

- болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда кәсіби даярлаудың қолданыстағы жүйесі тілдік дағдыларды қалыптастыруға жеткіліксіз бағытталған;
- болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда осы процестің арнайы моделін әзірлеу және лингводидактикалық шарттардың белгілі бір кешені негізінде оны іске асыру жолымен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік біз зерттелетін үдерістің моделін жасап, оның тиімділігінің лингводидактикалық шарттарын теориялық тұрғыдан негіздедік.

3.2 Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізу

Бұл тараушаның мақсаты болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда құрылымдық-мазмұндық модел және лингводидактикалық шарттарын іске асырудың мазмұнды және процедуралық жақтарын ашу болып табылды.

Тәжірибелік-эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің негізгі мақсаты оқытудың интегративті технологиясы арқылы мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруды табысты қамтамасыз ететін оқу материалдарын әзірлеу және сынақтан өткізу болды.

Бірінші тарауда біздің зерттеулеріміз болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру келесі лингводидактикалық шарттарды сақтай отырып тиімді болады деген болжамды теориялық тұрғыдан негіздедік:

- болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың барлық субкомпетенцияларын дамытуға ықпал ететін білім беру ортасын құру;

- шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру процесінде болашақ дипломаттардың коммуникациясын дамытуға бағытталған тапсырмалардың арнайы жүйесін пайдалану;

- интегративтік технологияны қолдану болып табылады.

Эксперименттік материалдар дайындалған таңдау курсы пәні негізінде, онда қамтылған мазмұнды және коммуникативтік құзыреттіліктің әрекет ету тәсілдерін ескере отырып дайындалды.

Тәжірибелік-эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің мақсаты құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігі мен лингводидактикалық шарттарды енгізу және тексеру болды оқытудың интегративті технологиясы арқылы болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру.

Тәжірибелік-эксперименттің қалыптастырушы кезеңі 2018-2019 жылдар кезеңінде интегративті оқыту технологиясы негізінде шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың әзірленген моделінің процессуальдық компонентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Болашақ дипломаттарды интегративті технологиялар арқылы шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруға дайындау әзірленген курс негізінде мақсатты қызметті қамтыды:

- интегративті технология негізінде енгізілген бірқатар семинар және практикалық сабақтар;

- іскерлік ойындар;

- пікірталас әдісі.

Эксперимент барысында болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік қалыптастыру процесінде интегративті технологияларды қолдануға байланысты инновациялық қайта құрудың негізгі құндылық-мақсатты векторларын білуі керек екендігіне назар аударылды.

Осыған байланысты бірінші кезекте 72 сағатқа есептелген «Кәсіби тілдік курсы» атты практикаға бағдарланған курс әзірленіп, іске асырылды. Бұл курс сабақтардың жиынтығынан тұрады; болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік қалыптастыруға бағдарланған оқытудың интегративті технологиясы негізінде іске асырылды. Курс болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама негізінде сабақты ұйымдастырудың орталық нысаны болашақ дипломаттардың қарым-қатынасын, өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін дискурс болып табылады. Бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелер: болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік қалыптастыру кезінде оқытудың интегративті технологиялар әдістерін іске асыруы. Бағдарламаны игерудің негізгі ұйымдастырушылық нысандары: практикалық сабақтар, топтық нысан, пікірталас, ақпараттық әдістер. Бағдарлама үш модульден тұрды. Бірінші модуль оқытудағы пассивті мінез-құлық стереотиптерін бұзуға және болашақ дипломаттарды

ынтымақтастыққа, өзара іс-қимылға, тіл қызметінің мазмұны мен тәсілдеріне, ситуациялық сабақтарды ұйымдастыруға бағытталған.

Екінші модульдің маңызды шарты - оқытушының тренингтік интерактивті сабақтарға, ойынға, пікірталасқа, ми шабуылына және т.б. қатысуының жеке тәжірибесі. Модуль диалогтық құндылық ұстанымға, кооперация мен әріптестікке дайындыққа бағдарланған. Үшінші модуль рефлексивті өзін-өзі бағалауға, сараптамалық бағалауға бағдарланады.

Тәжірибелік-эксперимент көрсеткендей, интегративті технология әдістері негізінде болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік қалыптастыру бойынша даярлықтан өткен студенттер белсенді, саналы және қызығушылықпен білім беру процесіне, сондай-ақ тәжірибелік-экспериментке қосылды.

Тәжірибелік-эксперименттің осы кезеңі болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік қалыптастыру интегративті технология әдістері арқылы қалыптастыру және дамыту оқытудың қолданылатын әдістерін дәйекті түрде күрделендіру негізінде жүзеге асырылғанын көрсетті.

Білім беру процесі сабақтарында іскерлік рольдік ойын, жағдаяттық кәсіби міндеттерді шешу, тренинг, жобалар әдісі, пікірталас және т.б. оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы ұсынылғанын атап өткен жөн.

Жалпы, болашақ дипломаттарды интерактивті әрекетке қосу бірінші кезеңде олардың қарым-қатынас жасауға, ынтымақтастыққа, өзін-өзі білдіруге, өз ұстанымын интерактивті оқыту әдістерінің құралдарымен білдіруге әзірлігі мен қажеттілігін қалыптастырады.

Қалыптастырушы эксперименттің бірінші кезеңінде шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік қалыптастыру кезінде білім беру қызметі де жүзеге асырылды, онда болашақ дипломаттарды жағдаяттық диалогқа, эмоциялық толығушылыққа, белсенді қарым-қатынасқа, эмпатияға бағдарланған жанжалдарды шешуге, тапсырмаларды орындауға бейімдеді. Студенттерді осындай іс-әрекетке қосу оларды жандандырды, оларды белсенді позицияға қойды, диалогтағы шиеленісті жағдайларды еңсеруге үйретті.

Бағдарлама модульі бойынша эксперименттік топтың сабақтарында ұйымдастырылған қадамдық дискурсты мысалға келтірейік. Сабақтарда білім беру мақсаттарымен қатар студенттерде интерактивті әдістердің құралдарымен шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік қалыптастыру мақсаты қойылды.

Дискурс мақсаты: дискурсқа қатысушылардың «табиғи» қарым-қатынасын ұйымдастыру, әрқайсысының мінез-құлық стилін қадағалау; тиімді және тиімсіз қарым-қатынас себептерін бірлесіп талқылау; тұлғааралық өзара іс-қимылдың жеке қиындықтарын талдау.

Әрбір топ саяси шиеленісті кемінде 5 себебін 10 минут ішінде тұжырымдап, жазуы қажет. Содан кейін жетекшінің белгісі бойынша шағын топтар 3 кіші топқа біріктіріледі және әрқайсысы өз ішінде қолда бар ақпаратпен алмасып, жалпы тізімде қатысушылар үшін неғұрлым маңызды 3 себептерді ғана қалдырады (10 минут). Келесі кезеңде 2 кіші топ бір-біріне

алынған нәтижелер туралы баяндайды және барлық үлкен, жаңадан біріккен топ бір шешімге келеді, оны тақтаға (немесе плакатқа) жазады және саяси проблемалар мен оларды шешу жолдарының неғұрлым маңызды 3 себебін талқылайды.

Пікірталастың соңғы кезеңінде студенттердің мінез-құлық стильдері талданады, қарым-қатынасты қиындататын және дамытатын факторлар тізімделеді, «жаман» және «жақсы» тыңдау белгілері сипатталады. Студенттер сұрақтарды талқылайды: пікірталас оларға не берді? Олар өздері үшін не жаңалық алды? Қарым-қатынаста қандай қиындықтар байқалды және оларды қалай жеңді? Пікірталас олардың болашақ кәсіби қызметіне қалай әсер етеді?

Бақылау және эксперименттік топтарда болашақ дипломаттардың дискурс жайлы жалпы түсінігінің қалыптасуы талданды. Осы зерттеудің нәтижелері бойынша болашақ дипломаттардың дискурс туралы жалпы түсінігі бар екендігі және оның маңыздылығы мен қажеттілігі анықталды.


Сонымен, болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі туралы сұрақтарға жауап беру барысында бақылау тобының 65% респонденті дискурстың қажеттілігін мойындаса, 15% бұл мағынаны түсінбеді, ал 20 % тек дискурс арқылы шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасу фактісіне теріс пікірде. Ал, енді эксперименталды топқа келетін болсақ болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда дискурс әдісінің тиімділігін 85% қолдады, 5% дискурс арқылы болашақ мамандардың шетел тілінде қарым-қатынасқа түсе алуына күмәнданады, ал 15% пікірлерін жүйелі түрде байланыстыра алмады.

Сонымен, болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда бақылау және эксперименттік топ студенттері келесідей көрсеткіш көрсетті:

Кесте 7.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда бақылау және эксперименттік топ респонденттері көрсеткіші

№	Қалыптастырушы деңгейі	БТ	ЭТ
1	Жоғары	65%	85%
2	Орта	20%	15%
3	Төмен	15%	5%



Сурет-9. Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасу деңгейі

Біз қараған интерактивті әдістерді қолдану практикалық сабақтарда, жүзеге асырылды. Өйткені бұл әдістер тәжірибелік –экспериментті іске асыруда тиімділігін көрсетті.

Ұсынылған бағдарламаның екінші модульі тренинг енгізу арқылы іске асырылды. Бірінші кезеңде болашақ дипломаттармен келесі тақырыптар бойынша сабақтар өткізілді: Diplomatik ilişkiler, Diplomatik misyon, Diplomatik yazışma, yabancı dil (Türk Dili). Yabancı dilde diplomatik yazışmalar, Siyasal iletişimde yabancı dil (Türk Dili)Diplomatın yabancı dilde profesyonel katılımı (müzakereler, toplantılar, tartışmalar, sunumlar, konferanslar v.b) Diplomatik protokol ve diplomatik görgü kuralları, Özel profesyonel odaklı materyal ve belirli mesleki durumlarda (sorunlu durumlar, rol yapma v.b) yabancı dil kullanımı, Eğitim sürecinde akademik iletişim (Türkçe mesleki derslere göre), Diplomatik kadrolar.

Тренингтік сабақтар барысында болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ашық қарым- қатынасқа қабілеті, қарым-қатынас жағдайында сыни баға бере білуі, пікірін жүйелі түрде байланысты құра білуі, мәдениетаралық коммуникативті диалог жүргізе білу көрсеткіштері қалыптасты.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда тренингтік топтардағы сабақтар әрбір қатысушыға әртүрлі қарым-қатынас стилдерін эксперименттеуге, қажетті коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Алты сабақ жүзеге асырылды және әр сабақтың алдында нақты мақсаттар қойылды. Коммуникативтік тренингтің құрылымы келесі коммуникативтік техникаларды қамтыды: сұрақтар қою техникасы (ашық, жабық, баламалы), сұрақтар қоюдағы типтік қателіктер; пікірталас техникасы, топтасына сөйлесуге мүмкіндік беру, өз ақаулығын мойындау, фактілерге жүгіну. Коммуникативтік құзыретті дамыту нәтижелерін зерделеудің негізгі

әдісі ретінде талдау әдісі пайдаланылды. Барлық көрсеткіштер бойынша критериялар жинақталған соң келесі нәтижелерге қол жеткіздік.


Эксперименттік топтың 41% респонденті өз мүмкіндіктері туралы көптеген жаңалықтар білгендерін, өз көзқарасын, ойлау тәсілдерін өзгерту қабылеттілігін, өзінің бастапқы мәдениетаралық тәжірибесіне дискурты интеграциялай білуі, ашық қарым- қатынасқа түсе білу қабілетінің орташа деңгейін көрсетті, ал, бақылау тобында 37% дау-дамай жағдайында өз эмоцияларын бақылауға үйренуде, сұхбаттасушымен қарым-қатынас жасау кезінде сөзсіз құралдарды пайдалануда; болашақ мамандардың шетел тілінде қарым-қатынасқа түсе алуын, әр түрлі жағдайда алған білімін және тәжірибесін пайдалана алуы туралы орта деңгейде болды.

Болашақ дипломаттардың 15,8 % шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда төмен деңгей байқатты. Яғни, эксперименттік топтың респонденттері өздерінің ситуацияларды сыни тұрғыдан талдай алмайтындығын, пікірін жүйелі түрде байланыстыра құра алмайтындығы туралы төмен көрсеткіш көрсетсе, бақылау тобының респонденттерінің 6,2% қарым-қатынас жағдайында сыни баға бере алмайтынды, дискурста әр стратегиясын пайдалана алмайтындығы және қатысымдық жағдайға бейімделе алмағандары туралы төмен көрсеткіш бергендігі анықталды.

Кесте-8

Әдістер бойынша респонденттердің білім деңгейі көрсеткіші

№	Әдістер бойынша респонденттердің білім деңгейі көрсеткіштері	ЭТ	БТ
1	Жоғары	-	-
2	Орта	41%	37%
3	Төмен	15,8%	6,2%



Сурет-10. Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістер бойынша білім деңгейі

Айта кету керек, коммуникативтік тренинг болашақ дипломаттардың кәсіби маңызды қасиеттері мен іскерліктерін меңгеріп қана қоймай, тұлғалық проблемаларды шешу және коммуникативтік кедергілерді еңсеру үшін жағдай жасауға ықпал етті. Тренинг байланыс орнату дағдыларын пысықтауға мүмкіндік берді. Практикалық сабақтар барысында болашақ дипломаттар қарым-қатынас жөніндегі серіктестердің эмоционалдық жағдайын ескеріп, тиімді коммуникация жасауды үйренді.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың біртұтас құбылыс ретіндегі дискурс проблемасын зерттеу, оның тиімді қалыптасуының лингводидактикалық шарттарын және құрылымдық-мазмұндық моделдің тиімділігін анықтау бізге осы процесті жүзеге асырудың нақты құралдарын анықтауға, яғни болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру технологиясын әзірлеуге және жүзеге асыруға мүмкіндік берді, онда тиісті шарттар тексеріледі.

Кез-келген жүйенің тиімді, барабар және саналы қалыптасуы үшін уақыт қажет, бұл процесс фрагментацияға жол бермейді, сондықтан болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың анықталған лингводидактикалық шарттарын жүзеге асыру кәсіби даярлаудың барлық мерзімінен өтеді.

Сонымен, алғашқы өңдеу нәтижелерін талдай отырып, болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың интегративті моделі негізінде лингводидактикалық құзіреттіліктің мәдениетаралық-коммуникациясын қалыптастырудағы тиімділігін арттыруда тәжірибелік оқытудың нәтижелерін талдауда келесі тұжырымдамаларды ұсынуға негіз болды:

1) Диагностика нәтижелері білім алушының басқа мәдениеттің әлеуметтік ортасын тани отырып, алған білімін мәдениетаралық өзара әрекеттесуде қарым-қатынас құралы ретінде қолдануда арнайы әдістерді пайдалануға негізделгендігін көрсетті.

2) Лингвомәдени білім мен жүйені құраушы фактор прагматикалық сипаттағы полимәдени мазмұнындағы аутенттік мәтін болып табылады.

3) Полимәдени мазмұнындағы прагматикалық материал, оқытылатын тілдің қазіргі кездегі жағдайы мен сипатын толық бере алады. Бұл мәдениетаралық өзара әрекеттестік құралы ретінде шетел тілін үйренуге деген ынтасын тудырады.

4) Жүргізілген эксперименталды зерттеулер екі мәдениеттің медиаторы ретінде шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсында тұлғаның қалыптасу процесін моделдеуде лингводидактикалық шарттардың тиімділігін көрсетеді.

Осылайша, қалыптастырушы тәжірибелік-эксперимент нәтижелері болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік

дискурста олардың тұлғалық қасиеттері мен құндылық бағыттарына негізделген шеттілдік дискурста шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік күзiреттіліктің қалыптасу процесін деңгейлеп моделдеу әдісін қолдануда зерттеу болжаманың тиімділігін дәлелдеді.

3.3 Тәжірибелі-эксперименттік жұмысының нәтижесі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс диссертацияда қойылған проблеманы нақты растауға, диссертацияда ұсынылған тұжырымдаманың тиімділігін анықтауға, құрылымдық-мазмұндық моделін верификациялауға, әдістемелік даярлықты жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-лингводидактикалық шарттарының жиынтығын сынақтан өткізуге бағытталды.

Верификация жүргізілген зерттеудің нәтижесінде алынған нақты ұғымның, нақты санаттың көлемін нақты, эксперименталды расталған анықтау ретінде түсінілді. Зерттеуде берілген ережелерді верификациялау теорияландыру мен тұжырымдар мен ережелерді абстракциялаудың жоғары дәрежесіне, зерттелетін объектілердің күрделілігіне және көп қырлылығына байланысты өзінің ерекшелігімен ерекшеленеді. Бұл ерекшелік әрбір тұжырымдамалық жағдайдың эмпирикалық тексерілуі мүмкін емес және тиіс екенін түсінуге әкеледі. Сондықтан осы зерттеудегі верификацияның міндеті ұсынылған ережелерді эксперименттік тексеру және болашақ дипломаттың әдістемелік даярлау процесі үшін олардың тиімділігін анықтау болып табылады.

Диссертацияның үшінші тарауында эмпирикалық деректерде көрсетілген әдістемелік дайындық саласындағы болашақ дипломаттардың нәтижелері мен жетістіктері қаралады.

Эксперименттің қорытынды кезеңінің мақсаты белгілі бір көрсеткіштер бойынша шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру динамикасын анықтау болып табылды. Осы кезеңнің міндеттері: бақылау кесінділерін жүргізу; эксперименттік жұмыс нәтижесін бағалау өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау, алынған нақты деректерді талдау және қорыту және оларды түсіндіру, эксперименттік зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдарды тұжырымдау.

Біз болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әдістемелер негізінде қайта сауалнама нәтижелері бойынша байқаған өзгерістердің динамикасын ұсынамыз.

Кесте-9

Айқындаушы және қорытынды кезеңдерінде болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың кәсіби дипломатиялық компонентінің қалыптасу деңгейін салыстырмалы талдау нәтижелері

Критери ялар	Көрсеткіштер	Де ңг ей	Студенттердің %			
			ЭТ		БТ	
			АЭ	ҚЭ	АЭ	ҚЭ

		i				
1	Ашық қарым-қатынасқа қабілеті	ж	2	5	-	4
		о	7	10	5	7
		т	9	10	15	13
2	Ситуацияларды сыни тұрғыдан талдай білуі	ж	-	8	-	-
		о	9	12	11	19
		т	5	9	17	13
3	Қарым-қатынас жағдайында сыни баға бере білуі	ж	-	4	-	2
		о	5	14	3	11
		т	10	10	12	16
4	Өз көзқарасын ойлау тәсілдерін өзгерту қабілеттілігі	ж	-	7	-	1
		о	6	12	7	13
		т	7	11	9	14
5	Болашақ мамандардың шетел тілінде қарым-қатынасқа түсе алуы	ж	1	4	-	3
		о	8	11	5	9
		т	6	13	11	16

Кестенің деректерін талдай отырып, ЭТ және БТ шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың кәсіби дипломатиялық компоненті бойынша білімнің айтарлықтай өсуі байқалатынын атап өтейік. Егер диагностикалық кезеңде ЭТ 52% және БТ 43% ситуацияларды сыни тұрғыдан талдай білуі үлкен қиындық тудырса және қарым-қатынас жағдайында сыни баға бере алмаса, онда қорытынды эксперимент аяқталғаннан кейін ЭТ және БТ студенттерінің 72% және 62% - дан астамы өз бетінше қарым-қатынас барысында ойлау тәсілдерін өзгерте алу және шетел тілінде қарым-қатынасқа түсе алу қабілеттіліктері артты.



Сурет-11. Айқындаушы және қорытынды кезеңдерінде болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың кәсіби дипломатиялық компонентерін талдау нәтижелері

Сонымен қатар, біз бастапқы кезеңде сауалнамаға қатысқан респонденттердің дискусияға түсу барысында кәсіби мәселелерді шешуге мүмкіндік бар деген түсінік жоқ екенін және олардың проблемаларды шешу тәжірибесі тек орташа деңгейде екендігі анықталды.

Басқа студенттердің көзқарасын ойлау тәсілдерін өзгерту қабілеттілігі артып, сондай-ақ болашақ мамандардың шетел тілінде қарым-қатынасқа түсе алу білімінің үлкен өсімі байқалады, бұл болашақ кәсіби қызмет үшін айтарлықтай маңызды болып табылады.

Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруды іске асырудағы берілген тапсырмалар кәсіби дипломатиялық компонентін дамытуға мүмкіндік берді. 10-кестеде коммуникативтік-аналитикалық компонентінің даму динамикасы көрсетілген.

Кесте-10

Айқындаушы және қорытынды кезеңдерінде болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың коммуникативтік-аналитикалық компонентінің қалыптасу деңгейін салыстырмалы талдау нәтижелері

Критериялар	Көрсеткіштер	Деңгейі	Студенттердің %			
			ЭТ		БТ	
			АЭ	ҚЭ	АЭ	ҚЭ
1	Алған білім мазмұнын интериоризациялау (сыртқы саяси өмірдің құрылымын білу)	ж	-	5	-	3
		о	7	12	5	10
		т	13	6	17	9
2	Өзінің бастапқы мәдениетаралық тәжірибесіне дискурсты интеграциялай білу	ж	-	3	-	1
		о	13	15	11	15
		т	7	5	10	7
3	Пікірін жүйелі түрде байланысты құра білуі	ж	1	5	-	4
		о	8	13	9	14
		т	11	5	10	7

7.2-кестеден шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың төмен деңгейі бар респонденттердің коммуникативтік-аналитикалық компоненті бойынша пайыздық мөлшерінің төмендегенін көріп отырмыз, бұл тренинг және кейс стади тапсырмаларын шешу кезінде алынған білімді белсенді практикалық қолдануын көрсетеді.

Алған білім мазмұнын интериоризациялау (сыртқы саяси өмірдің құрылымын білу), өзінің бастапқы мәдениетаралық тәжірибесіне дискурсты интеграциялай білу, пікірін жүйелі түрде байланысты құра білуі сияқты көрсеткіштер айтарлықтай өсті, БТ студенттерінің 59% -ы өз деңгейін

«жоғары» деп белгіледі. Аталған көрсеткіштер бойынша нәтижені болжау, ақпаратқа сыни талдау жасау ЭТ білігі де жоғары және орта позицияларды иеленеді. Егер эксперименттің басында болашақ дипломаттардың көпшілігі үшін пікірін жүйелі түрде байланысты құра білуі олардың пікірінше, ең меңгерілгендерінің бірі болса, онда тәжірибелік-эксперименттік жұмыс аяқталғаннан кейін материалдың релеванттылығын анықтауға, оны іріктеуді негіздеуге, талдау, синтез, салыстыру операцияларын жүргізуге респонденттердің 69% -ы қабілетті болды.

Кесте-11

Бақылау тобы және экспериментті топтардағы болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптасуының қорытынды деңгейі

Критериялар	Көрсеткіштер	Деңгейі	Студенттердің %			
			ЭТ		БТ	
			АЭ	ҚЭ	АЭ	ҚЭ
1	Әртүрлі жағдайда алған білімін және тәжірибесін пайдалана білу	ж	5	8	1	6
		о	6	10	4	9
		т	10	4	16	8
2	Қатысымдық жағдайға бейімделуі	ж	-	7	-	5
		о	9	12	7	10
		т	10	5	9	13
3	Мәдениетаралық коммуникативтікте диалог жүргізі білуі	ж	1	5	-	3
		о	7	9	4	7
		т	13	8	18	12
4	Дискурста әр стратегиясын пайдалана білуі	ж	-	7	-	5
		о	7	11	5	9
		т	10	8	14	11
5	Болашақ мамандардың шетел тілінде қарым-қатынасқа түсе алуы	ж	2	5	1	3
		о	11	15	9	13
		т	3	7	7	11

Эксперименттің басында БТ және ЭТ респонденттерінің негізгі бөлігі орындалған мәдениетаралық коммуникативтікте диалог жүргізі білуі төмен 62% -66% немесе орташа 68% -72% дейін деңгейде болды. Осы зерттеу барсыныда әзірленген «Кәсіби тілдік курсын» меңгергеннен кейін болашақ мамандардың шетел тілінде қарым-қатынасқа түсе алуы, әртүрлі жағдайда алған білімін және тәжірибесін пайдалана білуі және дискурста әр стратегиясын пайдалана білуі тиімділігін бағалаудың саналы түрде бағалануы ЭТ және БТ студенттерінің 69% және 48% жауаптары көрініс тапты, олар өз деңгейлерін «жоғары» деп атап өтті. Тәжірибелік-эксперимент барысында респонденттер өз жұмыстарының нәтижелерін ғана емес, осы нәтижеге қол жеткізу үшін қабылданған қадамдарды да объективті бағалай білді.

Осылайша, эксперименттік топтардың респонденттері аталған бағдарламаны зерделеу барысында төмен деңгейден орта деңгейге, орта деңгейден жоғары деңгейге ауысты. Шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың даму деңгейі төмен студенттер саны біртіндеп төмендеді.

«Кәсіби тілдік курсты» зерделеу кезіндегі мақсатты әдістемелік ықпал болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру тікелей оң өзгерістерге әкелді, бұл МК қалыптастыру үшін негізі құрылғанын көрсетті.

Егер тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың айқындаушы кезеңінде болашақ дипломаттар тапсырмаларды орындауда төмен деңгей көрсетсе, ал қорытынды кезеңде әрбір компонентке негізделген тапсырмаларды орындай отырып, БТ 75% және ЭТ 86% оң тенденциясын көрсетті. Яғни, шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруға ықпал еткен субкомпетенциялар және лингводидактикалық шарттардың тиімділігі анықталды.

Сапалық өзгерістерге келетін болсақ, болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда қарастырылған интегративті технологияның көмегімен шетел тілінде қараым-қатынас жасауға деген оң көзқарасында да, бағалауы жүргізілген нәтижелерде де байқалған оң үрдісті айта аламыз. Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда енгізілген «Кәсіби тілдік курс» өткеннен кейін респонденттердің шетел тілінде дискурс жасау көзқарасы қаншалықты өзгергенін анықтау үшін біз БТ және ЭТ респонденттерімен айқындаушы кезеңде алған саланама сұрақтарын қайта тәжірибелік-эксперименттен өткіздік. Респонденттердің жауаптарының нәтижелерін талдау оқытылатын пәнге қатысты оң өзгерістер болғанын көрсетті. Болашақ дипломаттар ойланып, дәлелді жауап берді.

Дипломатиялық терминдерді толық меңгердіңіз бе? деген сұраққа болашақ дипломаттардың бақылау тобы айқындаушы кезеңде 48% жауап берсе, қорытынды кезеңде олардың білімдері 72% жоғарлады. Ал, эксперименттік топта айқындаушы кезеңде 55% болса, қорытынды кезеңде жауаптары 85% күрт өзгерді және де терминдермен жұмыс жасау қажеттілігін түсінді.

Теориялық білімдеріңізді тәжірибе жүзінде 100 пайыз қолдана аласыз ба? деген сұраққа айқындаушы кезеңде БТ 35%, ЭТ 48% жауап берген болатын және бұл төмен көрсеткішті көрсеткен болатын. Басқаша айтқанда, респонденттер оқытылатын материалды меңгеру үшін оқу-танымдық іс-әрекеттердің толық циклін жүзеге асыруы қажет: жаңа материалды қабылдау, оны алғашқы және кейінгі ұғыну, есте сақтау, тәжірибеде меңгерілген теорияны қолдануда жаттығу және одан кейін білімді, іскерлікті және дағдыны тереңдету мақсатында қайталау. Осы сұраққа қайта жауап беру барысында БТ респонденттерінің шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда теориялық білімдердің қажеттілігін БТ 65% және ЭТ 72% жауап берді. Бұл дегеніміз болашақ дипломаттардың тілдік сауаттылығын, қажетті ақпаратты таңдау және бағалай алуы, мәселені шешу, өз

болашақ мамандығына байланысты лингвистикалық және әдебиеттік еңбектерді талдай алуын көрсетеді.

Туындаған мәселелерді шешуге коммуникативтік деңгейіңіз толық жетеді деп айта аласыз ба? деген сұраққа айқындаушы кезеңде болашақ дипломатардың 42% төмен деңгейде жауап берсе, ЭТ бұл 48% көрсетті. Бұл дегеніміз айқындаушы кезеңде болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда БТ респонденттері мәселені шешуге қызықпайтындықтарын, топта енжарлық танықтырумен, оқу материалының тек кейбір бөліктерін қабылдай алу ерекшеліктерімен көрінді, ал ЭТ респонденттері топтық жұмысты ұйымдастыра алмайтындықтарымен, топта негізінен орындаушы қызметін ғана атқарғандығы және сөзді түрлі қатынас жағдаяттарында қолдана білмейтіндіктерімен анықталды. Ал, қорытынды тәжірибелік-эксперимент барысында екі топта жоғары деңгейлерін көрсетті. БТ 75% және ЭТ 89 % талдау жасайтын болсақ, респонденттер болашақ мамандардың шетел тілінде қарым-қатынасқа түсе білу қажеттілігін, пікірлерін жүйелі түрде байланысты құра білу, ситуацияларды сыни тұрғыдан талдай білу сияқты көрсеткіштердің негізділігін түсінді.


Осылайша, болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда біз ұсынып отырған құрылымдық-мазмұндық моделдің тиімділігін айқындалды.

Қорытынды зерттеу нәтижелері айқындаушы және қорытынды кезеңдерінде алынған диагностика деректерімен салыстырылды, нәтижесінде болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптасу деңгейінің даму динамикасын көруге мүмкіндік туды.

Кесте 12

Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптасу деңгейінің өсу көрсеткіші

Деңгейлер	Бақылау тобы		Эксперименттік топ		Көрсеткіш	
	Қатысқан студенттер саны	Көрсеткіш БТ өсімі эксперименттен кейін	Қатысқан студенттер саны	Көрсеткіш БТ өсімі Эксперименттен кейін	%	%
	Студ саны	%	Студ саны	%	%	%
Жоғары	7	15,9%	10	23,25%	15,9 %	23,2 5%
Орташа	21	47,72%	23	53,48%	+12 .48 %	+10, 72%
Төмен	16	44%	10	23,25%	- 37.8 %	- 7.45 %



Сурет-12. Болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптасу деңгейінің өсу көрсеткіші

Диагностика деректеріне сәйкес, болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсының қалыптасуы бақылау тобы және эксперименттік топтарда деңгейлері айтарлықтай артты.

Диагностиканың қорытынды мәліметтері бойынша болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсының қалыптастырудың тиімділігі лингводидактикалық шарттарды жүзеге асырған жағдайда айтарлықтай артады деп айтуға мүмкіндік береді.

Бақылау тобы және эксперимент топтарындағы негізгі көрсеткіштер мен критерийлердің динамикасы ұсынып отырған құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігін растады.

Сонымен, эксперимент жұмысын қорытындылай келе, мынадай қорытынды жасауға болады экспериментті айқындаушы кезеңінде бақылау және эксперимент топтарындағы болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсының қалыптастырудың даму деңгейі айтарлықтай ерекшеленеді: барлық анықталған критерийлер мен көрсеткіштер бойынша шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсының қалыптасуының даму еңгейі едәуір жоғары. Демек, бұл өзгерістер тәжірибелік-эксперименттік оқытуда шеттілдік білім беруде құрылымдық-мазмұндық моделді қолданысқа енгізуге болады деген тұжырымдама айтуға болады.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік үшінші тарауын қорытындылай отырып, бірқатар тұжырымдар жасалды.

Біріншіден, болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыру тиімділігінің тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарын өткізу мақсатында болашақ дипломаттардың кәсіби дискурста қарым-қатынас жасауға дайындығын

тексеру, оның ішінде берілген мамандықтың терминологиясын білу деңгейін анықтау, кәсіби тақырыпта презентация құру мүмкіндігін тескеру, кәсіби дискурсты ұйымдастыру және басқару дағдыларын бақылау, мамандық аясында кездесетін мәселелер бойынша мамандармен рөлдік қатынасқа түсу мен сөйлесу қабілеттерін тексеру үшін эксперименттік топтарды іріктеу, бақылау және тәжірибеде тексеру маңызды.

Екіншіден, болашақ дипломат мамандардың кәсіби-бағытталған өзгетілдік шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру тиімділігі оларды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың мәні ғылыми-теориялық тұрғыдан анықтап және кәсіби оқытудың даму сатыларын жүйелеу, болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын ғылыми-әдістемелік негізінде қалыптастыруға көмектеседі. Бұл мақсатта тиімді болжамдар жасау мен қажетті әдістемелерді таңдау аса маңызды (3.1 бөлім).

Үшіншіден, тәжірибелік оқыту мақсатына жету үшін алдымен тәжірибелік-эксперименттік оқыту үрдісін тиімді жүзеге асыру үшін бірқатар маңызды шарттарды орындау қажет. Олардың ішіне: сыналушыларды іріктеу, тәжірибе материалының жұмыс түрлерін нақтылау, тәжірибе жұмысының өткізілу уақытын белгілеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижесін талдау, кезеңдерін белгілеу, жұмыс гипотезасын тұжырымдау; зерттеудің мақсаттарын айқындау; эксперименттік жұмысқа диагностикалық және оқу материалдарын дайындау және т.б.

Төртіншіден, зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес жүргізілген «Шеттілдік дискурс коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курс» болашақ дипломаттарды даярлауда қажеттілігі дайындалды. Курс бағдарламасы болашақ дипломаттарды шеттілдік мәдениетаралық қарым-қатынасты бағалау деңгейлерін дамытуда, болашақ мамандардың өзін-өзі қатысымдық бақылау деңгейлерін арттыруда, өзге ұлттардың мәдениетаралық айырмашылықтарды бағалай алу қабілеттерін жоғарылатуда, болашақ дипломаттарды қарым-қатынас дағдыларына үйретуде, қақтығысқа бейімділік деңгейлерін төмендетуде, қақтығыстан шығу жолдарын анықтауда, болашақ мамандардың кәсіби бағдарлану деңгейлерін арттыруда оқытушыларға тиімді құралы бола алады. Ол болашақ дипломаттармен тәжірибелік экспериментке дейінгі және кейінгі жұмыс нәтижелері бойынша дәлелденді:

- болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық қарым-қатынасты бағалау деңгейлерінің көрсеткіштері арнайы курстан кейін артты. Бұл «Шеттілдік дискурс коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курс» атты бағдармасының тиімділігін көрсетеді.

- болашақ дипломат мамандардың «Қарым-қатынаста өзіндік бағалау деңгейлерін анықтау» атты құрал бойынша эксперименттен кейінгі көрсеткіштері 76,6-ден жоғары деңгейді көрсетті.

- болашақ дипломат мамандардың «Мәдениетаралық айырмашылықтарды бағалай білу қабілетін анықтау» сауалнамасының нәтижелері бойынша эксперименттен кейінгі көрсеткіштер 84,6-ден жоғары екендігін анықтады. Бұл жүргізілген эксперименттің жұмыстардың тиімділігін толық дәлелдейді.

- «Сіз сөйлей және тыңдай білесіз бе?» сауалнамасының нәтижелері бойынша эксперименттен кейінгі көрсеткіштер 91,2-ден жоғары.

- болашақ дипломаттардың «Сіз қақтығысқа жақын адамсыз ба?» сауалнамасы бойынша эксперименттен кейінгі көрсеткіштер 0-ден төмен. Бұл кері болжамның дәлелденуі болашақ дипломаттардың қақтығысқа бейімділіктерінің едәуір төмендегенін дәлелдейді.

- Бесіншіден, алынған нәтижелердің оң болуы «Шеттілдік дискурс коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік курсының» үш модулі бойынша ұйымдастырылды. Курс интеграциялық ұстаным негізінде болашақ дипломат мамандардың курс бойынша шеттілдік дискурста мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда жалпы ақпараттану деңгейлері мен коммуникативтік іскерліктерін анықтау, тақырып бойынша ғылыми-әдіснамалық білім деңгейлерін жетілдіру, коммуникативтік құзыреттіліктері мен қарым-қатынас іскерліктерін дамыту және зерттеудің дамытушы бағдарламасына сәйкес курсының нәтижелілігіне сараптама жүргізу шараларын қамтыды.

Сонымен бірге курс барысында рефлекспрактикумдар мен жаңаша бағыттағы тест-фреймдер жүргізілді. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері аталмыш курстың мақсатқа жеткендігін, болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың тиімділігін дәлелдеп берді.

Қорытындылап айтқанда, «Шеттілдік коммуникациясына бағытталған кәсіби тілдік» атты бағдарламасы болашақ дипломаттарды даярлаудағы шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруда лингводидактикалық проблемаларды шешудің маңызды және тиімді факторы болып табылды.

Сонымен өткізген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс зертеудегі болжамды растап, дәлелдеуге мүмкіндік берді. Болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы дәлелденді және зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар мен тұжырымдар жасалды.

Зерттеу тақырыбы өзекті, оның барлық салаларын жеткілікті дәрежеде қамту мүмкін емес, сондықтан қарастырылып отырған зерттеу мәселесі толығымен шешімін тапты деуге болмайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуы жағдайында шетел тілінде қарым-қатынас жасау және шеттілдік білім беруде мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты дамытудың жаңа тәсілдерін іздеу өзекті бола түсуде. Болашақ дипломаттарды даярлаудың мазмұны мен деңгейіне қойылатын мемлекеттік талаптарды орындау үшін, атап айтқанда болашақ дипломаттар кәсіби коммуникация саласында ауызша және жазбаша шетел тілінде еркін сөйлеу деңгейіне жету қажет.

Еліміздің халықаралық аренада және дипломатиялық қатынастар жүйесіндегі байланыстардың кеңеюі, кәсіби мамандардың осы саладағы тапшылығы мен қажеттілігін тудырды. Яғни, бұл құрамға сыртқы істер министрлігі қызметкерлері және олармен тығыз жұмыс істейтін шекара, қорғаныс орындарының қызметкерлері енгізілді. Қазіргі таңда, бұл құрамға дипломаттар, тілшілер және шетелдік сапарлармен, шетелдік серіктестерді қабылдаумен байланысты қызметкерлер де жатады. Демек, болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруға бұл өзгерістер тікелей әсер ете отырып, күрделене түсуде. Яғни мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындық кезінде бірінші кезекте шетел тілін мамандыққа байланысты интеграциялды түрде үйрету қажеттігі туындайды.

Бірінші зерттеу міндеті келесідей шешілді, яғни, ғылыми еңбектерді талдау болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми әлеуетін көрсетеді. Бұл зерттеу мақсатын тұжырымдауға мүмкіндік берді және болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізін анықтап, құрылымдық компоненттерін айықындаудың тиімділігін дәлелдеді. Дипломаттарға, соның ішінде жас мамандарға қойылатын білікті талаптар:

- шетел тілдерін жоғарғы деңгейде меңгеру және мемлекетіміздің конституциясы мен «Дипломатиялық қызмет» туралы заңына, халықаралық келісімдерді өз деңгейінде асыра білу;
- өз ұлтының мүддесі мен қауіпсіздігін сақтау жолдарын білу;
- ақпараттық технологияларды жақсы игеріп, ағымдағы мәліметтерді кәсіби деңгейде талдай алу;
- кәсіби білікті маман өзін этикалық жағына өзін дамыта отырып, дискурс дамыту барысында, ұжыммен коммуникативтік дискурсқа түскен кезде сыйластық қатынасты және қарапайымдылықты қатаң сақтауға міндетті.

Зерттеу жұмысында көрсетілген талаптар, әлеуметтік тапсырыс талаптарын негізге ала отырып болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптасу қажетті деңгейін айқындады.

Сонымен, дипломат мамандардың кәсіби іс-әрекетінің шеттілдік даярлаудағы талаптары кәсіби іс-әрекетінің талаптарына сәйкестендіріледі, ол талаптары оқыту бағдарламаларында анықталып жүзеге асырылады.

